



Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Конституциясы 40-бабының 1-тармағына сәйкес
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, сондай-ақ Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мүдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманың орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынсын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 1021 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың

2030 жылға дейінгі

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ Астана қ., 2022 ж.

Мазмұны:

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

4-бөлім. Қаржы секторын дамытудың пайымы

5-бөлім. Қаржы секторын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (қосымша)

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 21-4903 тапсырмасы
Әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар және ұйымдар	Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, орталық атқарушы органдар, ұйымдар
Іске асыру мерзімдері	2022 - 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Қаржы секторының ағымдағы жағдайы

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі банктер негізге алынған модельмен сипатталады. Қаржы жүйесі активтерінің негізгі үлесі банк секторында шоғырландырылған. Қаржы жүйесі активтерінің шамамен 78%-ы - банк секторына, 8%-ы - Қазақстанның Даму Банкіне, қалған 14%-ы қаржы нарығының қалған секторларына тиесілі.

Қаржы институттары* активтерінің құрылымы, %

(мемлекеттік зейнетақы қорларын есептемегенде)



Дереккөздері – Реттеушілік есептілік, The Global Competitiveness Report 2019, Ресей, Польша және Чехия орталық банктерінің ресми сайттары

*Қаржы институттарына Қазақстанның Даму Банкі енгізілген, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше мәртебеге ие және қаржылық қызметтерді реттеушінің лицензиясыз жүзеге асыратын даму институттарына жатады.

Қаржы секторы активтерінің серпінді өсуі байқалады - 2017 жылдан бері қаржы жүйесінің жиынтық активтері 44,3 трлн теңгеге дейін 74,5%-ға, банктердің активтері 37,6 трлн теңгеге дейін 56%-ға, қалған қаржы ұйымдарының активтері 6,7 трлн теңгеге дейін 190,5%-ға ұлғайды.


Қазақстанда бизнесті қаржыландыруды қаржы ұйымдарымен қатар рөлі айтарлықтай өсіп келе жатқан квазимемлекеттік сектор субъектілері тікелей жүзеге асырады. Мәселен, Қазақстан Даму Банкінің активтері 2017 жылдан бері 2,5 трлн теңгеден 3,7 трлн теңгеге дейін 48,2%-ға ұлғайды.



Дереккөздері – Реттеушілік есептілік

*Қаржы институттарына Қазақстанның Даму Банкі енгізілген, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше мәртебеге ие және қаржылық қызметтерді реттеушінің лицензиясыз жүзеге асыратын даму институттарына жатады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша қаржы институттары (Қазақстанның Даму Банкі есептегенде) активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 57% болды, бұл экономикалық даму сатылары ұқсас елдердің көрсеткіштерінен әлдеқайда аз және одан әрі өсу әлеуетінің бар екенін көрсетеді.




Дереккөздері – Реттеушілік есептілік, Ресей, Түркия, Польша, Чехия және Қытай орталық банктерінің ресми сайттары 2021 жылғы қаржы секторы активтерінің Қазақстанның ЖІӨ-ге қатынасы

2017 жылдан бастап елдің ЖІӨ құрылымында қаржы секторының жалпы қосылған құнының өсуі байқалады. 2017-2021 жылдар аралығындағы кезеңде қаржы секторының экономикаға қосқан үлесі 2 трлн теңгеден 2,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Басқа салалардағы озыңқы қарқынның нәтижесінде қаржы секторының ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құнының үлесі 2017 жылғы 3,7%-дан 2021 жылы 2,9%-ға дейін төмендеді.



Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) 2019 жылы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті бағалау шеңберінде жүргізілген соңғы зерттеуінің нәтижелері бойынша халықаралық тұрғыдан салыстырғанда Қазақстан қаржы жүйесінің даму деңгейі жоғары емес. Бағалау жүргізу сәтінде жұмыс істемейтін қарыздардың (NPL) жоғары деңгейі, жекелеген банктердің орнықтылық проблемалары және сақтандыру сыйлықақыларының төмен деңгейі негізгі тежеуші факторлар болды.

Қазақстанның «Global Competitiveness Report 2019» рэнкингіндегі орны



Дереккөздері – The Global Competitiveness Report 2019

Дегенмен, көрсетілген бағалау жүргізілгеннен кейін банк секторының орнықтылығын арттыру бойынша бірқатар жүйелі шаралар іске асырылды, оның ішінде 2019-2020 жылдары банк секторының активтерін тәуелсіз бағалау және стресс-тестілеу жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша қадағалау шаралары қабылданды және жұмыс істемейтін қарыздар деңгейі айтарлықтай - 2019 жылғы 8,1%-дан 2021 жылы 3,3%-ға дейін төмендеді. Халықаралық қаржы ұйымдары мен рейтингтік агенттіктер қаржы секторын нығайту шаралары бойынша оң баға берді. Мәселен, 2021 жылғы миссияның қорытындысы бойынша ХВҚ қорытындысында 2019 жылы активтердің сапасын тексеру және одан кейінгі қадағалап араласудың арқасында банк жүйесі банктер өтімділігінің және капиталдандыруының жоғары көрсеткіштерін сақтай отырып, COVID-19-дан туындаған күйзелістің әсерін жақсы еңсергені атап өтілді.

Жаһандық геосаяси ахуалдың өзгеруі 2022 жылдан бері қаржы секторына әсер етуде. Дегенмен, қаржы секторы тұрақты жұмыс істеуін жалғастыруда, бұл халықаралық рейтингтік агенттіктердің бағалауларымен расталады. 2022 жылғы маусымда Fitch Ratings Қазақстанның тәуелсіз рейтингін "BBB" деңгейінде тұрақты болжаммен растады, бұл банк секторының санкциялармен байланысты әлеуетті тәуекелдерді есептегенде тұрақты болуымен де байланысты.

Банк секторы

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 22 банк жұмыс істейді, оның 14-і шетел қатысатын, оның ішінде 11-і екінші деңгейдегі еншілес банк.

Орын алған шоғырландыру, сондай-ақ дәрменсіз банктердің лицензияларын кері қайтарып алу нәтижесінде проблемалы активтерінің көлемі айтарлықтай әрі тәуекел-менеджменті тиімсіз қатысушылар нарықтан кетті.

2017 жылдан бергі кезеңде Банк жүйесінің активтері ЖІӨ-ге қатысты 45%-дан 46%-ға дейін өсіп, 37,6 трлн теңге болды. Бұл ретте бүкіл сектор активтерінің шамамен 66%-ы 5 банкке тиесілі. 2022 жылдың басында Қазақстанның банк секторы бойынша Герфиндаль-Хиршман (НН) индексі 1407 болды (қалыпты-шоғырландырылған нарық).



Дереккөздері – Реттеушілік есептілік

2017 жылдан бері экономикаға кредиттер 18,5 трлн теңгеге дейін 26,5%-ға өсті. Экономикаға кредиттер құрылымында бөлшек кредит беру үлесінің ұлғаюы байқалады. Корпоративтік сектор кредиттері үлесінің төмендеуі даму институттары тарапынан бизнеске тікелей кредит берудің ұлғаюына байланысты - экономиканы кредиттеу статистикасына енгізілмейтін Қазақстан Даму Банкінің кредиттері 2017 жылдан бері 1,9 трлн теңгеге дейін 27%-ға өсті. Бұдан басқа корпоративтік кредиттердің төмендеуі банк секторын проблемалы қарыздардан тазарту шараларына, дәрменсіз және жосықсыз қарыз алушылардың қарыздарын есептен шығаруға, сондай-ақ дәрменсіз банктерді таратуға байланысты болды.


Экономикаға кредиттер



Дереккөздер: Ақша-кредит статистикасы

2021 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ-қа қолдау көрсету шараларын іске асыру нәтижесінде ШОБ қарыздарының портфелі 29%-ға өсті, бұл ретте ірі бизнеске кредиттер 3%-ға төмендеді. 2017 жылдан бері ШОБ-тың заңды тұлғаларға берілген кредиттер портфеліндегі үлесі 53%-дан 60%-ға дейін ұлғайды.

Корпоративтік секторға кредиттер, трлн теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Жеке тұлғалар кредиттерінің өсуінің негізгі қозғаушы күші тұтынушылық қарыздар болып табылады, олар 2017 жылдан бері 110%-ға өскен. 2020 жылдан бастап

ипотекалық кредит берудің белсенді өсуі де байқалады, 2019-2021 жылдары оның жеке тұлғаларға берілген кредиттердегі үлесі 27%-дан 31 %-ға дейін өсті.

2017 жылдан бері ипотекалық кредиттеу көлемі 3 еседен астам өсті.

2018 жылдан бастап "7-20-25", "Баспана Хит" жеңілдік берілген тұрғын үй кредиттеу бағдарламаларының іске қосылуы, сондай-ақ 2021 жылы тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану құқығының берілуі ипотекалық кредит берудің өсуінің негізгі факторы болды.



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Банк секторын қалыпқа келтіру шаралары банктер портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің 2017 жылғы 9,3%-дан 2021 жылдың қорытындысы бойынша 3,3%-ға дейін біртіндеп қысқаруына ықпал етті.



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Клиенттердің депозиттері банктерді қорландырудың негізгі базасы болып қалуда.

2017 жылдан бері депозиттердің көлемі 27,1 трлн теңгеге дейін 54,7%-ға ұлғайды. 2017 жылдан бері депозиттердің банктер міндеттемелерінің құрылымындағы үлесі 79% деңгейінде сақталып отыр. 2017 жылдан бері жеке тұлғалардың салымдары 13,4 трлн теңгеге дейін 63,0%-ға ұлғайды. Нәтижесінде 2017 жылдан бері бөлшек салымдардың жалпы салымдар көлеміндегі үлесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 43%-дан 49%-ға дейін ұлғайды.

2018 жылы депозиттік өнімдердің түрлері заңнамалық тұрғыдан кеңейтілді және салымдардың жаңа түрі - жинақ салымдары енгізілді. Салымдардың осы түрі бойынша мерзімінен бұрын алуға белгіленген елеулі шектеулер салымдардың басқа түрлерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары мөлшерлеменен өтеледі. 2018 жылдың соңында іске қосылған сәттен бастап жинақ салымдарының көлемі 2022 жылғы 1 қаңтарға 1,07 трлн теңгеге немесе барлық салымдардың 7,9%-на дейін өсті.

Банк секторының орнықтылығы меншікті капиталдың 4,5 трлн теңгеге жеткен жеткілікті көлемімен қамтамасыз етіледі. 2017 жылдан бері банктердің меншікті капиталы 51%-ға ұлғайды, нәтижесінде k1 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні жүйе бойынша 17%-дан 19%-ға дейін, k2 коэффициентінің мәні 22%-дан 23%-ға дейін ұлғайды. Жұмыс істемейтін активтерді азайтуға көңіл бөле отырып, банк секторын қалыпқа келтіру банктерді капиталдандыру деңгейінің жақсаруының негізгі факторлары болды.

Сақтандыру секторы

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 27 сақтандыру ұйымы, оның ішінде өмірді сақтандыратын 9 ұйым жұмыс істейді. Нарықта мемлекет 100% қатысатын 2 сақтандыру ұйымы, 9 сақтандыру брокері және 60 актуарий жұмыс істейді.

2017 жылдан бері сақтандыру ұйымдарының активтері 1,8 трлн теңгеге дейін 97%-ға өсті, оның ішінде 1 трлн теңге - жалпы сақтандыру саласы бойынша сақтандыру ұйымдарының активтері, 0,8 трлн теңге - өмірді сақтандыру саласы бойынша сақтандыру ұйымдарының активтері. Сақтандыру ұйымдары активтерінің серпінді өсуіне қарамастан, олардың ЖІӨ-ге қатынасы төмен күйінде қалып отыр - 2017 жылғы 1,7%-дан 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2,2%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте бүкіл сектор активтерінің шамамен 62%-ы 5 сақтандыру ұйымына тиесілі. 2022 жылдың басында Қазақстанның сақтандыру секторы бойынша Герфиндаль-Хиршман индексі 983 болды (аз шоғырландырылған нарық).

Сақтандыру ұйымдары активтерінің өсуіне ерікті сақтандыру сыныптары бойынша жаңа сақтандыру өнімдерінің енгізілуі, онлайн-сақтандырудың дамуы, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып зейнетақы аннуитеті шартын жасасу мүмкіндігінің заңнамалық деңгейде берілуі айтарлықтай әсер етті.



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

2021 жылы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайып, 699 млрд теңге болды. Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы 0,6%-дан 0,8%-ға дейін аздап ұлғайды.

Сақтандыру сыйлықақылары, млрд теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Сыйлықақылар көлемінің халықтың адам басына шаққандағы көрсеткіші 77%-ға өсіп, 36 мың теңгені құрады.

Жеке ерікті сақтандыру сыйлықақылардың өсуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Жеке ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сыйлықақылар көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғайып, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 300 млрд теңге болды. Соның нәтижесінде жеке ерікті сақтандырудың сыйлықақылар құрылымындағы үлесі 28%-дан 43%-ға дейін ұлғайды. Өз кезегінде өсу, негізінен, зейнетақы аннуитеті қолжетімділігінің өсуіне, өмірді сақтандыратын ұзақ мерзімді жинақтау өнімдері бойынша салықтық жеңілдіктердің берілуіне және жаңа сақтандыру өнімдерінің енгізілуіне байланысты болды.

Мүлікті сақтандырудың сақтандыру сыйлықақыларының құрылымындағы үлесі 2017 жылғы 49%-дан 2021 жылдың қорытындысы бойынша 38%-ға дейін қысқарды. Міндетті сақтандыру бойынша сыйлықақылар үлесі жеке ерікті және мүлікті сақтандырумен салыстырғанда шамалы деңгейде қалып, 19%-ды құрайды.

Сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы,



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылардың көлемі 2017 жылдан бері 18%-ға азайып, 107 млрд теңге болды. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2017 жылғы 37%-дан 2021 жылдың қорытындысы бойынша 15%-ға дейін төмендеді. Оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне сыйлықақылардың 92%-ы қайта сақтандыруға берілді. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар көлемінің 2018 жылдан бері қысқаруы сақтандыру ұйымдарының сақтандыру тәуекелдерін өз бетінше тежеуі бойынша мүмкіндігінің артуына, сондай-ақ қайта сақтандыру жөніндегі мәмілелердің ашықтығына қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты болды.

Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар, млрд теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Сақтандыру шарттары бойынша жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі 2017 жылдан бері 127 млрд теңгеге дейін 55%-ға ұлғайды. Сақтандыру төлемдерінің ең жоғары көлемі 2019 жылы - 218 млрд теңге болды, ол мүлікті залалдан сақтандыру сыныбы бойынша ірі шығынның болуына байланысты болды.

Соңғы 5 жылда төлемдер коэффициенті өмірді жинақтаушы сақтандыру бойынша болашақ кезеңдердің төлемдерін есептемегенде 18% - 47% аралығында болды.



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша сақтандыру резервтерінің көлемі 2017 жылдан бері 94%-ға ұлғайып, 892 млрд теңгені құрады, бұл көрсетілген кезеңде сақтандыру сыйлықақыларының өсуіне байланысты болды.



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нарықта 38 брокер, 19 басқарушы компания, 51 инвестициялық қор, 9 кастодиан банк, 2 трансфер- агент, орталық контрагент функциясын орындайтын KASE қор биржасы, орталық депозитарий және сауда репозиторийі жұмыс істейді. Бұдан басқа, АХҚО юрисдикциясында АХҚО биржасы - АІХ және АХҚО биржасының орталық депозитарийі - АІХ CSD жұмыс істейді.

Елдің қор нарығын 2017 жылдан бері MSCI, FTSE және S&P индекстерінің халықаралық қызметтері "Шекара маңы нарықтары (Frontier Markets)" ретінде сыныптайды. MSCI, FTSE және S&P индекстерінде Қазақстанның позициясын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жиынтық активтері бес жыл ішінде 2,7 есе ұлғайып, 505,1 млрд теңгені құрады, басқарудағы активтер 3,1 есе ұлғайып, 1,0 трлн теңгені құрады. Активтердің өсуіне қаржы құралдары құнының өсуі және инвестициялардың әкелінуі ықпал етті.

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар активтерінің шамамен 80,2%-ы 5 кәсіби қатысушыға тиесілі. 2022 жылдың басында Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы бойынша Герфиндаль-Хиршман индексі 1807 болды, бұл оны қалыпты-шоғырландырылған нарық ретінде сипаттайды.



Биржалық көрсеткіштердің тұрақты өсуі байқалады, бұл қор нарығының ел экономикасын қаржыландырудағы рөлінің артқанын айғақтайды. 2022 жылдың басында Қазақстан қор биржасын (KASE) капиталдандыру 2017 жылдан бері 73%-ға ұлғайып, 44,2 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 52,6%-ды құрады.

KASE-ні капиталдандыру, трлн. теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік, KASE ресми сайты

Облигациялар нарығының өсу қарқынын сақтаудың негізгі факторы квазимемлекеттік сектор және екінші деңгейдегі банктер тарапынан қарыз алу көлемінің ұлғаюы болып табылады.

Бөлшек инвесторлар белсенділігінің төмен болуы Қазақстан қор нарығының белсенді дамуына кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі болып табылады. Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғалар шоттарының саны 5 жыл ішінде 218 мың шотқа дейін 107 мыңға ұлғайды, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 2,5%-ын құрайды. Бөлшек инвесторлардың қор нарығына деген қызығушылығының төмен болуы сауда-саттыққа түсетін бағалы қағаздар өтімділігінің төмен болуына және сапалы эмитенттердің бағалы қағаздары ұсынысының шектеулі екеніне байланысты.

2017 жылдан бері Қазақстанда FEAS Еуропа және Азия қор биржалары федерациясының мүшесі болып табылатын АХҚО - АІХ биржасы жұмыс істейді. АІХ тобына күн сайынғы қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларға, бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуларға және депозитарлық қызметке, сондай-ақ акционерлердің орталық тізілімін сақтауға және ұстап тұруға жауап беретін АІХ CSD бағалы қағаздардың орталық депозитарийі және АІХ Registrat тіркеушісі кіреді.

АІХ ресми тізіміне 86 эмитенттің бағалы қағаздарының 136 шығарылымы кірді. 2021 жылы АІХ бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі 134,3 млрд теңгені құрады.


2021 жылдың қорытындысы бойынша АІХ-тің 35 сауда мүшесі АІХ биржасына тікелей қолжетімділік береді, оның 12-сі шетелдік болып табылады. Сол күні АІХ CSD-дегі шоттар саны 160,5 мың шотты құрады. Бұл ретте, осы шоттардың негізгі бөлігі Агенттіктің АІХ-қа қашықтан мүшелігі бар брокер-лицензиаттардың клиенттеріне тиесілі.

Микроқаржыландыру нарығы

2020 жылдан бастап Агенттіктің реттеу аясына барлық банктік емес кредиттік ұйымдар, оның ішінде кредиттік серіктестіктер, ломбардтар және онлайн-кредиторлар енгізілді, ал 2021 жылдан бастап микроқаржылық қызметті лицензиялау енгізілді.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша микроқаржыландыру нарығында 1 066 субъект, оның ішінде 242 микроқаржы ұйымы, 605 ломбард және 219 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асырады.

МҚҚЖҰ-ның жиынтық активтері 2015 жылдан бастап 21 есе ұлғайып, 1,6 трлн теңгені құрады. Активтердің өсуімен қатар микроқаржы секторының міндеттемелері мен меншікті капиталы да ұлғайды. 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша микроқаржы ұйымдары секторында Герфиндаль-Хиршман (НН) индексі 1033 (қалыпты-шоғырланған), кредиттік серіктестіктер - 896 (төмен-шоғырланған), ломбардтар - 550 (төмен-шоғырланған) құрады.




Микрокредиттеу нарығы экономиканы қаржыландыруда және жеке кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

МҚҚЖҰ-ның реттеу аясының кеңеюіне, сондай-ақ барлық микроқаржыландыру субъектілерін кредиттеу статистикасына енгізуге орай микрокредиттер портфелі 1,4 трлн теңгеге дейін 350%-ға өсті. 2019 жылы МҚҚЖҰ портфелінің құрылымы тек МҚҰ-ның қарыздарын ғана қамтыған, ал 2020 жылдан бастап онлайн-кредиторлардың, кредиттік серіктестіктердің және ломбардтардың қарыздары ескерілген.

Микрокредиттердің жалпы портфелінде қарыздардың негізгі үлесі - 54% немесе 743 млрд теңге МҚҰ-ға тиесілі. Кредиттік серіктестіктердің портфелі 498 млрд теңгені (36%) құрайды, ломбардтарға 132 млрд теңге (10%) тиесілі.


Микрокредиттер портфелі, млрд теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

Қарыз алушылардың құрылымында жеке тұлғаларға берілген қарыздардың үлесі 51%-ды немесе 696 млрд теңге құрайды. Кәсіпкерлік мақсаттарға берілген қарыздардың үлесі 49%-ды немесе 677 млрд теңге құрайды.

Микрокредиттердің құрылымы, млрд теңге



Дереккөздері: Реттеушілік есептілік

МҚҚЖҰ негізінен өңірлік деңгейдегі филиалдар және бөлімшелер желісі арқылы ұсынылған және оның ауылдық жерлерде қалыптасқан клиенттік базасы бар.

2.2. Қаржы секторын реттеу мен дамытудағы негізгі жетістіктер

Соңғы жылдары қаржы секторын дамытуда маңызды нәтижелерге қол жеткізілді:

1) тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту және күйзелістер кезеңінде банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Базель III стандарттары енгізілді. 2015 - 2019 жылдар аралығында банк секторының Базель III күшейтілген пруденциялық стандарттарын сақтауға кезең-кезеңімен көшуі жүзеге асырылды. Өтпелі кезең ішінде банктер капиталының резервтерін қалыптастыру үшін үш күрделі буферге (консервациялық, контрциклдық және жүйелі) қойылатын талаптар енгізілді, нарықтық тәуекелдерді бағалаудың жаңа әдіснамасы және банктердің тәуекел менеджменті мен ішкі бақылауына қойылатын реттеушілік талаптар топтамасы қабылданды. Дағдарыстар кезеңінде өтімділік қорын

қамтамасыз ету үшін өтімділіктің екі нормативі - өтімділікті өтеу коэффициенті (LCR) және нетто тұрақты қорландыру коэффициенті (NSFR) енгізілді.

Бұл тәуекелдерді басқару сапасын, банктердің капитал резервтері мен өтімділігін жүйелік деңгейде күшейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі халықаралық сарапшылар, жаһандық инвесторлар және кредиттік-рейтингтік агенттіктер жүргізетін банк секторын бағалау кезінде негізгі фактор болып табылады;

2) қаржы нарығының секторларында қадағалаудың және уәжді пайымдаудың тәуекелге бағдарланған моделі енгізілді.

Қадағалау процесінде формальды тұрғыдан қарауды болдырмау мақсатында 2019 жылы банктерді тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесі енгізілді. Тәуекелге бағдарланған тәсіл моделі банктік тәуекелдерді жеке негізде жан-жақты бағалауды және банктің орнықты жұмысын қамтамасыз ету үшін кейіннен қадағалау шараларын іске асыруды қамтамасыз ететін кешенді қадағалау процесі түрінде іске асырылды.

Тәуекелге бағдарланған қадағалаудың орталық элементі Еуропалық одақтың SREP қадағалау моделі болып табылады, ол банктердің қаржылық жай-күйінің теріс өзгерістерін олардың алғашқы пайда болу кезеңдерінде анықтауға мүмкіндік береді. Тәуекелге бағдарланған тиімді қадағалаудың негізгі шарты реттеушінің жағдайға жеделден қою үшін уәжді шешім қабылдау мүмкіндігі болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын (бұдан әрі - БҚНҚК) тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесіне көшу іске асырылуда. Тәуекелге бағдарланған қадағалаудың қағидаттары мен құралдары заңнамалық деңгейде айқындалған, олар БҚНҚК-ның қызметіндегі тәуекелдер мен қатерлерді ерте кезеңде сәйкестендіруге және БҚНҚК-ның қаржылық жай-күйінің нашарлауын күтпестен, оларға уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Сақтандыру ұйымдарына қатысты тәуекелге бағдарланған қадағалаудың автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Компания операцияларының ерекшелігі, қызметінің сипаты мен ауқымы ескеріліп есептелген тәуекелдерді сапалық және сандық тұрғыдан бағалау көрсеткіштерінің негізінде сақтандыру ұйымының жеке қадағалау рейтингі және оған сәйкес келетін реттеушілік қадағалау талаптарының кешені айқындалады.

Бұған қоса, 2020 жылы тәуекелдерді басқару, капитал мен резервтердің жеткіліктігі рәсімдерін жақсарту үшін IRIS халықаралық ақпараттық жүйесінің (Insurance Regulatory Information System) реттеушілік есептілігінің стандарттарына сәйкес әзірленген сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерді дербес бағалау жүйесі енгізілді;

3) ХҚЕС 9 "күтілетін шығындар" моделі негізінде қаржы құралдарының құнын бағалаудың жаңа стандарты енгізілді. 2018 жылы банк секторы қаржы құралдарының құнын бағалау кезінде "шегілген шығындар" ХҚЕС (IAS 9) моделінен "күтілетін

шығындар" (IFRS 9) моделіне көшті. ХҚЕС 9 енгізу қаржы активтерін бастапқы тану кезінде және кезеңдік негізде күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға мүмкіндік береді;

4) банктер активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау (AQR) жүргізілді. AQR банктердің активтерін және капиталының жеткіліктігін егжей-тегжейлі тексерудің жалпыға бірдей танылған халықаралық практикасы болып табылады. AQR-ды AQR бойынша практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз, халықаралық консультант жүргізді, бұл халықаралық инвесторлар мен кредиторлар тарапынан банк жүйесіне деген сенімді қалпына келтіру үшін бағалаудың объективтілігінің негізгі шарты болып табылады.

2019 жылы Қазақстанда жүргізілген AQR қазақстандық негізгі банктердің жай-күйіне толыққанды диагностика жасауға, оның ішінде жұмыс істемейтін активтердің деңгейін және әлеуетті залалдарды, капитал жеткіліктілігінің нақты деңгейін бағалауға, сондай-ақ акционерлердің меншікті қаражаты есебінен банктерді толық капиталдандыру және қалыпқа келтіру жөніндегі реттеушілік талаптарды негіздеуге мүмкіндік берді;

5) проблемалы банктерді анықтау және реттеу процесі жетілдірілді. 2019 жылдан бері күшіне енген проблемалы банктерді реттеудің жаңа режимі проблемалы банктерді анықтауға және проблемалы банктерді олардың қаржылық жай-күйіне байланысты сыныптауға мүмкіндік береді. Мұндай банктердің капиталын арттыру мерзімі заңнамалық деңгейде белгіленді.

Реттеушіге төлемге қабілетсіз банктерді реттеу құралдарын - активтер мен міндеттемелерді беруді (P&A) және төлемге қабілетсіз банктердің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдауды (bail-in) қоса алғанда, жүйелік салдарлар мен мемлекеттік залалдарды барынша азайта отырып, төлемге қабілетсіз банктерді жедел реттеу бойынша толық мандат берілді;

6) тұтынушылық кредиттеуде кредиттік тәуекелдерді шектеу жөнінде шаралар қабылданды. Микроқаржыландыру сегментінде азаматтарға қарыздар беретін субъектілерді кезең-кезеңмен реттеу қатаңдатылды. 2020 жылдың соңына дейін микрокредиттеу нарығының барлық қатысушылары, оның ішінде классикалық МҚҰ, онлайн-кредиттеу ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар ретінде есептік тіркеуден өтті. 2021 жылы микроқаржы ұйымдарын лицензиялау аяқталды.

2020 жылдан бастап төлемге қабілетсіз қарыз алушыларға қарыздар беруге жол бермеу, сондай-ақ қарыз алушылардың борыш жүктемесін азайту үшін реттеуші шаралар топтамасы іске асырылды. Кредит бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінен 90 күн өткеннен кейін сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеуге заңнамалық деңгейде салынған тыйым қолданылуда.

2020 жылдан бастап кірісі және қарыз алушының борыш жүктемесінің деңгейі (бұдан әрі - БЖК) күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға тұтынушылық қарыздар

беруге нормативтік реттеу шеңберінде шектеу енгізілді. 2022 жылдан бастап БЖК пруденциялық норматив мәртебесіне ие, оған сәйкес қарыз алушының барлық кредиттері бойынша ай сайынғы төлемдер оның ай сайынғы кірісінің 50%-нан аспауға тиіс.

Бұған қоса банктерге халықты кепілсіз кредиттеу бойынша агрессивті саясат жүргізу тұрғысынан кері ынталандыру шаралары қабылданды. Ол үшін банктер капиталының жеткіліктілігін есептеу кезінде қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар бойынша саралау-тәуекелі 2 есе арттырылды;

7) жаңа өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сынақтан өткізу үшін икемді реттеуші орта құрылды. Қаржы нарығын реттеудің икемділігін қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, жаңа қаржы өнімдерін енгізу үшін реттеудің ерекше режимін ("реттеуші орта") енгізу мүмкіндігі көзделген. Реттеуші орта қаржы ұйымдары мен қаржылық емес ұйымдардың белгілі бір мерзімде ерекше құқықтық режимде, оның ішінде жаңа көрсетілетін қызметтер мен қаржы құралдарын енгізу мақсатында жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қаржы делдалдары мен тұтынушылардың шығасыларын қысқартуға, сондай-ақ қаржы ұйымдарының қызметін кеңейтуге ықпал ететін болады;

8) бағалы қағаздар нарығының қатысушыларын реттеуге қойылатын талаптар ырықтандырылды. Бағалы қағаздармен операциялар жасау кезінде брокерлік қызметті қайта реттеу жөнінде шаралар қабылданды, брокерлердің, оның ішінде халықаралық және жергілікті капитал нарықтарындағы инвестициялық мүмкіндіктері кеңейтілді. 2016 жылдан бастап брокерлік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру процесі іске қосылды, нәтижесінде брокерлер үшін клиенттерге бағалы қағаздармен және қаржы құралдарымен сауда операцияларын жүргізуді қоса алғанда, электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша опция қолжетімді болды. Инвестициялық және венчурлік қорларды реттеуді ырықтандыру арқылы инвестициялаудың ұжымдық нысандарын жандандыруға бағытталған бірқатар заңнамалық шаралар іске асырылды, бұл инвестициялық қорлар активтерінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жекеше басқарушы компаниялардың басқаруына беру құқығы заңнамалық деңгейде көзделген.

Қор нарығының толыққанды инфрақұрылымы қалыптастырылды және жұмыс істеуде. Бағалы қағаздар нарығының қолданыстағы инфрақұрылымы бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды сауда-саттық операциялары мен сауда-саттықтан кейінгі операциялардың толық циклін жасау үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді;

9) қаржылық көрсетілетін қызметтерді цифрландыру және қашықтан көрсетілетін сервистерді енгізу жалғастырылды.

2020 жылғы қазаннан бастап брокерлердің мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, биометриялық сәйкестендіру арқылы брокерлік шарттарды қашықтан жасасу

тетігі, сондай-ақ банктердің брокерлік қызметтердің толық аясын көрсету мүмкіндігі іске асырылды. Бұл бөлшек инвесторлар санының жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сақтандыру нарығында шарттарды электрондық түрде жасау енгізілді. 2019 жылдан бастап сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру шарттарын жасасу электрондық нысанда көшірілді. Бүгінгі күнге автосақтандыру шарттарының 100%-ы электрондық форматта жасалады. Сақтандыру шарттарын электрондық тәсілмен жасау мүмкіндігі сақтандыру шарттарын жасау рәсімін жеңілдетуге және оңтайландыруға, сақтандыру қызметтерінің аумақтық қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2.3. Орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін басты проблемалар

1. Банк секторында банктердің және олардың еншілес ұйымдарының баланстарында стрестік активтердің жоғары деңгейі сақталуда, бұл банктердің капиталына қысым көрсетеді және экономиканы кредиттеуді одан әрі кеңейтуді тежейді. Жоғары кредиттік тәуекел кезінде маржаның жоғары болуына байланысты бөлшек сегментте банктік кредиттеудің шоғырлануы байқалады.

Банктік кредиттеу динамикасына сонымен қатар пассивтердің әлсіз әртараптандырылуы және тартылған ресурстар құрылымында мерзімділік пен тұрақтылықтың халықаралық стандарттарына сәйкес келмейтін қысқа мерзімді депозиттердің басым болуы қысым көрсетеді. Экономиканы долларсыздандыру бойынша жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан, шетел валютасындағы депозиттердің деңгейі айтарлықтай жоғары болып қалуда.

Төлемге қабілетті және қаржылық орнықты бизнес субъектілері санының шектеулі екені экономиканың нақты секторына кредит беруді тежейтін жүйелік деңгейдегі маңызды фактор болып табылады. Мәселен, ҰБ-ның бағалауына сәйкес ұзақ кезең ішінде (2008 - 2019 жылдар) ШОБ сегментінде кәсіпорындардың 40%-дан астамының теріс капиталы немесе 80%-дан асатын борыштық жүктемесі болған. Ірі бизнес бойынша кәсіпорындардың 36%-ның теріс капиталы болған не олар толық капиталдандырылмаған.

Аталған факторлар банктер үшін тәуекелдерге байланысты жаңа қарыздар алу мүмкіндігін және күтілетін кредиттік шығындарға қосымша провизиялар құру қажеттілігін шектейді. Банктер кредиттік тәуекелдерді барынша азайту үшін тәуекел-дәрежесін ескере отырып, қарыз алушыларға жоғары талаптар қалыптастырады және өтімді кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді.

Компаниялардың, әсіресе ШОБ субъектілерінің болашақта орнықты болатынын және кредитке қызмет көрсетуге қабілетін растайтын рейтингтік бағалары жоқ, бұл олардың қор нарығына шығу және борыштық қаржыландыру тарту мүмкіндіктерін төмендетеді.

2020 жылы бизнесті кредиттеудің төмендеуі коронавирус пандемиясына байланысты карантиндік шектеулер енгізу себебінен кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігінің төмендеуіне байланысты болды.

Бизнесті кредиттеуде мемлекеттің субсидиялары мен кепілдігі елеулі рөл атқарады. Тікелей мемлекеттік қаржыландыруды кеңейту және бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру нәтижесінде мемлекет банктердің орнын баса бастады және экономиканы нарықтық қаржыландыру қысқарды. Нарықтық емес мөлшерлемелер бойынша тікелей мемлекеттік қаржыландыру, сондай-ақ бизнестің кредиттері бойынша кепілдіктер беру және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау нарықтық баға белгілеуді бұрмалайды.

Оның үстіне, экономиканың нақты секторын кредиттеуде шетелдік банктер мен халықаралық қаржы ұйымдары үлесінің аз екені байқалады. Бейрезиденттердің, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кредиттері кредиттік нарық статистикасында көрсетілмейді, бұл экономиканы қаржыландырудың нақты жай-күйін бағалауды бұрмалайды.

Банктердің ірі инвестициялық жобаларды және жер қойнауын пайдаланушы-қарыз алушыларды қаржыландыруға шектеулі қатысуы синдикатталған кредиттеу практикасының дамымағанына байланысты.

2. Соңғы 10 жылда сақтандыру секторы көрсеткіштерінің оң динамикасына қарамастан, сақтандыру қызметтерінің ел экономикасындағы төмен үлесі сақталуда. Сақтандыру ұйымдары активтерінің елдің ЖІӨ-не қатынасы 2,4%-ды ғана құрады (2021 жылдың қорытындылары бойынша), ал сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы 37 мың теңгені құрады (2021 жылдың қорытындылары бойынша), бұл әлемдік көрсеткіштерден әлдеқайда төмен.

Онлайн-сақтандыру шарттарына сатудан кейінгі қызмет көрсетудің жеткілікті түрде дамымағаны, сақтандыру өнімдерінің шектеулі болуы және сақтандыру жағдайларында икемділіктің болмауы халық пен бизнестің сақтандыруға деген қызығушылығын төмендетеді. Сақтандыру қызметтерінің сапасы мен клиентке бағдарлануы мәселелері, сақтандыру нарығына қатысушылардың қабылдаған шараларына қарамастан, өзекті болып қалуда.

Өмірді сақтандыруда нарықтық ынталандырулардың және мемлекеттік қолдаудың болмауы халықтың өмірді жинақтаушы сақтандыру өнімдерін инвестициялар мен жинақтарды ұлғайту құралы ретінде пайдалануға қызығушылығын тудырмайды. Жинақтаушы сақтандыру өнімдерін дамыту қаржылық жоспарлау жүргізу кезінде банк өнімдерін пайдалануды абзал көретін халықтың өмірді сақтандыру компанияларына деген сенімінің әлі де болса қалыптасып жатқанымен шектелуде.

3. Қор нарығының дамуын институционалдық сұраныстың жеткіліксіз, халықтың қор нарығына тартылу дәрежесінің төмен және инвесторлардың қор нарығының құралдарына деген сенім дәрежесінің төмен екені тежеп отыр.

Экономика субъектілері кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде нарықтық емес шарттарда тартатын елеулі қаржыландыру көлемінің болуы, сондай-ақ мемлекеттің экономикадағы жоғары үлесі және квазимемлекеттік сектор компанияларының басым рөлі кәсіпорындардың қор нарығының құралдары арқылы капиталды тартуға деген сұранысының төмендеу себебі болып отыр.

4. Микроқаржыландыру нарығының дамуы қорландыру көздерінің шектеулі екені және бөлімшелердің өңірлік желісін ұстап тұру жөніндегі жоғары операциялық шығасылар сияқты факторлармен тежеліп отыр, оны микро- және шағын бизнес субъектілерінің аумақтық жағынан шалғай орналасуы күрделене түсуде.

Халықаралық даму институттары мен қазақстандық коммерциялық банктердің қарыздары қорландырудың негізгі базасы болып қалуда. Банктер мен халықаралық даму институттарының қаражатын тарту есебінен қорландырудың жоғары операциялық шығасылары мен құны микрокредиттердің халық пен бизнес үшін түпкі құнын айтарлықтай ұлғайтады. Аталған факторлар микроқаржыландыру нарығы субъектілерінің экономиканы қаржыландырудағы әлеуетін шектейді.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

Дамыған елдердің қаржы нарықтарының дамуының негізгі үрдістері қаржылық инфрақұрылымды жетілдіру, сапалы институционалдық қайта құруларға жағдай жасау және реттеушілік талаптарды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру болып табылады. Аталған жаһандық үрдістерді қолдай отырып, реттеушілер жаңа халықаралық стандарттар енгізу арқылы реттеу мен қадағалаудың тәсілдерін қайта қарауда. Реттеудің жаңа стандарттары макропруденциялық саясат пен тәуекелге бағдарланған қадағалау құралдарын күшейтуге, ESG-дің контрциклдық реттеу және орнықты даму қағидаттарын енгізуге бағытталған.

Халықаралық тәжірибені талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қаржы секторына өзекті болатын мынадай бағыттар ерекшеленеді:

1) банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (Базель II-III) халықаралық стандарттарына көшу. Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті 2012 жылға қарай Базель III-тің капиталы және өтімділігі бойынша әдіснамалық ұсынымдарды әзірледі, онда Базель II-нің осыдан бұрынғы стандарттары жетілдірілді. Бұл өзгерістер Базель II-нің бірінші құрауышында көзделген ең төменгі талаптарды тікелей арттыру болып табылады.

Базель III стандарттары банк секторындағы тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қойылатын талаптарды арттыруға, капитал мен өтімділіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде дағдарыстан кейінгі кезеңде жүйелік маңызы бар институттар үшін ерекше режим көзделеді. Қадағалау процесінің қағидаттары Базель стандарттарының (Pillar II) екінші құрауышына енгізілген және тәуекелдерді бағалау негізінде тиімді қадағалауды жүзеге асыруға, ерте араласу қажеттілігіне және уақтылы қадағалау әрекеттерін қабылдауға бағытталған.

Австралия, Гонконг, Үндістан, Канада, Қытай, Мексика, Сауд Арабиясы, Сингапур, Таиланд, Швейцария, Оңтүстік Африка және Жапония Базель III капиталы бойынша талаптарды ұлттық банк жүйесіне енгізді. ЕО елдері мен АҚШ 2014 жылдан бастап Базель III капиталының жеткіліктілігі бойынша талаптарды енгізді. Еуропалық және америкалық банктер қосымша акцияларды шығару арқылы да, бейінді емес активтер мен ағымдағы қызметтен түскен пайданы сату арқылы да меншікті капиталын белсенді түрде нығайта бастады;

2) SREP әдіснамасына негізделген тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу. Қаржылық тұрақтылықты нығайту үшін Еуропа орталық банкі Еуропалық одақтың 19 елінің 117 қаржы ұйымына қатысты SREP әдіснамасына негізделген тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолданады, олар: Бельгия, Франция, Люксембург, Испания, Германия, Италия, Ирландия, Словакия, Кипр, Мальта, Португалия, Нидерланды, Аустрия, Грекия, Словения, Финляндия, Эстония, Латвия және Литва. Толық SREP Ұлыбританияда да жүзеге асырылды, онда SREP әдіснамасының негізгі қағидаттарын ұлттық заңнамаға бейімдеді.

SREP-тің базалық қағидаттары төрт негіз қалаушы элементтердің: бизнес- модельді талдаудың, корпоративтік басқаруды (тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда) және бүкіл қаржы мекемесінің бақылау жүйелерін бағалаудың, капитал үшін тәуекелдерді және осы тәуекелдерді жабу үшін капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың, осы тәуекелдерді жабу үшін өтімділік тәуекелдерін және өтімді ресурстардың жеткіліктілігін бағалаудың айналасында құрылған.

ЕО-да реттеушілер кешенді қадағалап бағалау (SREP) рәсімдері шеңберінде банктер капиталының қосымша буферін (Pillar 2 Guidance) анықтау үшін қадағалап стресс-тестілеу нәтижелерін пайдалана алады. АҚШ-та экономика ахуалының стрестік сценарийлерінің бірін қолданған кезде банктің капиталы жеткіліксіз болған жағдайда, банк қауіпсіз капитал деңгейіне жеткенше реттеуші банктің қолжетімді капиталдың көлемін қысқартатын кез келген әрекетті (мысалы, дивидендтер төлеу) жүзеге асыруына тыйым салуы мүмкін. Ұлыбританияда қадағалап стресс-тестілеудің нәтижелері бойынша Англия Банкі барлық банктер үшін капиталдың контрциклдық буферінің қажетті деңгейін және қажет болған жағдайда - капиталдың жеткілікті болуының ең төменгі мәндеріне қосымша жеке үстемеақыларды айқындайды;

3) Solvency II сақтандыру қадағалауын халықаралық стандарттарының элементтерін енгізу. Реттеушілер сақтандыру компанияларының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында Solvency II еуропалық директивасының құрауыштарын енгізуде. Solvency II-нің қағидаттары меншікті капиталдың жеткіліктілігіне және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптар бөлігінде Базель III-ке ұқсас. Бұл ретте Solvency II сақтандыру ұйымдарының қызметіне тән тәуекелдерді жабуға арналған капиталды айқындаудың ерекше тәсілін көздейді. ЕО, АҚШ, Канада, Австралия, Жапония және Сингапур елдері Solvency II-ге толық көшуді жүзеге асырды. Бұл ретте бірқатар

мемлекеттер, мысалы Қытай, әдіснамалық мазмұны жағынан Solvency II-ге ұқсас жекелеген құрауыштарды енгізуді жүзеге асыруда және ұлттық сақтандыру нарықтарының ерекшелігіне негізделген түзетулерді енгізуде;

4) қадағалау практикасына уәжді пайымдау институтын енгізу. Реттеушілер арасында реттеу мен қадағалауды жетілдірудің негізгі бағыты уәжді пайымдау институтына негізделген тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу болып қала береді. Уәжді пайымдауды қолдану формальды қадағалау қағидаттарынан алшақтап, қаржы ұйымдарының орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша алдын ала қадағалау шараларын қабылдау үшін неғұрлым тәуекелді мәселелерді талдауға шоғырлануға мүмкіндік береді.

Уәжді пайымдау институты Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Аустралия, Ресей, Чехия және Сингапурда енгізілген. Бұл елдерде уәжді пайымдау қаржы институттары бизнесінің орнықтылығын, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мүдделерінің тиісінше қорғалуын және компаниялардың реттеу қағидаттары мен талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында пайдаланылады. Германия мен Нидерландыда уәжді пайымдау нормативтік шектеулерді уақытша әлсірету не қадағалап ден қоюды қолдануды кейінге қалдыру мүмкіндігіне де қолданылады;

5) қаржылық технологияларды дамыту, экожүйелер мен цифрлық платформаларды қалыптастыру. Кросс-секторлық қаржылық және қаржылық емес сервистерді шоғырландыруды, деректер мен ақпаратты белсенді алмасуды көздейтін экожүйелер мен платформалық шешімдер түріндегі цифрлық сервис жүйелерін жаппай дамыту цифрлық инновациялар саласындағы негізгі жаһандық үрдіс болып табылады.

Жаңа қаржылық технологиялар мен цифрлық сервистер жүйелері қаржылық қызметтер индустриясын қайта құруда, бұл нарықта классикалық бизнес модельдері бар дәстүрлі қаржы ұйымдары мен FinTech және BigTech салаларындағы компаниялар арасында бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты халықаралық қаржы институттары экожүйелердің және платформалық шешімдердің тәуекелдерін, сондай-ақ оларды реттеу тәсілдерін белсенді зерделеуде.

Халықаралық реттеушілердің назары тәуекелдерді барынша азайтуға және қолайлы бәсекелес ортаны қолдауға, инновацияларды ілгерілетуге жәрдемдесуге және экономикаға платформалық және экожүйелік шешімдерді енгізуден елдің халқы мен бизнесінің алатын пайдасын барынша арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

McKinsey&Company экожүйені¹ пайдаланушылар бір интеграцияланған интерфейсте әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын өзара байланысты қызметтер жиынтығы деп айқындайды. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде пайда болып жатқан экожүйелер, әдетте, қаржы, саяхат, денсаулық сақтау, тұрғын үй, сату немесе сатып алу сияқты қажеттіліктердің айналасында топтастырылған.

BIS² ашық қаржы экожүйесі қаржы жүйесінің барлық қатысушыларына бірнеше жолмен пайда әкеле алатынын атап өтуде. Жұмыс істеп тұрған қаржы институттары клиенттерге көрсетілетін қызметтерді ұсыну мүмкіндігін бағалау үшін дәстүрлі түрде қолжетімді болмаған дереккөздерін жанама пайдалану арқылы (мысалы, оларды үшінші тараптардың пайдаланушыларға кредит беру мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік беретін электрондық коммерциядағы немесе платформалардағы белсенділігі туралы деректерімен өзара іс-қимыл жасауы арқылы) пайдаланушылардың жаңа сегментін қамти алады. Соған ұқсас, қаржы институттары мамандандырылған қызметтерді әзірлеп, өз пайдаланушыларына үшінші тұлғалар арқылы ұсына алады және жетілдірілген сервисті ұсыну үшін қазіргі уақытта қолжетімді технологияларды тиімді пайдалана алады.

Дүниежүзілік экономикалық форум³ цифрлық өзара тәуелділіктерді экожүйелердің жүйелі тәуекелдерінің бірі деп айқындайды. Қаржылық көрсетілетін қызметтердің экожүйесі цифрлық түрде күннен-күнге өзара байланысты болған сайын қаржылық қызметтерді ұсынуда шешуші рөл атқаратын кез келген ұйым экожүйеде іркілістер мен бір-бірінен туындайтын салдарларды туындатуы мүмкін. Негізгі сервистерді ұсынушы өнім берушілердің (мысалы, бұлтты көрсетілетін қызметтерді берушілер) шоғырлануын және желі тораптарының көрінуін шектейтін күрделі берілімдер тізбегін назарға ала отырып, тәуекелдің қаншалықты күрделі екендігін түсінуге болады.

Өз кезегінде, Қаржылық тұрақтылық кеңесінің (FSB) зерттеулерінде цифрлық қызметтерді көрсету және технологиялар жағдайында қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігіне, олардың қажеттіліктері мен тәуекел бейініне сәйкес келмейтін қаржылық көрсетілетін қызметтерді тануға, тиімсіз қаржылық шешімдер қабылдауға байланысты тұтынушылардың құқықтарын бұзудың ықтимал тәуекелдері қосымша атап өтіледі.

¹ **Financial Ecosystems: The Next Horizon for U.S. Banks.**

² **Enabling open finance through APIs.**

³ **Technology is driving new risks in financial services. It will also be key to mitigation.**

Ресейдің Орталық Банкінің "Қаржы нарығы: заманауи жағдайлардағы жаңа міндеттер" деген құжатына сәйкес әлеуетті тәуекелдерді төмендету үшін таяу уақытта банктерді реттеуге табыс әкелмейтін активтер үшін тәуекел-сезімтал лимиттерді енгізу, оның ішінде банктердің экожүйелерге және қаржылық емес бизнестерге салымдарды енгізу бойынша жұмысты жалғастыру жоспарлануда. Бұл ретте, өтпелі кезеңнің ұзақтығы ұлғаюы, табыс әкелмейтін активтер топтарының анықтамасы және капиталды қалпына келтіру кезеңінде банктерді кредиттеу тәуекеліне шамадан тыс қысым

көрсетпейтіндей және банктердің экономикалық дамуды қаржыландыруға қатысуын шектемейтіндей етіп имобилизациялау коэффициенттерінің нысаналы мәндері қайта қаралуы мүмкін.

Халықаралық реттеушілер де қаржы нарығындағы цифрлық сервис жүйелерінің киберқауіпсіздік оқыс оқиғаларына, баға тұрғысынан кемсітуге, нарықтық билікті теріс пайдалануға және бәсекелік емес мінез-құлыққа осал екенін атап өтті.

Аталған тәуекелдерді барынша азайту үшін халықаралық реттеушілер КҮС технологиясын және киберқауіпсіздік құралдарын дамыту, Open Api және Open Banking⁴ қолданбалы бағдарламалаудың қауіпсіз интерфейстерін енгізу бастамаларын іске асыру, қаржылық инновациялар тәуекелдерінің қаржы нарығына қатысушылардың орнықтылығына ықтимал әсерін шектеу тәсілдерін әзірлеуде;

6) CPMI-IOSCO қаржы нарығының инфрақұрылымдары үшін қағидаттарды енгізу. Реттеушілер қаржы нарығы инфрақұрылымының қаржылық орнықтылығын, үздіксіз жұмыс істеуін, тиісті тәуекел-менеджментін қолдауды бағалаудың тиімді ішкі рәсімдерін белгілеу үшін инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметін CPMI-IOSCO қаржы нарығының инфрақұрылымдарына арналған қағидаттарға сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Көрсетілген құжатты 2012 жылы IOSCO-мен бірлесіп Халықаралық есеп айырысу банкі (Bank for International Settlements) әзірледі. Бүгінгі күні қаржы нарығының инфрақұрылымдарына арналған қағидаттарды IOSCO-ға мүше барлық мемлекеттердің депозитарийлері, есеп-клиринг орталықтары, қор биржалары енгізді;

7) қаржы нарығында цифрлық технологиялардың таралуына байланысты тәуекелдерді бақылау үшін реттеу және қадағалау практикасына инновациялар енгізу. Қаржылық технологиялар мен инновациялардың серпінді дамуы қаржы тәуекелдерін бақылаудың жаңа тиімді құралдарын әзірлеу үшін реттеу және қадағалауға стандартты тәсілдерді қайта қарауды талап етті.

Осы орайда қадағалау құралдарын цифрландыру процестерін тездету және қадағалау практикасының қаржы саласындағы инновацияларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін цифрлық технологияларды енгізу байқалады.

⁴ **Financial Stability Board "BigTech Firms in Finance in Emerging Market and Developing Economies".**

Бұл бағытта шетелдік реттеушілер қаржы компанияларын қадағалау (SupTech) және қадағалаудағы субъектілердің реттеуші талаптар мен стандарттарды (RegTech) сақтауы үшін инновациялық технологияларды енгізуде.

SupTech және RegTech тетіктері Ұлыбритания, Сингапур, АҚШ, Канада, Аустралияда іске асырылған. SupTech және Аустралияның реттеушісі (APRA) RegTech тетіктерін енгізуге барынша кешенді тұрғыдан келген. Бүгінгі таңда Аустралияда

қадағалаудағы субъектілерге мониторинг машинада оқуға жарамды форматта негізгі бизнес-процестер бойынша есептілікті цифрландыру есебінен нақты уақыт режимінде жүргізіледі. Қадағалау жүйелері шоғырландырылған қадағалауды автоматтандыруды, стресс-тестілеуді және деректерді көрнекілендіруді, КЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтауды, айла-шарғы жасауды және инсайдерлік сауданы, өтімділік тәуекелдерін, кредиттік және макро-қаржылық тәуекелдерді, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалауды көздейді;

8) "Реттеу ортасын" құру арқылы ерекше құқықтық режимді енгізу. Қаржы нарығын цифрландыру жағдайында қаржы нарықтарын реттеу саласындағы жаңалықтарды қарастыра келе, қаржы технологияларын дамытуға және оларды нарыққа қатысушылардың енгізуін ынталандыруға мүмкіндік беретін ерекше құқықтық режим - "реттеу ортасын" құрудың әлемдік тәжірибесін атап өткен жөн. Бұл қаржы ұйымдарына өз өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін заңнаманы бұзу тәуекелінсіз арнаулы шектеулі ортада тестілеуге мүмкіндік беретін "жеңілдетілген реттеу" тәсілі.

Мұндай тәсілді алғашқы болып қазіргі таңда мойындалған, технологиялық стартаптардың реттеушімен өзара іс-қимылының әлемдік хабы тораптық орталығы болып табылатын Ұлыбритания қолданды. "Реттеу ортасы" бүгінде 30-дан астам елде бар. Бұл ретте осындай құқықтық алаңдардың мамандану үрдісі байқалды. Мысалы, Оңтүстік Кореяның реттеушісі автоматтандырылған кеңес беру - робоэдвайзинг саласындағы сервистерді сынақтан өткізуге, Гонконгта - банктік шотты, төлем платформаларын және мобильдік әмияндарды қашықтан ашуға, Сингапурда P2P-кредиттеуге және краудфандингке басты назар аударды;

9) орнықты дамуды қамтамасыз ету және ESG қағидаттарын енгізу. Әлемдік қоғамдастық Климат жөніндегі Париж келісіміне және БҰҰ-ның орнықты даму жөніндегі мақсаттарына сүйене отырып, өз алдына ESG-ның орнықты даму қағидаттарына көшуді қамтамасыз етудің өршіл міндеттерін қойып отыр.

Көміртексіздендіру, қоғамдық және гендерлік тендік мақсаттарына қол жеткізу үшін әлемде компанияларда жоғары экологиялық стандарттар, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары талаптарын енгізу бойынша шаралар қабылдануда.

ЕО-да орнықты даму міндеттерін іске асыру үшін корпоративтік сектор субъектілері орнықты және инклюзивті өсуге қол жеткізуге, сондай-ақ климаттың өзгеруімен және әлеуметтік проблемалармен байланысты тәуекелдері басқаруға бағытталған жобаларға инвестицияларды кеңейтуде.

Дамыған елдерде ұйымдардың ESG қағидаттарын сақтау туралы ақпаратты жария етуінің ерікті тәртібін белгілеу арқылы "жұмсақ реттеу" нысандары қолданылады. Кейбір елдерде компания деңгейінде, кейіннен меншік иелері және клиенттер деңгейінде ESG стандарттарының сақталуы туралы ақпаратты кезең-кезеңмен жария етуді көздей отырып, ESG туралы ақпаратты жариялау міндетті болып табылады.

4-бөлім. Қаржы секторын дамытудың пайымы

Қазіргі уақытта жаңа жаһандық мега үрдістер мен жергілікті сын-қатерлердің әсерінен қаржы жүйесінің трансформациясы болып жатыр.

Қаржы технологияларын цифрландыру және дамыту негүрлым өзекті жаһандық үрдістерге айналды. Коронавирус пандемиясы қаржылық көрсетілетін қызметтерді халыққа және бизнеске қашықтан көрсету форматына көшуді жеделдетті. Қаржы ұйымдары өзіне түрлі, оның ішінде қаржылық және қаржылық емес онлайн қызметтерді шоғырландырған цифрлық сервистер жүйесін белсенді құруды жүзеге асыруда. Цифрлық сервистер жүйедерін дамыту банктер мен олардың клиенттері үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, төлемдер мен аударымдардың ыңғайлы болуы, қызмет көрсетудің жылдамдығы мен тиімділігін арттыру арқылы үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Цифрлық сервистер жүйелерінің дамуымен қатар қаржы нарығының барлық қатысушыларына тең бәсекелес мүмкіндіктер беру үшін Open API және Open Banking технологиялары белсенді енгізілуде.

БҰҰ-ның жаһандық саясатын басшылыққа ала отырып, соңғы жылдары отандық инвестициялау көлемі айтарлықтай өсті. Қаржы секторы ESG (Environmental, Social, Governance principles) қағидаттарын енгізуде шешуші рөл атқарады, себебі ол "жасыл" экономиканы қаржыландыруды қамтамасыз етеді және бизнес-модельдердің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ESG тәуекелдерін ескере отырып, компаниялардың трансформациясын ынталандырады. Халықаралық деңгейде қаржы реттеушілері белсенді түрде стандарттар әзірлеуді және қаржы ұйымдарының қызметіне ESG қағидаттарын енгізуді бастады.

Қаржылық тұрақтылықты және экономиканың өсуін қамтамасыз ету көптеген елдер үшін күн тәртібінің маңызды мәселесі болып табылады. Әлемдік экономикада инфляцияның жеделдеуі және экономикалық өсу қарқынының баяулауы байқалады. Локдаундар мен санкциялардың әсерінен жаһандық өндірістік, әсіресе, экспорттық-импорттық операцияларға байланысты логистикалық тізбектердің жұмысы бұзылды.

Инфляциялық процестер, ұлттық валюталар бағамдарының күрт өзгеруі халық кірісінің қысқаруына, шикізат тауарлары бағасының өсуіне және кредиттеу шарттарының қатандауына әкеледі.

Қаржы нарықтарын реттеушілердің маңызды міндеттерінің бірі қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін, тұтынушылар үшін қаржы институттарының қызметі және олар көрсететін қаржылық қызметтер жөніндегі ақпараттың толық және қолжетімді болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығы мен қаржылық қолжетімділігі деңгейін арттыру болып табылады.

Тұжырымдама бір мезгілде макропруденциялық саясат пен тәуекелге бағдарланған қадағалау құралдарын жақсарту есебінен қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, ұлттық экономиканың өсуіне, жинақтар мен инвестицияларды ынталандыруға бағдарланған әртараптандырылған және тиімді қаржы секторын дамытуға бағытталған.

Тұжырымдамада Қазақстан Республикасының ұлттық даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін қаржы секторының пайымы мен миссиясы көзделген.

Пайым - серпінді дамып келе жатқан және Қазақстан экономикасының тұрақты әрі инклюзивті өсуіне айтарлықтай үлесті қамтамасыз ететін, халықаралық кеңістікке интеграцияланған, тиімді, инновациялық, орнықты және бәсекеге қабілетті қаржы нарығы.

Миссия - қаржы ресурстарын тиімді шоғырландыру және оларды халық пен бизнесті қоса алағанда, экономикалық қатынастар субъектілерінің арасында тиімді бөлу есебінен елдің белсенді экономикалық дамуы және халықтың әл-ауқатының артуы.

Тұжырымдама қаржы секторының жүйелі реформаларын жүзеге асыруға бағытталған дамудың 7 стратегиялық бағытын қамтиды.

Дамудың үш стратегиялық бағыты кросс-секторалдық сипатқа ие. Аталған бағыттар шеңберіндегі реформалар қаржы нарығының барлық сегменттері үшін өзекті болып табылады және оның барлық қатысушыларын қамтиды.

Дамудың төрт стратегиялық бағыты қаржы нарығының басты қатысушылары - екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру ұйымдары, бағалы қағаздар нарығының және микроқаржыландыру нарығының қатысушылары үшін ерекше секторалдық міндеттер мен бастамаларды қамтиды.

1. "Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы секторына деген сенімді қолдау" даму бағыты

Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, тиімді макропруденциялық саясатты іске асыру және тәуекелге бағдарланған қадағалауды жетілдіру арқылы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Қаржы нарығындағы теріс пайдаланушылыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру және шетелдік реттеушілермен ынтымақтастықты нығайту қаржы секторына деген сенімнің күшеюіне ықпал ететін болады.

2. "Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту" даму бағыты

Жаңа бизнес-модельдер мен инновацияларды дамыту жаңа қаржы технологияларын және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамытуды ынталандыру есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржы нарығында инновацияларды қауіпсіз енгізу, Open API және Open Banking стандарттарын енгізу есебінен әділ бәсекелестікті қалыптастыру, ESG және "жасыл" қаржыландыру қағидаттарын имплементтеу, сондай-ақ реттеуші

және қадағалау технологияларын (SupTech және RegTech) енгізу үшін реттеу ортасын құру бойынша шаралар қабылданатын болады.

3. "Адал мінез-құлықты қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау" даму бағыты

Жосықсыз практикаларды анықтау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін қаржы ұйымдарының бизнес-модельдері мен стратегияларын талдау негізінде алдын ала қадағалап ден қоюды көздейтін тұтынушыларды қорғаудың жаңа кешенді моделін енгізу жоспарлануда.

Тұтынушылармен адал жұмысты қамтамасыз ету мақсатында қаржы ұйымдары үшін мінез-құлық стандарттары және тұтынушылардың барлық топтарын қаржы жүйесіне тарту үшін қаржылық инклюзия стандарттары енгізілетін болады.

4. "Экономиканы қаржыландыру және банк секторын дамыту" даму бағыты

Экономиканы қаржыландыруда банк секторының рөлін арттыру басым міндет болып табылады. Бизнесіне кредиттеуді ынталандыру, банкроттық және қарыз алушыларды оңалту тетіктерін жетілдіру, жұмыс істемейтін активтер нарығын құру, банктердің бизнес-процестері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі міндеттер іске асырылатын болады. Қарыздарды қайтару тетіктерінің тиімділігін арттыру, кепіл мүлкін экономикалық айналымға тарту, стрестік активтер нарығында жекеше инвесторлар мен басқарушылардың пайда болуы үшін институционалдық және заңнамалық ынталандырулар жасау жөнінде шаралар қабылдау жоспарлануда.

Бұдан басқа, қаржыландырудың балама нысандарын дамыту және бизнес үшін қолжетімді нарықтық қорландыруды кеңейту жөнінде шаралар қабылданады, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері жетілдіріледі.

5. "Қаржы мүдделерін қорғау құралы ретінде сақтандыру секторын дамыту" даму бағыты

Сақтандыру секторын дамыту жөніндегі іс-шаралар халықтың әл-ауқатын арттыруға және оның мүліктік мүдделерін қорғауға бағдарланған сақтандыру нарығын тиімді дамытуға, сондай-ақ сақтандыру нарығының орнықтылығын арттыруға шоғырландырылатын болады. Сақтандыру қызметтерін цифрландыру жалғастырылады, әділ тариф белгілеуді және клиенттердің толыққанды андеррайтингін, сондай-ақ тиімді қадағалау мен реттеуді қамтамасыз ету үшін сақтандыру статистикасының деректер базасы құрылды.

6. "Экономиканы қаржыландырудың тиімді құралдарының бірі ретінде бағалы қағаздар нарығын дамыту" даму бағыты

Бағалы қағаздар нарығын дамыту үшін институционалдық және бөлшек сұранысты арттыру, IPO жүргізу, Қазақстанның халықаралық индекстердегі позицияларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Өңірлік есепке алу-есептеу хабын дамыту үшін қор нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарын ауқымды технологиялық жаңғырту жалғастырылатын болады.

Капитал нарығын дамыту екі биржаның жұмыс істеуінен синергетикалық әсерді арттыру үшін АХҚО-мен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырылатын болады.

7. "Банктік емес секторды және микроқаржыландыруды дамыту" даму бағыты

Микроқаржыландыру нарығын дамыту шеңберінде тұтынушылардың сұранысын неғұрлым толық қанағаттандыру үшін нарық субъектілері ұсынатын қызметтер аясы кеңейтілетін болады, нарық субъектілерін қорландыру көздерін кеңейту және әртараптандыру жөніндегі шаралар іске асырылады, микроқаржылық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен транспаренттілігін жақсарту, сондай-ақ нарық субъектілерін тепе-тең реттеуді енгізу жөнінде шаралар қабылданады.

5-бөлім. Қаржы секторын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі пайымы мен миссиясына қол жеткізу үшін, халықаралық мегаүрдістерді және ағымдағы сын-қатерлерді ескере отырып, қаржы нарығын дамытудың 5 негізгі қағидаты айқындалды.

1. Экономиканы дамыту - қаржы секторының Қазақстанның экономикалық өсуіне тікелей үлесін қамтамасыз ету.

2. Инновацияларды енгізу - қаржы ұйымдарының инновациялық қызметіне және инновациялық өнімдерді енгізуге жағдай жасау.

3. Тұрақтылықты ұстап тұру - қаржы институттары қызметінің орнықты және үздіксіз болуын қамтамасыз ету.

4. Бәсекелестікті дамыту - қаржы секторының барлық ұйымы үшін тең қызмет жағдайлары.

5. Инклюзивтілікті қамтамасыз ету - барлық тұтынушының қаржы өнімдері мен қызметтерге қол жеткізуі үшін тең жағдайлар ұсыну.

1. "Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы секторына деген сенімді ұстап тұру" даму бағыты

Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету елдің экономикалық өсуі үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Қаржы нарығын тиімді реттеу басымдыққа ие.

Соңғы жылдардағы қаржылық дағдарыстардың теріс әсері экономикалық күйзелістерді сіңіру үшін меншікті капитал мен өтімділіктің жеткілікті деңгейінің болуы қажеттілігін және жүйелік тәуекелге қатысты алдын алу шараларын қабылдауға негізделген контрциклдік реттеудің маңыздылығын көрсетті.

1-міндет. Макропруденциялық саясатты дамыту

Макропруденциялық саясаттың негізгі мақсаты қаржы секторының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Макропруденциялық саясат шығындарды жабу және стрестік сценарийлер іске асырылған жағдайда қаржы ұйымдарының экономиканы кредиттеуді жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету үшін капиталдың қажетті буферін жасауға мүмкіндік береді. Макропруденциялық саясат шеңберінде қолданылатын алдын алу шаралары қаржы

циклының әсерін жұмсартуға, сондай-ақ қаржылық дағдарыстың басталу ықтималдығын азайтуға жәрдемдеседі.

1. Макропруденциялық саясаттың тетіктерін дамыту

Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, қаржы нарығы қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, оның ішінде макропруденциялық саясатты қалыптастыру және іске асыру арқылы ықпал ететін болады.

Оның орта мерзімді кезеңдегі мақсаттары: қаржы жүйесінің қолайсыз жағдайлардың өзінде тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және одан арғы экономикалық өсуді қолдауға қабілетті буферлерді құру және босату арқылы қаржы жүйесінің біріктірілген күйзелістерге орнықтылығын арттыру (контрциклдық реттеу); негізсіз және экономикалық өсумен расталмаған шамадан тыс кредиттеу есебінен " қаржылық дүрбелеңнің" туындауын болғызбау; қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін мониторингтеу және төмендету болады.

Макропруденциялық саясат тетіктерін таңдау қаржылық тұрақтылықтың әлеуетті қатерлеріне байланысты болады.

Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау, макропруденциялық құралдар мен дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу және іске асыру құралдарын одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл процесте Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық кеңесі үйлестіруші рөлді орындайтын болады.

ҚТК шеңберінде меншікті капиталдың барынша аз жеткіліктілігіне контрциклдық буферді енгізу мүмкіндігі алдын ала қаралады және тиісті ұсынымдар тұжырымдалатын болады. Бұл буфер экономикалық өрлеу кезеңінде банктердің шамадан тыс кредиттік белсенділігін тежеуге және оны құлдырау кезеңінде ынталандыруға арналған.

Бұған қоса, Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, өтімділіктің идиосинкраттық күйзелістерін іске асыру кезінде төлемге қабілетті банктердің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін соңғы сатыдағы қарыздар беру тетігін жетілдіретін болады.

2. Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар деп тану өлшемшарттарын кеңейту

Қаржы нарықтарының жаһандық даму үрдістері жеке ойыншылардың қызметтері тұтынушылар мен бизнес субъектілері үшін маңызды болатындығын көрсетеді.

Осыған байланысты, ҰБ Агенттікпен бірлесіп, халықаралық тәжірибені және реттеу саласындағы соңғы үрдістерді ескере отырып, қаржы ұйымдарының жүйелік маңыздылығының қосымша өлшемшарттарын енгізудің орындылығы мәселесін зерделейтін болады. Әлеуетті өлшемшарттар олардың маңыздылығы мен қолданыстағы өлшемшарттар тізбесіне әсері тұрғысынан зерделенетін болады.

Агенттік тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне, ақпараттық қауіпсіздікке, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қосымша талаптар белгілеудің орындылығын қарастырады.

2-міндет. Тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамыту

Қадағалау практикасын жетілдіру және банктер қызметіндегі тәуекелдерді барынша азайту шеңберінде 2019 жылдан бастап жекелеген салаларда сандық және сапалық көрсеткіштерін талдауға негізделген, уәжді пайымдауды қолдану құқығы бар тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу жүзеге асырылды.

Қаржы секторының тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін жүйе деңгейінде, сондай-ақ жекелеген қаржы институттары деңгейінде қаржы нарығының барлық секторлары бойынша тәуекелге бағдарланған қадағалаудың халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу тепе-тең реттеу қағидаты ескеріле отырып қамтамасыз етілетін болады.

1. Банк секторында тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін жетілдіру

Депозиторлар мен басқа да инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында қадағалап пайымдау қолданылатын тәуекелге бағдарланған тәсілді одан әрі дамыту тиімді қадағалау процесінің негізгі қағидаты болып табылады.

Банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және олардың қызметіндегі тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу үшін ерте ден қою және уақтылы қадағалау әрекеттерін қабылдау мақсатында олардың қызметіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау және болдырмау тәуекелге бағдарланған тәсілдің негізгі міндеттері болып табылады.

Агенттік SREP-ке тұрақты AQR-ті және банк секторын қадағалап стресс-тестілеуді интеграциялауды жалғастыратын болады.

Тұрақты AQR банктердің активтерін жыл сайынғы тәуекелге бағдарланған тексеруді аудиторлардың, тәуелсіз бағалаушылар мен консультанттардың қатысуынсыз, толыққанды AQR-ді жүргізу практикасын есепке ала отырып, жүргізуді көздейді. AQR құралдарын тұрақты қадағалау процесіне енгізу банк секторы активтерінің сапасы туралы анық ақпарат алуға ықпал ететін болады.

Қадағалау процесіне қадағалап стресс-тестілеу құралдарын енгізу экономика дамуының ықтимал жағымсыз сценарийлерін ескере отырып, банктер капиталының жеткіліктілігін тұрақты негізде бағалауға мүмкіндік береді. Үздік халықаралық практикаларға сәйкес қадағалап стресс-тестілеу екі басым қадағалау мақсатына: қадағалау органын банктердің ықтимал тәуекелдерінің болуы туралы уақтылы хабардар етуге және банк секторының орнықтылығын қамтамасыз етуге қол жеткізуге бағытталған.

SREP шеңберінде тұрақты AQR құралдарын және қадағалап стресс-тестілеуді пайдалана отырып, негізгі тәуекелдерді талдау қадағалап ден қоюдың тиісті жеке шараларын қолдана отырып, әрбір банктің тәуекел-бейінін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық практикада SREP-ті жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша негізгі қадағалау шараларының бірі банк капиталының жеткіліктілік коэффициенттеріне (Pillar II) қадағалау үстемесін белгілеу болып табылады. Капиталға қадағалау үстемесі банктерді олардың қызметінде анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді жедел жоюға ынталандыратын болады.

Үстеме құрылымын және шекті мәндерін қоса алғанда, капиталға қадағалау үстемесін қолданудың негізгі тәсілдері қолданыстағы пруденциялық стандарттарға қосымша айқындалатын болады. Бұдан басқа, Агенттік SREP әдіснамасы бойынша жыл сайынғы тексеруді бағалау негізінде, сондай-ақ қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша капиталға үстемеақыны есептеудің ішкі әдіснамасын әзірлейді.

Агенттік ICAAP және ILAAP шеңберінде банктердің ішкі рәсімдері бойынша ақпаратты ашу тәртібі мен есептілікті қоса алғанда, капиталдың жеткіліктілігін (ILAAP) және өтімділікті (ILAAP) бағалаудың ішкі рәсімдерінің қадағалау әдіснамасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

Нарықтық тәртіпті дамыту және банктер қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Базель II стандарттарының "Ақпаратты ашу" (Pillar 3) атты үшінші құраушыын енгізу жоспарлануда, ол банктің тәуекелдерге ұшырау дәрежесі және тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпаратты ашуды көздейді.

Банктерді қалыпқа келтіру және реттеу режимін одан әрі жетілдіру шеңберінде Агенттік төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарларының (Recovery Plans) тиімділігін бағалау әдіснамасын әзірлеп, енгізетін болады.

2. Сақтандыру секторында тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін жетілдіру

Тәуекелге бағдарланған тәсілдің негізгі міндеттері жалпы сақтандыру секторында және жеке әрбір компанияда жоғары тәуекел аймақтарын айқындау, тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға арналған құралдар жиынтығын әзірлеу, тәуекелдерді төмендетуге не қажет болған жағдайда компанияны капиталдандыруды арттыруға бағытталған бірінші кезектегі шаралар мен іс-шаралар жоспарларын бекіту болып табылады.

Қадағалау процесінің негізгі құрауыштары тәуекелге бағдарланған қадағалаудың ішкі жүйесі (SRES), сақтандыру компаниясының тәуекелдерін дербес бағалау (IRIS) және сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігін және активтердің әділ құнын (RAQMR) бағалау болып табылады. Бұл құрауыштар пруденциялық реттеумен, ерте ден қою жүйесімен, заңнаманың сақталуын бақылау тетіктерімен қатар, сақтандыру саласында үздіксіз бақылау және қадағалаудың жүзеге асырылуын және дамытылуын қамтамасыз етеді.

Сақтандыру ұйымдарының орнықтылығын арттыру шеңберінде Solvency II қағидаттарын кезең-кезеңмен енгізу жоспарланып отыр, ол сақтандыру ұйымдарының қабылданатын тәуекелдердің шамасы мен сипатына қарай меншікті капиталын тиімді пайдалануына, сақтандыру сыйлықақыларының көлемін ұлғайтуына мүмкіндік береді.

Solvency II элементтерін енгізу сақтандыру нарығының тікелей қатысуымен басшылықты әзірлеу, сандық зерттеулерді, стресс-тестілеулерді жүргізу арқылы жүзеге асырылатын болады. Жаңа стандарттарға көшу модельдер мен жаңа ақпараттық жүйелерді әзірлеуді, мамандардың біліктілігін арттыруды талап ететіндіктен, сақтандыру нарығының Solvency II стандарттарына көшуге техникалық дайындық жағдайын бағалау жүргізіледі және оларды енгізу кезеңділігі анықталады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін қоса алғанда, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру Solvency II режиміне сәйкес деңгейде сақтандыру ұйымдарының сандық құрауышын енгізу және тәуекелдерді басқару үшін сапалы базаны құруға мүмкіндік береді.

3. Бағалы қағаздар нарығында тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін жетілдіру

Тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін іске асыру БҚНҚ-ға қатысты тепе-тең реттеу тетіктерінің кезең-кезеңмен енгізілуі, атап айтқанда пруденциялық нормативтерді есептеу, тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру тәртібі және БҚНҚ-ның жүйелік маңыздылығының көрсеткіштері мен олар қабылдайтын тәуекелдерді ескере отырып, реттеушілік есептілікті ұсыну бөлігіндегі талаптардың енгізілуі арқылы сүйемелденетін болады.

БҚНҚ тәуекелдерін бағалау қызметтің сандық және сапалық өлшемшарттарының талдауын көздейтін Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесіне негізделеді, ол жүйелік маңыздылық пен бизнесінің ауқымын бағалауға мүмкіндік береді. RASS шеңберінде басты назар бизнесті дамыту және әртараптандыру стратегиясын бағалауға, инвестициялық портфельдің құрылымына, активтердің сапасына және қаржылық орнықтылыққа, тәуекел-менеджменті мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне, сондай-ақ іскерлік беделге аударылады.

Мерзімді бағалау нәтижелері БҚНҚ-ны тәуекел дәрежесіне байланысты саралауға және қадағалау режимін қадағалау іс-қимылдарының қарқындылығы, кезеңділігі, көлемі мен мазмұны бойынша саралауға мүмкіндік береді.

RASS жүйесі бойынша тәуекелдерді бағалау әдістемесіне қадағалап стресс-тестілеу құралдары енгізілетін болады, оның нәтижелері бойынша тиісті ерте ден қою шаралары қолданылатын болады.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды одан әрі жетілдіру қаржы нарығының инфрақұрылымы үшін CPMI-IOSCO және есептеулер рәсімдерін жетілдіру мәселелерінде CSDR (Central Securities Depositories) қағидаттарын имплементтеу арқылы заманауи технологиялық орта, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада "Қаржы құралдарының нарықтары туралы" (MiFID) Еуропалық Одақ Директивасының тәсілдерін бейімдеу арқылы қауіпсіз инвестициялық орта құру саласында IOSCO-ның ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

4. Шоғырландырылған қадағалауға көшу

Агенттік жүйелік тәуекелдерді төмендету үшін қаржы конгломераттары акционерлерінің жауапкершілігін арттыру мақсатында оларды шоғырландырылған қадағалауға көшіруді жүзеге асыратын болады. Қаржы ұйымы мен оның акционерлері бақылауға немесе тікелей экономикалық мүддеге ие барлық компанияларды қоса алғанда, қаржы конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың тізбесін кеңейту жоспарлануда.

Агенттік қаржы конгломератының шеңберінде конгломераттың барлық қатысушыларының тәуекелдерін және олардың қаржы ұйымы мен бас компанияның қызметіне әсерін бағалайтын болады. Шоғырландырылған есептілік негізінде топ деңгейінде пруденциялық нормативтердің есебі енгізілетін болады.

Күмәнді операцияларды шектеу және шығындарды қаржы ұйымдарына қайта бөлуге жол бермеу үшін топшілік мәмілелерге бақылауды күшейту жоспарлануда.

Шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарды әзірлеу кезінде Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдары және Сақтандыру қадағалауы органдарының халықаралық қауымдастығының стандарттары ескерілетін болады.

3-міндет. Қаржы нарығындағы теріс пайдалануларға қарсы іс-қимыл

Агенттік қызметінің маңызды бағыты жосықсыз практикалар мен теріс пайдалануларға, оның ішінде КЖ/ТҚҚ саласында алдын ала қарсы іс-қимыл есебінен қаржы нарығында сенімгерлік орта құру болып табылады.

КЖ/ТҚҚ туралы заңнама ФАТФ стандарттарына негізделген және бірінші кезекте, заңсыз қаржылық операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың қаржы нарығына қол жеткізуіне жол бермеуге бағытталған.

Жаңа құралдардың пайда болуына, цифрлық және онлайн-технологияларды енгізуге, трансшекаралық операцияларды күшейтуге байланысты жосықсыз практикаларға, заңсыз қызметке қарсы іс-қимыл бойынша міндеттер аясы кеңейтеді, бұл заңсыз қызметке қарсы іс-қимылдың барабар шараларын әзірлеуді талап етеді.

1. КЖ/ТҚҚ саласында тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолдану

Қадағалау практикасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ФАТФ қаржы ұйымдарын тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесіне КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау құрауышын енгізетін болады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу қаржы ұйымдары клиенттерінің күмәнді операцияларының, олардың қызметі мен бизнес модельдерінің күшейтілген мониторингін, сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілері қабылдайтын КЖ/ТҚҚ жөніндегі шаралардың тиімділігін бағалауды қамтамасыз етеді.

Бұл шаралар КЖ/ТҚ тәуекелдерін барынша азайту бойынша алдын алу шараларын қабылдау үшін КЖ/ТҚ схемасына ықтимал тартылған клиенттер мен операцияларға назар аударуға мүмкіндік береді.

2. Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру типологияларын, тетіктері мен схемаларын әзірлеу

Бүгінгі күні ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласында клиенттердің күдікті операцияларын анықтауға формалдандырылған тәсіл басым болып отыр.

Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, күдікті операциялар белгілерінің кеңейтілген тізбесіне көше отырып, қаржы мониторингі субъектілерінің әрқайсысы үшін шекті операцияларды біртіндеп алып тастауды қоса алғанда, операцияларды мониторингтеу тәсілдерін өзгерту жөніндегі мәселені қарайтын болады.

Типологиялар (объектілердің жиынтығын бөлуге және оларды ретке келтірілген топқа біріктіруге бағытталған әдістер) және ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру схемалары (белгілемелер немесе кескіндер түрінде жүйенің құрамдас бөліктері және олардың арасындағы байланыс көрсетілетін графикалық құжаттар) әзірленетін болады.

Қабылданған шаралар қаржы ұйымдарының өздері көрсететін қызметтерді басқа тұлғалар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға жәрдемдесу мақсатында пайдаланбайтын шаралар қабылдауы үшін қаржы нарығындағы күдікті қызметті және күдікті операцияларды анықтауға ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

3. Қаржы нарығындағы қаржы пирамидалары мен заңсыз қызметті анықтауға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру

Жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл үшін қаржылық алаяқтық белгілері бар субъектілерді анықтау және олардың қызметін тоқтату үшін құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау үшін Агенттік қаржы пирамидаларының белгілерін әзірлеп, бекітті және кепілдік берілген кірістің (мүліктік пайда) төленетініне уәде беретін, қызметінде азаматтар мен ұйымдардан ақша тарту белгілері бар, оның ішінде әрекеттеріне Агенттікке азаматтардың шағымдары келіп түскен тұлғалардың тізімін жариялауды қамтамасыз етті. Аталған тұлғалар тізімі тұрақты негізде жаңартылып отыратын болады.

Қаржы пирамидаларының қызметіне қарсы іс-қимыл шеңберінде мемлекеттік органдар құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қаржы пирамидаларының белгілері бар ұйымдарды ерте анықтау, жедел ден қою жөнінде, тиісті мониторинг жүргізу, оның ішінде ақпараттық кеңістік (интернет ресурстар, әлеуметтік желілер, радио, теледидар және т.б.) арқылы азаматтардың қаржы пирамидаларының және алаяқтықтың белгілері туралы хабардар болуын күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сондай-ақ ҚНРДА call-орталығының және "Fingramota Online" мобильді қосымшасының функционалдық мүмкіндіктері кеңейтілетін болады.

Қаржы пирамидалары қызметінің алдын алу бойынша шаралар қабылдау мақсатында Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізетін болады.

4. Цифрлық активтердің айналымын реттеуге бағытталған шаралар қабылдау

Цифрлық активтердің белсенді дамуы КЖ/ТҚ тәуекелдерін күшейтеді. Осыған байланысты банктер криптовалютаға байланысты төлемдер мен аударымдарды шектейді.

Пилоттық жоба шеңберінде қазақстандық банктермен өзара іс-қимыл жасай отырып, АХҚО алаңында криптобиржаларды іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде, онда криптовалюталармен операцияларға криптовалюталарды пайдалануға байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған клиенттерді тиісінше тексеру және мониторинг бойынша күшейтілген шаралар қабылданады.

Криптовалюталарды заңсыз қызметте пайдалану, капиталды шығару, КЖ/ТҚ тәуекелдерін барынша азайту үшін криптовалюталардың айналымын реттеудің халықаралық тәжірибесі зерделенетін болады.

Пилоттық жобаның және халықаралық тәжірибені зерделеудің қорытындысы бойынша криптобиржаларды одан әрі дамыту және реттеу жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

4-міндет. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту

Қаржылық жаһандану және капиталын еркін қозғалысы жағдайында трансшекаралық қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалаудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты жандандыру мен нығайту қажеттілігі бар.

Қаржы нарығының шетелдік реттеушілерімен екіжақты ынтымақтастық жандандырылып, халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық күшейтілетін болады.

1. Халықаралық қаржы ұйымдарымен және қаржы нарығын реттеушілер қауымдастықтарымен ынтымақтастықты күшейту

Қаржылық дағдарыстың таралуын болдырмау және қаржы саласын реттеудің халықаралық стандарттарын іске асыру мақсатында ұлттық реттеушілер мен халықаралық қауымдастықтар арасында үйлестіру күшейтіледі.

Қаржы нарықтарындағы халықаралық стандарттарды әзірлеуді халықаралық ұйымдар және қаржы нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті органдардың бірлестіктері (қауымдастықтары) жүзеге асырады, олардың арасында Қаржылық тұрақтылық кеңесін, ЭЫДҰ-ны, ХВҚ мен BIS-ті атап көрсетуге болады.

Салалық (секторлық) стандарттар арасында Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің директивалары мен ұсынымдары банк саласындағы халықаралық деңгейде жалпыға бірдей танылған стандарттар болып табылады. IOSCO қағидаттары - бағалы қағаздар нарығы саласындағы, IAIS қағидаттары - сақтандыру секторындағы, ФАТФ ұсынымдары - КЖ/ТҚҚ саласындағы, IOPS қағидаттары - зейнетақы қорларын реттеу саласындағы, IFSB қағидаттары - исламдық қаржы саласында, AFI қағидаттары қаржылық қолжетімділік пен сауаттылықты арттыру саласында реттеушілер үшін жетекші қағидаттар болып табылады.

Қазіргі заманғы жағдайларда халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды сақтамау бедел тәуекелдерінен басқа капиталдың трансшекаралық қозғалысына ықтимал шектеу қоюға алып келеді және халықаралық стандарттарды сақтамайтын елдердің қаржы нарығына қатысушылары үшін капитал құнына теріс әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты халықаралық реттеу стандарттарын имплементтеу және қаржы реттеушісінің қызметі мен нормативтік құқықтық базаны осы қауымдастықтардың негізгі қағидаттарына сәйкес келтіру үшін көрсетілген ұйымдармен өзара іс-қимыл жанданатын болады.

2. Шет мемлекеттердің қаржы нарығын реттеушілерімен екіжақты ынтымақтастықты жандандыру

Трансшекаралық қаржы ұйымдарына шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру мақсатында шет мемлекеттердің қаржы нарығын реттеушілерімен қолданыстағы келісімдерге олардың өзектілігі және Қазақстан Республикасында лицензиялау үшін қажетті талаптарға сәйкестігі және қадағалау ақпаратын, оның ішінде құпия ақпаратты алмасу мүмкіндігі тұрғысынан ревизия жүзеге асырылатын болады.

Ревизияның қорытындысы бойынша реттеушілердің қажеттіліктеріне тиісті дәрежеде жауап беретін ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы тиісті екіжақты келісімдер жасалатын болады.

2. "Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту" даму бағыты

Халықаралық қаржы нарығындағы басты үрдіс қаржылық қызметтер көрсетудің дәстүрлі бағыттарын өзгертетін және түпкі тұтынушылар үшін инновациялық өнімдер мен сервистердің пайда болуына ықпал ететін қаржы технологияларын дамыту болып табылады.

Цифрлық технологияларды қолдану қызметтерді ұсыну қағидаттары мен компаниялардың клиенттермен, қаржы нарығының басқа да қатысушыларымен және реттеушілермен өзара іс-қимылының бизнес-процестерін түбегейлі түрде өзгертуді, сондай-ақ жаңа цифрлық құралдар мен платформалық шешімдерді пайдалану есебінен транзакциялардың көлемі мен жылдамдығын арттыруды көздейді.

1-міндет. Цифрландыруға жәрдемдесу

ҰБ мен Агенттіктің негізгі стратегиялық міндеті жаңа технологиялар енгізу үшін қолайлы орта құру және қаржы нарығында инновацияларды қолдау болып табылады. Цифрландыру жаңа бизнес-модельдердің пайда болуына ықпал етеді, қаржылық қолжетімділікті, қаржы секторындағы еңбек өнімділігін арттырады және бәсекелес ортаға оңынан әсер етеді.

ҰБ мен Агенттік инновацияларды енгізуге цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамытуға, блокчейн технологиясын қолдануға қолайлы құқықтық жағдай мен орта қалыптастырады, бұл азаматтар мен бизнес үшін жоғары технологиялық цифрлық сервистер құруға мүмкіндік береді.

1. Қаржы нарығына инновацияларды қауіпсіз енгізу үшін орнықты реттеу ортасын құру

Қаржы нарығындағы технологиялық дамуды ынталандыру және бәсекелестікті дамыту мақсатында Агенттік қолданыстағы реттеуді цифрлық технологияларды дамыту қажеттіліктеріне сәйкес келтіретін болады. Бұл қаржы нарығына жана сервистер мен технологияларды, оның ішінде блокчейн технологиясын енгізу мен пайдалануға қолайлы құқықтық жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Инновацияларды дамыту тиімділігін арттыру үшін нарыққа қатысушылардың ұсыныстарды қарауға бірыңғай алаңдар (комиссиялар) құру мәселесі қаралатын болады. Бұл қаржы технологияларын дамыту үшін жаһандық үрдістерді, ағымдағы проблемалар мен кедергілерді уақтылы анықтауға және нарықпен бірлесіп пысықтауға мүмкіндік береді. Коллаборативтік алаңдарды құру нарыққа қатысушылардың шығасыларын қысқартуға ықпал етеді, қаржылық технологиялар құзыреттерінің қолжетімділігін арттырады және жаңа өнімдерді нарыққа қауіпсіз режимде шығаруды жеделдетуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Қаржы нарығында инновацияларды дамыту мен енгізуге қолайлы орта құру мақсатында реттеу орталарының тиімділігі арттырылатын болады. Реттеу орталары жаңа өнімдер мен сервистерді бақыланатын ортада тестілеу мүмкіндіктерін ұсыну есебінен нарыққа түрлі қатысушылардың бизнес-қажеттіліктеріне барынша бағдарланатын болады. Осы мақсаттар үшін реттеу ортасының "бірыңғай терезесін" құру тәсілі пысықталады. Бұл, өз кезегінде, "пайдаланушылық тәжірибені" жақсартуға және өтінімдер беру, іріктеу және тестілеу рәсімдерінен өту бойынша әмбебап рәсімдер құруға мүмкіндік береді.

Нарыққа қатысушылардың реттеу орталарының жұмыс істеу тәртібі туралы хабардар болуы арттырылады. Өтінімдерді іріктеу, қарау және мақұлдау процестерін қоса алғанда, реттеу ортасына кіру рәсімдерін жеңілдету есебінен стартаптарды қолдауды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін дамыту үшін "жаһандық реттеу ортасы" болып табылатын Global Financial Innovation Network-те (GFIN) мүшелік мәселесі пысықталатын болады.

Блокчейн-технологияларды дамыту мақсатында Агенттік қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп, блокчейн-технологияларды қаржы нарығының инфрақұрылымын дамытуда да, қаржы ұйымдарының қызметінде де пайдалану жөніндегі халықаралық тәсілдерді талдайтын болады.

2. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту арқылы цифрлық қаржы нарығының іргетасын қалау

Қаржы нарығының цифрлық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде бағыттардың бірі нарықты Open API және Open Banking технологияларын дамытуға ынталандыру болып табылады. Нарыққа қатысушылардың өзара

іс-қимылының осы технологиялары мен форматтары қаржы нарығындағы жариялылықты арттырудың, бәсекелестік пен ынтымақтастықты ынталандырудың инновациялық қаржылық технологиялық өнімдер мен сервистерді құрудың маңызды элементі болып табылады.

ҰБ мен Агенттіктің негізгі міндеті Open API-нің жұмыс істеуі үшін стандарттарды тұжырымдау және Open Banking-тің даму тәсілдерін айқындау болып табылады. ҰБ нарыққа қатысушылармен жылдам интеграциялау үшін меншікті API сервистерін әзірлеу бойынша іс-шаралар кешенін іске асыратын болады.

Open API және Open Banking тетіктерін дамыту оған қатысушылардың өзара іс-қимылын стандарттау, көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің қаржы ұйымдарының иелігіндегі ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, бөгде өнім берушілерді авторландыру қажеттілігі және клиент тарапынан келісімнің болуы есебінен сенімді ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Коммерциялық қаржы маркетплейстерді - қаржы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) қашықтан бөлшек сауда дистрибуциясы және қаржы мәмілелерін тіркеу үшін агрегатор-алаңдарын құруды ынталандыру қаржы нарығының цифрлық инфрақұрылымын дамытудың жеке бағыты болады. Маркетплейстер көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылардың қаржы нарығына тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бәсекелестікті дамытуға және қаржы сервистерін ұсыну қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін болады.

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту тиімді ұлттық төлем жүйесін құруды да қамтиды, бұл қаржылық көрсетілетін қызметтерді қауіпсіз, жылдам және ыңғайлы қосу мен алу үшін инфрақұрылым құру арқылы қаржылық сервистерге қолжетімділікті кеңейтуді және халық үшін шығасыларды қысқартуды қамтамасыз етеді.

Инфрақұрылымдық шешімдер мезеттік төлемдер жүйесін дамытуды, төлем карточкалары бойынша операцияларды өңдеу үшін жергілікті инфрақұрылым ұйымдастыруды, клиенттерді қашықтан сәйкестендіру сервисін дамытуды, "цифрлық теңгені" енгізу мәселесін пысықтауды қамтитын болады. Іс-шаралар Қазақстан Республикасының Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде жүргізілетін болады.

3. Цифрлық теңге енгізу

Цифрлық теңге енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда, ол интернет желісіне қол жеткізбей төлеу мүмкіндігінің арқасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың қолжетімділігін кеңейтуге және үздіксіздігін қамтамасыз етуге, инновациялық қаржы сервистерін құруға және ашықтық пен атаулылық есебінен мемлекет қатысатын есеп айырысулардың бағдарламалануының, сондай-ақ тиімділігінің арқасында бәсекелестікті ынталандыруға ықпал ететін болады.

BIS деректері бойынша (2022 жылғы шілдедегі жағдай) бүкіл әлемге 72 орталық банк орталық банктің цифрлық валютасын енгізу мәселесін зерделеуде, 29-ы пилоттық

сынақтан өткізуде. 2021 жылы ҰБ цифрлық теңге платформасының технологиялық прототипін әзірледі, сондай-ақ цифрлық теңгенің қаржылық тұрақтылық пен тұтас экономикаға әсерін бағалаудың бастапқы моделін әзірледі.

2022 жылы нарыққа қатысушылармен бірлесіп, цифрлық теңгенің технологиялық платформасын кеңейту және тестілеу бойынша экономикалық зерттеулер және жұмыс жүргізілетін болады. Мүдделі тараптарды кеңінен тарту мақсатында Қазақстанда ұлттық цифрлық валютаны енгізу мәселелерін бірлесіп зерттеу үшін барлық мүдделі тараптарды біріктіретін Digital Tenge Hub коллаборативті алаңы іске қосылды.

Халықаралық практикаға сәйкес Қазақстанда ұлттық цифрлық валютаны енгізу кезінде пайда мен шығасыларды кешенді талдауды қамтитын Цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі әзірленді.

Модельдің мамандандырылған өлшемшарттары шеңберінде экономикалық және реттеушілік зерттеу, технологиялық параметрлерді бағалау, тұтынушылық мінез-құлықты сандық және сапалық зерттеу қорытындыларын, дизайн-сессиялар мен сараптамалық талқылаулар қорытындыларын ескере отырып, цифрлық теңгені енгізудің орындылығы туралы ұсынылатын шешім әзірленетін болады.

2-міндет. Қаржы нарығының жаңа қаржылық технологиялары мен цифрлық сервистер жүйелерін дамыту

Қаржы ұйымдары мен қаржылық емес ұйымдар интеграцияланған цифрлық нысанда қаржылық және қаржылық емес көрсетілетін қызметтерге онлайн қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа бизнес-модельдерді қалыптастырады. Шетелдік орталық банктер мен қаржы нарығын реттеушілер қазіргі уақытта инновациялар мен цифрлық сервистер жүйелерінің қаржы нарықтарының дамуына әсерін зерттеуде және бағалауда.

Соңғы жылдары қаржы нарығында оффлайн форматтан цифрлық қаржы сервис, оның ішінде цифрлық платформалар жүйесіне белсенді көшу байқалуда. Елдегі цифрлық сервис жүйелерінің дамуына банктер айтарлықтай әсер етті. Бүгінде жергілікті нарықта бірнеше цифрлық сервис жүйелері бар, олардың функционалы онлайн форматта қаржылық және қаржылық емес көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қамтиды. Цифрландырудың көптеген параметрлері бойынша Қазақстанның қаржы нарығы өңірдегі көшбасшы елдердің қатарына кіреді. Инновациялар және онлайн-сервистер халықтың сұранысына ие, оларды жедел дамыту үшін технологиялық және инфрақұрылымдық жағдайлар бар.

Тұтынушыларға қаржылық көрсетілетін қызметтерді де, қаржылық емес сервистерді де онлайн форматта ұсынатын цифрлық сервис жүйелерін қалыптастырудың көптеген нұсқалары бар. Оның аясына тек ІТ-компаниялар ғана емес, маркетинг, есепке алу және талдау, тұтынушылармен жұмыс, сапаны бақылау сияқты әртүрлі қолдау сервистері де кіруі мүмкін.

Қазақстанда жаңа қаржылық технологиялар мен цифрлық сервис жүйелерінің қалыптасу процесі дамудың бастапқы кезеңінде тұр. Оларды одан әрі дамыту үшін олардың қаржы нарықтарының дамуына әсерін бағалау жүргізіледі және реттеу шеңберінде қаржылық инновациялар мен цифрлық сервистерді енгізу процестеріне байланысты тәуекелдерді барынша азайту стандарттары мен рәсімдері тұжырылымдалатын болады.

1. Жаңа қаржылық технологиялардың дамуын ынталандыру, қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Бүгінгі таңда қазақстандық заңнамада банктер мен банк холдингтерінің қаржы саласынан басқа салаларда қызметті жүзеге асыратын компанияларды құру не олардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу мүмкіндігі көзделмеген.

Қаржы өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін цифрландыру, сондай-ақ инновацияларды әзірлеу мен енгізуді ынталандыру үшін Агенттік қаржылық тұрақтылықты және қаржы конгломераттарының орнықтылығын қамтамасыз еткен жағдайда, қазақстандық қаржы ұйымдарына онлайн-сауда саласында және қызметтер көрсету саласында жұмыс істейтін компанияларды құру және олардың капиталдарына қатысу құқығын беру мүмкіндігін қарайтын болады.

Банктердің осындай компанияларды құру және олардың капиталына қатысу жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейту бәсекелестікті және қаржылық инклюзияны арттыруға, қаржылық операцияларды жүргізу шығасыларын қысқартуға және олардың халық үшін өзіндік құнын төмендетуге және тұтас алғанда, қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ықпал ететін болады.

Сонымен бір мезгілде қаржы нарығына қатысушылардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау процестеріне талдау жүргізу және ашық банкинг технологияларын енгізу жоспарлануда. Осы мақсаттарда Open API және Open Banking ашық интерфейстер стандарттарын енгізуге жағдайлар жасау тәсілдері тұжырымдалатын болады.

Көрсетілген шаралар цифрлық сервистің әртүрлі арналары арқылы қаржылық қызметтер көрсету мүмкіндігін ұсына отырып, клиенттер мен тұтынушылар туралы ақпаратты қоса алғанда, тиімді түрде деректер алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шетелдік технологиялық платформалардың жергілікті қаржы нарықтарына шығуы Көптеген елдердің реттеушілері үшін сын-қатерлердің бірі болып табылады. Осыған байланысты ҰБ және Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен және қаржы ұйымдарымен бірлесіп, тәуекелдерге талдау және зерттеу жүргізеді.

2. Әлеуетті тәуекелдерді талдау және бақылау

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, инновацияларды, қаржылық технологиялар мен цифрлық сервистерді жаппай енгізу бірқатар тәуекелдермен қатар жүреді.

Атап айтқанда, инновацияларды енгізуге, ақпараттық технологияларды әзірлеуге, сондай-ақ цифрлық қаржылық инновацияларды енгізумен және қолдаумен айналысатын компанияларды сатып алуға арналған инвестициялар мен салымдар қаржы ұйымдарының орнықтылығына қатысты тәуекелдерге байланысты. Бұл ретте жүйе құрушы банктер жағдайында қаржылық тұрақтылық тәуекелдері де туындайды.

Осы мақсаттар үшін Агенттік қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп, қаржылық емес компаниялардың капиталына қаржы ұйымдары инвестицияларының тәуекелдерін бағалауға қойылатын мөлшерлес талаптарды зерттейді және тұжырымдайды.

Бұдан басқа, инновацияларды және цифрлық сервистер жүйелерін енгізу қаржы ұйымдары мен қаржылық емес ұйымдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялаумен, сондай-ақ құпия, оның ішінде клиенттер туралы ақпарат алмасуды көздейтін деректер базасына қолжетімділікті ұсынумен қатар жүреді.

Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету және кибералаяқтық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, қажетті ақпараттық және киберқауіпсіздік стандарттарын, КҮС (Know your customer) қағидалары бойынша комплаенс рәсімдерін әзірлейтін болады. Бұл ретте ақпараттық және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тәуекелдерді талқылау қаржы технологияларын одан әрі дамытуды және қаржы нарығының қауіпсіз жұмыс істеуін ынталандыру жөніндегі шешімдер балансын сақтай отырып, көрсетілген саладағы реттеушілер және қаржы нарығының қатысушылары болып табылатын тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізілетін болады.

Цифрлық қаржылық сервистерді кеңейту қаржылық қызметтерді тұтынушылармен жұмыс істеудің стандартты процестері мен рәсімдерін өзгертеді.

Қаржылық инновациялардың және цифрлық сервис жүйелерінің түрлі нысандары арқылы қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алатын азаматтардың құқықтарын қорғау үшін Агенттік қаржы ұйымдарының клиенттермен жұмыс істеу стандарттарын әзірлеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлігінде реттеушілердің халықаралық практикасын зерделейтін болады.

3-міндет. ESG қағидаттарын енгізу

Орнықты даму қағидаттарын қолдану саласындағы жаһандық мақсат қоршаған орта факторларын, әлеуметтік факторларды және корпоративтік басқару факторларын (ESG-факторлар) операциялық қызметке және инвестициялық шешімдер қабылдау процестеріне енгізу болып табылады.

Қаржы секторы ESG қағидаттарын енгізуде шешуші рөл атқарады, себебі ол "жасыл" экономиканы қаржыландыруды қамтамасыз етеді және ESG тәуекелдерін ескере отырып, компаниялардың түрлендірілуін ынталандырудағы маңызды тетікке ие.

ESG қағидаттарын енгізу қаржы ұйымдарының климаттық тәуекелдер және қаржылық тәуекелдермен қатар экологиялық проблемалар тұрғысынан өз

қызметтерінің әлеуетті тұтынушыларына бағалау жүргізуіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде қаржы ұйымдарының клиенттерін тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келуге ынталандырады.

Көптеген елдерде реттеушілер экономика үшін қаржы ресурстарының негізгі көзі болып табылатын қаржы секторы үшін ESG саласында стандарттар және нормативтік құжаттар әзірлейді.

Экономикаға инвестициялар көлемін ұлғайту мақсатында қаржы секторына қатысушылардың қызметінде ESG-факторларды есепке алу үшін жағдай мен ынталандыру жасау қажет.

1. ESG тәуекелдеріне ұшырау туралы ақпаратты жария ету

Шетелдік капиталды тарту және "жасыл" қаржыландыруды арттыру үшін қолайлы орта құру мақсатында Агенттік "жасыл" қаржы құралдарын инвестициялауға және қолдануға жауапты қаржы ұйымдары үшін ESG тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі туралы ақпаратты ерікті түрде жария ету жөніндегі ұсынымдар әзірледі. Қаржы ұйымдары жыл сайынғы есептіліктің шеңберінде ESG тәуекелдерінің олардың қызметіне ықпалын бағалау бойынша ақпараттан тұратын ұсынымдарды ерікті түрде енгізіп, есепті жариялай алады.

Көрсетілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеу мақсатында қаржы ұйымдарының тиісті есепті мерзімді жариялауы бойынша талаптар белгіленетін болады.

2. ESG қағидаттарын тәуекелдерді басқару жүйесіне және корпоративтік басқаруға енгізу

Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы күн тәртібінің басты үрдістеріне жауап беретін бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін Агенттік заңнамалық деңгейде ESG қағидаттарына сәйкестігі бойынша тәуекелдерді басқарудың және қаржы ұйымдарының корпоративтік басқарудың ішкі жүйелеріне қойылатын талаптарды белгілеуді жоспарлап отыр.

Қаржы ұйымының стратегиясы мен бизнес-моделі орнықты даму мақсаттарын, ESG факторларды және онымен байланысты тәуекелдерді, ESG тәуекелдерімен байланысты стратегиялық мақсаттарды және (немесе) лимиттерді белгілеуді ескеруі тиіс.

Корпоративтік басқару жүйесі директорлар кеңесі мүшелерінің орнықты даму, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде тәжірибесінің болуын, директорлар кеңесінің ESG тәуекелдерін арнайы комитеттер арқылы мониторингтеу және бақылау жөніндегі жауапкершілігін бекітуді ескере отырып құрылуы тиіс, сыйақы жүйесі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді және ESG тәуекелдерін тиімді басқаруды ескеруге тиіс.

Бұдан басқа, қаржы ұйымдарының қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, оның ішінде инвестициялық шешімдер қабылдау процесіне біріктірілген ESG тәуекелдерін басқарудың нақты реттелген ішкі рәсімдері мен саясаты болуға тиіс.

Қаржы ұйымдарына қатысты ESG-факторлардың олардың қызметінің нәтижелеріне әсері туралы ақпаратты жария ету бойынша талаптарды белгілеу жоспарлануда:

орнықты даму мақсаттарымен өзара байланыста, сондай-ақ оларда ESG - факторларды және олармен байланысты тәуекелдерді есепке алу бөлігінде қаржы ұйымының стратегиясы мен бизнес-моделі туралы мәліметтер;

корпоративтік басқару жүйесі туралы мәліметтер;

қаржы ұйымы қызметінің қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және экономикаға әсеріне және оның қызметіндегі ESG-факторларды ескеруге байланысты саясаттар мен рәсімдерді сипаттау;

ESG-факторларға байланысты негізгі тәуекелдерді және осындай тәуекелдерді басқару әдістерін сипаттау.

3. ESG тәуекелдерін мониторингтеу және оларды қадағалау жүйесіне біріктіру

Қаржы нарығына қатысушыларды орнықты даму қағидаттарын енгізуге және сақтауға ынталандыру, сондай-ақ ESG саласын мемлекеттік реттеу тетіктерін белгілеу мақсатында ESG тәуекелдерін мониторингтеу тетігін қадағалау жүйесіне енгізу жоспарлануда.

Агенттік тұрақты негізде қаржы ұйымдарының ESG тәуекелдерін басқару бөлігінде ұсынымдар мен талаптарды сақтауына мониторинг жүргізетін болады. ESG тәуекелдерін мониторингтеу банктер бойынша SREP жыл сайынғы қадағалау бақылауының шеңберінде жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, ESG тәуекелдеріне стресс-тестілеу жүргізу, климаттық, әлеуметтік және басқарушылық оқиғалар мен құбылыстардың болжамын ескере отырып сценарийлер әзірлеу, меншікті капиталға және тәуекелдерді басқару жүйесіне әсерін бағалау жоспарлануда.

4-міндет. Қаржы нарығындағы құзыретті дамыту

Қадағалау практикасының нәтижелері және жекелеген қаржы ұйымдарының банкроттығы қаржы ұйымдарының, әсіресе стратегиялық және операциялық шешімдер қабылдайтын негізгі қызметкерлердің кадр әлеуетін іріктеу, тағайындау және дамыту рәсімдерін күшейту қажеттігін растайды.

Орын алған кемшіліктер корпоративтік басқару деңгейінің, қалыптастырылатын қаржылық және өзге де есептілік сапасының, тәуекелдерді басқару жүйесінің, инвесторлар мен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың төмендеуіне, сондай-ақ қаржы секторының тұтастай бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығына теріс әсер етуге әкеледі.

Кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, кәсіби сертификаттаудың болуы жөніндегі талаптарды енгізу, қаржы секторының (CPD/CPE) қызметкерлерінің күнделікті қызметіне үздіксіз кәсіби оқыту жүйесін кіріктіру қажет.

1. Кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау іс-шаралары мен бағдарламаларын іске асыру

Қаржы ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін Агенттік нормативтік құқықтық актілер деңгейінде кадр әлеуетін және кәсіби дағдыларды жақсарту үшін қызметкерлерді даярлау мен оқытудың міндетті бағдарламасына қойылатын талаптарды белгілейтін болады. Даярлау мен оқытудың мақсаты стратегиялық және операциялық шешімдер қабылдау үшін қажетті операциялық, нарықтық, кредиттік тәуекелдерді және өтімділік тәуекелдерін басқару, корпоративтік басқару саласында білім алу болады.

Даярлау мен оқыту бағдарламасының жекелеген талаптары банк заңнамасын, бағалы қағаздар нарығы және сақтандыру туралы заңнаманы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасының салалық заңнамасы бойынша қаржы ұйымдары қызметкерлерінің білімін арттыруға бағытталатын болады.

Даярлау мен оқытуды қаржы ұйымдары өздерінің оқу орталықтарының базасында да, кадрларды кәсіби даярлау/қайта даярлаудың басқа мамандандырылған орталықтарының көмегімен де ұйымдастыруы мүмкін. Осы мақсаттар үшін Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, көрсетілген орталықтардың қызметін аккредиттеу және кейіннен жүйелі бағалау үшін талаптарды көздейтін болады.

2. Қаржы ұйымдарының қызметкерлерін кәсіби сертификаттаудан өтуге ынталандыру

Халықаралық стандарттарды енгізу қаржы ұйымдарының негізгі қызметкерлеріне арналған жаңа біліктілік талаптарын қалыптастыруды талап етеді.

Аудит, есеп, қаржы және басқару саласындағы негізгі біліктіліктер Басқару есебі бойынша сертификатталған мамандар институтының (CIMA), Британдық сертификатталған алқаби бухгалтерлері қауымдастығының (ACCA), Сертификатталған талдаушылар институтының (CFA), Баламалы инвестициялар бойынша талдаушылар қауымдастығының (CAIA) және Тәуекелдерді басқару бойынша халықаралық мамандар қауымдастығының (CFRM), Кәсіби тәуекел-менеджменттің қауымдастығы (PRIMA), Тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандардың халықаралық қауымдастығының (GARP) бағдарламалары болып табылады.

Агенттік нарыққа қатысушылармен бірлесе отырып, қаржы ұйымдарының негізгі қызметкерлерін кәсіби сертификаттаудан өтуге ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлейді.

3. Сұр тізімдерді енгізу және кәсіби қызметпен айналысуға шектеу қою

Қаржы ұйымдары менеджментінің жауапкершілігін арттыру мақсатында қаржы ұйымдарының қаржылық жай-күйі мен беделіне елеулі нұқсан келтіруге әкелген заңды және жеке тұлғалардың қызметін шектеуге бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылатын болады.

Осы іс-шаралар шеңберінде заңға қайшы әрекеттері не әрекетсіздігі қаржы ұйымын бұрын мәжбүрлеп таратуға немесе оны банкрот деп тануға әкелген адамдардың басшы лауазымға орналасу мүмкіндігін шектеуге бағытталған, мінсіз іскерлік беделі бойынша ережелер заңнамалық деңгейде бекітілетін болады.

Заңнамалық жаңалықтарды іске асыру үшін қаржы ұйымдарының лицензиясы олардың кінәсінен қайтарып алынған тұлғалар туралы мәліметтер базасы қалыптастырылатын болады. Осылайша, Агенттік пен ҰБ жосықсыз тұлғаларды қаржы секторында кез келген лауазымға жұмысқа орналастыруға жол бермеу бойынша шаралар қабылдай алады.

Азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылған, дәрменсіз деп танылған қаржы ұйымдарына бақылау жасаған тұлғаларды аталған базаға енгізу мүмкіндігі қосымша қаралатын болады.

5-міндет. Қаржы нарығының қатысушыларымен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру

Қаржы нарығын реттеудің аса көп шығасылары реттеушілердің шығыстарын да, нарыққа қатысушылар үшін қызметтердің өзіндік құнын да азайтудың тиімді шараларын әзірлеуді талап етеді. Реттеушілік технологияларды жетілдірудегі негізгі үрдістер бүгінгі таңда деректерді - транзакциялық есептілікті және қаржы ұйымдарының клиенттерін сәйкестендіруді қолмен өңдеудің азаюына байланысты.

Қаржы нарығына қатысушылардың талаптары мен күтулеріне сәйкес болу үшін деректерге негізделген қадағалауды енгізу және Regtech және Supotech технологияларын қолдану есебінен өздерінің негізгі бизнес-процестерін цифрландыру деңгейін арттыру, сондай-ақ қаржы нарығына қатысушылармен және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен неғұрлым тиімді және технологиялық өзара іс-қимыл жасау қажет.

1. Supotech технологияларын қолдану арқылы деректерге негізделген қадағалауды орнықтыру

Деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға арналған операциялық шығыстарды қысқарту үшін, жаңартылған деректер, деректермен жұмыс істеудің технологиялық процестері есебінен қадағалау функцияларының сапасын жақсарту, қаржы ұйымдарына реттеуші жүктемені азайту Supotech технологияларын дамыту жоспарлануда.

Supotech технологиялары реттеушінің деректерді жинау мен талдауды автоматтандыру, тәуекелдерді анықтау және бағалау, сондай-ақ қолданыстағы тәуекелге бағытталған қадағалау рәсімдерін жетілдіру үшін инновациялық технологияларды қолдануды қамтиды.

2. RegTech технологияларын қолдану арқылы деректерге негізделген қадағалауды орнықтыру

Реттеушілік талаптарды сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі процестерді онтайландыруды арттыру үшін қаржы ұйымдары RegTech технологияларын дамытуды жоспарлап отыр.

RegTech технологияларын қаржы ұйымдары есептілікті дайындау, тәуекелдерді басқару кезінде реттеушілік талаптарға сәйкестікті тексеру үшін, сондай-ақ алаяқтықтың алдын алу, стресс-тестілеу жүргізу және т.б. үшін пайдаланады. RegTech технологияларын белсенді қолдану клиенттерді идентификаттау және КҮС талаптарына сәйкестікті тексеру және КЖ/ТҚҚ саласында күтіледі.

Қаржы нарығында RegTech технологияларын қолдану шығасыларды азайтады және жұмыс процестерінің тиімділігін арттырады, бақыланатын субъектілерге шығындар мен жүктемені азайтады.

RegTech технологияларын дамыту шеңберінде ҰБ пен Агенттік нарыққа қатысушылармен бірлесіп автоматтандыру және ұсынылатын есептілікке бақылауды күшейту бойынша жұмыс жүргізетін болады. Қаржы нарығы субъектілерінің есептілігін қалыптастыру мен ұсынудың әдіснамасы мен инфрақұрылымын жетілдіру бойынша, оның ішінде тиісті есептіліктің деректерін мемлекеттік дерекқорының ақпаратымен үйлестіру бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

3. Қаржы нарығының қатысушыларымен өзара іс-қимылдың "бірыңғай терезесін" орнату және электрондық құжат айналымына көшу

Агенттік пен ҰБ-ның сыртқы ортамен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру заманауи IT-шешімдерді талап етеді. Осы мақсаттар үшін қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау бойынша "бірыңғай терезені" орнату жоспарлануда. Бірыңғай кеңістік құру Агенттік, ҰБ (оның филиалдары мен еншілес ұйымдарын қоса алғанда) мен қадағалаудағы субъектілер арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

"Бірыңғай терезені" орнату шеңберінде өзара іс-қимылдың алуан түрлерін және қаржы нарығы сегменттерінің ерекшеліктерін ескере отырып, технологиялық шешімдердің нысаналы архитектурасы айқындалатын болады. Архитектураның негізіне қаржы нарығының қатысушылары үшін жеке кабинеттерді іске асырумен орталықтандырылған тәсіл салынады.

Қағаз тасығышта сақтауға және өңдеуге жататын құжаттардың саны қысқартылатын болады. Бұл бастама "Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыруға толық ықпал ететін болады.

6-міндет. Ақпараттық және киберқауіпсіздік

Қазіргі уақытта ақпараттық және киберқауіпсіздік саласындағы қаржы нарығын реттеуді бірнеше мемлекеттік орган жүзеге асырады: республикалық деңгейде - ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган - ЦДИАӨМ, қаржы нарығының субъектілері бойынша - Агенттік, төлем жүйелері және көрсетілетін төлем қызметтері нарығы бойынша - ҰБ.

Мемлекеттік органдар арасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру маңызды міндет болып табылады. Қаржы

секторының киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге бірыңғай тәсіл қалыптастыру киберқауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзектендіруге байланысты бастамалар кешенін іске асыруды талап етеді.

Қаржы ұйымдарының менеджменті ақпараттық қауіпсіздік саясатының және реттеушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарының сақталуын бақылауды, сондай-ақ қажетті кадрлық және материалдық ресурстарды бөлуді қамтамасыз етуі керек.

1. Қаржы секторының киберқауіпсіздігін реттеуді оңтайландыру

Реттеушілік төрелікке жол бермеу және қаржы нарығының субъектілерінен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын нақты түсінуді әзірлеу үшін үш реттеушінің: ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның, Агенттіктің және ҰБ-ның құзыреттерінің аражігін ажырату және бекіту қажет.

Осыған байланысты Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны өзектендіруді жоспарлап отыр. Қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істейтін қаржы нарығын қалыптастыру үшін ақпараттық қауіпсіздік өлшемшарттары мен қаржы нарығының сындарлы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектілерін айқындайтын ережелер әзірленетін болады. Осы объектілер иелерінің рөлі, жауапкершілігі және міндеттері айқындалатын болады.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын 180 27000, 27001 және 27005 халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру жоспарлануда.

Тиісті іс-шараларды іске асыру ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің жұмыс істеуіне, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін мониторингтеуге және басқаруға қойылатын талаптарды белгілеу есебінен ақпараттық қауіпсіздіктің жүйелік тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің құзыреттеріне және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметтеріне қойылатын талаптар жетілдірілетін болады.

2. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нарыққа қатысушылардың өзара тиімді іс-қимылы

Нарыққа қатысушылардың ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара іс-қимылының тиімділігін қамтамасыз ету үшін қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздіктің салалық орталығының (Агенттік) қызметі жетілдірілетін болады. Оның функционалдық мүмкіндіктері қаржы нарығы субъектілерінің киберқауіпсіздігі оқиғалары мен оқыс оқиғаларын мониторингтеуді автоматтандыру және ден қою бөлігінде кеңейтілетін болады. Осы мақсатта қаржы ұйымдарына ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін салалық орталықтың ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары жөніндегі ақпаратты өндеудің автоматтандырылған жүйесіне қосу жөніндегі міндетті жүктеу жоспарлануда.

Төлем қызметтері нарығының қатысушылары үшін ҰБ-ның бірыңғай технологиялық платформасына қосылу ұйымдастырылатын болады, бұл кибероқыс оқиғаларын жинау, мониторингтеу және ден қою мәселесінде кешенді тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, Агенттік қаржы ұйымдарының кибероқыс оқиғаларына ден қою тиімділігіне және ақпаратты салалық орталыққа уақтылы жіберуге тұрақты тексерулер енгізіп, жүргізетін болады. Жоғарыда көрсетілген тексерулердің нәтижелерін салыстырмалы талдау, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін мемлекеттік органдармен бірлескен тестілеу және бақылаудың басқа да тетіктері арқылы бүкіл қаржы нарығы ауқымында орын алған тәуекелдер мен осалдықтарға тиімді ден қоюға мүмкіндік беретін кибер оқыс оқиғаларын басқарудың жалпы саясаты қалыптастырылатын болады.

Киберқауіпсіздік оқыс оқиғаларына ден қоюдың сапасы мен жеделдігін арттыру мақсатында салалық орталықтың ҰБ-мен, арнаулы және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жоспарлануда. Тиісті тетікті іске асыру қаржылық қылмыстарды тергеп-тексеру үшін киберкриминалистикадағы құзыреттілікті арттырады деп күтілуде.

3. "Адал мінез-құлықты қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау" даму бағыты

Тұтынушылар үшін қаржы өнімдері мен қызметтерін әртараптандыру және олардың қолжетімділігін арттыру тұтынушылардан дұрыс шешім қабылдау үшін қаржы өнімдерінің ерекшеліктерін және олармен байланысты тәуекелдерді түсінуді, ал қаржы институттарынан - халықпен жұмыс істеудің жоғары стандарттарын түсінуді талап етеді.

Осыған байланысты реттеушілердің әлемдік практикасында қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде орын алған фактілерге ден қоюдан қаржы қызметтерін жеткізушілер мен оларды алушылардың өзара іс-қимыл сапасын арттыруға және нарық субъектілерінің жосықсыз мінез-құлық үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған қадағалаудың превентивтік нысанына көбірек назар аударылуда.

Тұтынушыларды қорғаудың кешенді моделін енгізу қажет, ол халықтың қаржы өнімдері туралы хабардар болуына және қаржылық сауаттылығына оң әсер етеді, қаржы нарығына қатысушылардың тұтынушылармен адал және әділ жұмысты қамтамасыз етудегі жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

1-міндет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың жаңа моделін енгізу

Маңызды міндет қаржы нарығында қаржы ұйымдарының өзі қаржылық өнімдер мен қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде басты рөл атқаратын, азаматтардың өз мақсаттары мен қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін

қаржы өнімдері мен қызметтерін таңдауы мен қолжетімділік алуына ықпал ететін талаптарды қалыптастыру болып табылады. Бұл тәуекелге бағдарланған тәсіл қағидаттарын енгізуді және тұтынушылармен өзара іс-қимылдың жаңа стандарттарына көшуді талап етеді.

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тәуекелге бағдарланған тәсілін енгізу

Соңғы жылдары көптеген елдерде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты реттеу саясатында түбегейлі өзгерістер байқалуда. Қадағалау бағдарын формальды бұзушылыққа ден қоюдан тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету бойынша проактивті қадағалау жұмысына ауыстыру жаһандық тренд болып табылады.

Ол үшін Еуропалық Одақта, АҚШ пен Ұлыбританияда жосықсыз практикаларды анықтау және осындай практикалардың нәтижесінде тұтынушылардың шығыстарын өтеу тетіктерін қолдану мақсатында қаржылық қызметтерді жеткізушілерге қатысты тақырыптық тексерулер жүргізуді көздейтін ерте ескерту жүйесін енгізу бойынша ұлттық реттеушілердің өкілеттіктері кеңейтілді.

Қадағалау органдарының өкілеттіктері заңнамалық тұрғыда қаржы ұйымдарының халықпен жұмыс істеу стандарттарын енгізу құқығымен толықтырылды, іс-әрекет стандарттарының орындалуын бақылау жөніндегі білікті мамандарды тарту және даярлау үшін қадағалауға елеулі инвестициялар жасалды.

Жосықсыз практикаларды анықтау мақсатында қаржы ұйымдарына тақырыптық тексерулер жүргізуді көздейтін ерте ескерту жүйесін енгізу маңызды міндет болып табылады.

Осыған байланысты негізгі элементі жосықсыз практикаларды ерте кезеңдерде анықтау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін қадағалау ден қою мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін қаржы ұйымдарының бизнес-модельдерін, процестері мен стратегияларын талдауды көздейтін тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу болып табылатын тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жаңа моделі енгізілетін болады.

Бұл Агенттікке тұтынушылардың құқықтарын қорғауда тәуекелге бағдарланған тәсіл қағидаттарын қабылдау бойынша өкілеттік беруді талап етеді.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде қаржы ұйымдары жұмысының 4 негізгі бағытын тексеруге:

1) басқару стратегиялары мен жүйелері - компанияның жоғары басшылығы жауапты болатын іс-әрекет пен тұтынушыларды қорғаудың нақты моделін белгілеу үшін;

2) өнімді әзірлеу - өнімдер жасау кезінде клиенттердің құқықтарын қорғаумен байланысты мәселелерді анықтау үшін;

3) сату кезеңдері және сатудан кейін клиенттермен өзара іс-әрекет жасау кезеңдері - тұтынушының тәуекел-бейініне, шағымдарды әділ қарау және дауларды жедел реттеуге

қарай "алдауды" азайту, өнімдер және онымен байланысты тәуекелдер туралы толық ақпаратты жария ету үшін;

4) тәуекелдерді басқару - халықпен жұмыс жүргізу нәтижелері туралы деректердің негізінде статистикалық модельдер арқылы бизнес-процестерді мониторингтеу, тұтынушылық тәуекелдерді жою жөніндегі жоспарларды жаңартып отыру үшін назар аударылатын болады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау процесінде реттелетін субъектілерді бағалау стандарттарының нақтыланған және түсінікті тізбесін әзірлеу жоспарлануда. Тікелей қаржы ұйымдарын бағалау үшін статистикалық есептілік, тұтынушыларға сауал қою деректері, клиенттердің өтініштері, сондай-ақ "құпия сатып алушы" функционалы шеңберінде алынған тексерулердің нәтижелері пайдаланылатын болады.

2. Халықпен жұмыс жүргізудің іс-әрекет стандарттарын енгізу

Көптеген елдерде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін қаржы қызметін тұтыну процесінде тұтынушылардың мүдделерін барынша ескеруге бағытталған іс-әрекет стандарттары мен қағидаттары енгізілді.

Стандарттар тұтынушылардың мүдделеріне арналған тәуекелдер шоғырланған 4 негізгі бағытты реттеуге:

1) баға және сапа - тұтынушылар қол жеткізетін артықшылықтарды анық түсінуге мүмкіндік бермейтін өнімдерді тұтыну жағдайларын болдырмау үшін;

2) өнімге қажеттілік - тұтынушыларға зиян тигізуі мүмкін өнімдердің не өнімдердің тәуекелін сезінбейтін тұтынушылардың санатына арналған өнімдердің қолайсыз сипаттамаларын клиенттерге ұсынуға жол бермеу үшін;

3) тұтынушыларға қолдау көрсету - тұтынушыларға дер кезінде дұрыс шешімдер қабылдауға жол бермейтін мерзімді кешіктіруге жол бермеу;

4) клиенттермен қарым-қатынас - жаңылыстыруға және лайықсыз қызметтерден бас тартуға мүмкіндік бермейтін қаржы өнімдерінің негізсіз талаптарын белгілеуге жол бермеу үшін бағытталатын болады.

2-міндет. Қаржылық қолжетімділікті, инклюзияны және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Қаржылық қолжетімділікті, инклюзия мен қаржылық сауаттылықты арттыру азаматтардың қаржылық ахуалы мен қаржылық тұрғыдан қорғалуының негізгі факторлары болып табылады. Сервистер мен инфрақұрылымды жетілдіру, қаржы өнімдері мен тәуекелдер туралы көпшілік білімін қалыптастыру ұзақ уақытты талап етеді, сондықтан оларды қаржы нарығының тез өзгеріп отыратын жағдайларына бейімдеп отыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп отыру қажет.

1. Қаржылық инклюзияны дамыту

Қаржылық қолжетімділікті арттыру саласындағы маңызды міндет азаматтардың қаржылық қызметтерді тұтынуы үшін кедергісіз және ыңғайлы орта құру болып табылады.

Қаржылық инклюзияны дамыту шеңберінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін кедергісіз орта стандарттары қабылданып, өңірлер бойынша қаржы ұйымдары бөлімшелерінің, оның ішінде түрлі санаттағы клиенттермен қарым-қатынас жасау үшін дайындалған қызметкерлері бар бөлімшелердің интерактивті картасы жасалатын болады.

Нақты қолжетімділікті қамтамасыз етуден басқа мүмкіндігі шектеулі адамдарға күнделікті қызметінде қажетті қаржы өнімдері мен қызметтерін ұсыну басым міндет болып табылады.

Осыған байланысты қаржы ұйымдарымен және мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, бастапқы кезеңде ұсынымдар, ал кейіннен азаматтардың осал санаттары үшін қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін қаржы нарығына қатысушыларға арналған стандарттар әзірленетін болады.

Бұдан басқа, табыс деңгейі салыстырмалы түрде төмен азаматтардың және халықтың әлеуметтік осал бөлігі санатындағы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, қаржы нарығы құралдарының желісін кеңейту шараларын қабылдау жоспарлануда.

2. Қаржы өнімдері мен қаржылық сауаттылық туралы хабардар болуды арттыру

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру үшін негізгі міндет халықтың қамтылуын ұлғайту болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде барынша өзекті мәселелерді анықтау үшін халыққа сауалнамалар және ақпараттық желіде мониторинг жүргізіледі.

Халықтың қаржы өнімдері мен қызметтері туралы хабардар болу деңгейін арттыру, сондай-ақ қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл кезінде жауапты және сауатты мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында халыққа қашықтан қаржылық білім берудің арналары кеңейтілетін болады.

Ол үшін интерактивті құралдарды (сауалнамалар, тесттер, бейнероликтер, кері байланыс нысандары) енгізу, сондай-ақ барлық мақсатты топтар үшін қаржылық сауаттылық бойынша оқыту іс-шараларын өткізу арқылы www.fingramota.kz интернет-порталының қызметі кеңейтілетін болады.

Халықты барынша қамтуға қол жеткізу үшін қосымша мүдделі мемлекеттік органдармен және жеке сектормен бірлесіп, мемлекеттік және жеке меншік білім беру бағдарламалары арқылы қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша курстар мен сабақтарды ілгерілету жұмысын күшейту. Атап айтқанда, тұтынушылардың неғұрлым осал санаттары үшін оларда цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларын және қаржылық тәртіпті қалыптастыру үшін қосымша білім беру курстарын өткізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғастырылып, күшейтілетін болады. Бұл ретте

негізгі басымдық пайдаланушылар үшін олардың мүдделеріне, белгілі бір әлеуметтік фокус-топқа тиесілігіне қарай ақпараттық материалды неғұрлым терең дербестендіруге берілетін болады.

Қазіргі уақытта түсіндіру жұмыстарының басым бағыттарының бірі қаржылық, инвестициялық, цифрлық және киберсауаттылық, қаржылық алаяқтық мәселелері болып табылады. Ақпараттық-білім беру шараларының кешені тұтынушыларды бейтаныс немесе аса таныс емес өнімдер мен қызметтерді пайдаланудан, қаржылық алаяқтық пен алдау жағдайларынан, заманауи цифрлық қаржы өнімдері мен қызметтеріне байланысты онлайн- алаяқтық қатерлерінен шектеуге бағытталатын болады.

Қаржылық сауаттылықты арттыру, халықтың білім беру және ақпараттық материалдар мен форматтарға неғұрлым өзекті қажеттіліктерін анықтау бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізу мақсатында жыл сайынғы әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді жалғастыру жоспарлануда.

4. "Экономиканы қаржыландыру және банк секторын дамыту" даму бағыты

Банк секторының негізгі міндеті депозиторлардан ақшалай ресурстарды халық пен бизнеске қайта бөлу арқылы экономиканың өсуін ынталандыру болып табылады. Тұрақты қорландыру базасын қамтамасыз ету және оны ұзақ мерзімді қаржыландыру құралдарына айналдыру қажет.

Банк секторының әлеуетін арттыру шеңберінде экономиканы кредиттеуді ынталандыруға, балама қаржы құралдарын дамытуға бағытталған шаралар іске асырылатын болады. Нарықтық жағдайларда кредит беруді ынталандыру мақсатында экономиканы тікелей қаржыландыруда мемлекеттің рөлін біртіндеп төмендету қажет.

1-міндет. Экономиканы кредиттеуді ынталандыру

Ағымдағы экономикалық жағдайларда экономика секторларының біркелкі дамымауы байқалады, бұл корпоративтік секторды кредиттеудің осу қарқынының баяулауына алып келеді. Ел экономикасының өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау корпоративтік қарыз алушылардың сапасын арттыруға, банктердің өтімділігін экономиканы кредиттеуге қайта бөлуге, сондай-ақ банктерді қорландырудың ұзақ мерзімді базасының тұрақтылығын арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдауды талап етеді.

1. Банктердің экономиканы кредиттеуге өтімділікті қайта бөлуге реттеушілік және ынталандырушы шараларын іске асыру

Банк секторы капиталы мен өтімділігінің жинақталған қоры кредиттеуді арттыру әлеуетін айғақтайды. Банктерді қаржылық тұрақтылыққа нұқсан келтірмей, кредиттеуге өтімділікті қайта бөлуге ынталандыру қажет.

Базель III шеңберінде тәуекелге сезімталдықты арттыру мақсатында кредиттік тәуекелді бағалауға стандартталған тәсілді қайта қарау ұсынылады. Агенттік банктердің қарыз алушылардың кредиттік тәуекелдерінің деңгейін жеке негізде

бағалауына бағытталған пруденциялық реттеуді дамытатын болады. Тәуекелдердің нақты көлемін есепке алу мақсатында меншікті капиталдың және ХҚЕС бойынша провизиялардың (резервтердің) жеткіліктілігін ішкі бағалау үшін кредиттік тәуекелдің жеке рейтингтеріне негізделген активтерді мөлшерлеуге неғұрлым егжей-тегжейлі тәсіл енгізу жоспарлануда.

Осылайша банктерде тұрақты қаржылық көрсеткіштері бар және кредиттік тәуекелдің төмен деңгейімен, жоғары әртараптандырумен және ақша ағындарымен сипатталатын қарыз алушылардың кредиттері бойынша капиталға жүктемені төмендету мүмкіндігі пайда болады. Бұл бизнесті кепілсіз кредиттеуді дамытуға да ықпал етеді.

Жоғары сапалы кепілдермен қамтамасыз етілген құнсызданған қарыздар бойынша ХҚЕС бойынша провизияларды (резервтерді) есептеу кезіндегі талаптар төмендетілетін болады. Сонымен қатар, "тұрақты" қамтамасыз ету ретінде қабылданатын кепіл түрлерін көбейту жоспарлануда.

Қазіргі уақытта экономиканы кредиттеудің орнықты өсу факторларының бірі шағын және орта бизнес субъектілері үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, банктерді қорландырудың тұрақты көздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, кредиттік тәуекелдерді азайту құралдарын кеңейту және банктердің кредиттік белсенділігін пруденциялық ынталандыру болып табылады.

Осыған байланысты ҰБ Агенттікпен және Үкіметпен бірлесіп экономиканың нақты секторын, оның ішінде коммерциялық банктердің еркін өтімділігі есебінен қолжетімді және тұрақты кредиттеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлейтін болады.

2. Қорландыру базасының тұрақтылығына қойылатын талаптарды арттыру

Бүгінгі таңда банктерді қорландыру құрылымында қысқа мерзімді салымдар басым. Жинақ салымдары тетігін заңнама тұрғысынан енгізуге қарамастан 2018 жылдан бері салымның бұл түріне сұраныс төмен күйінде қалып отыр.

Банктерді қорландыру құрылымында валюталық қарыздардың шамалы үлесі жағдайында валюталық міндеттемелер елеулі үлесті құрайды.

Қысқа мерзімді қорландырудың және валюталық депозиттердің жоғары деңгейі экономиканы ұзақ мерзімді кредиттеу үшін тежеуші фактор болып қала береді.

Ұзақ мерзімді кредиттеуді ынталандыру үшін Агенттік ҰБ-мен бірлесіп міндеттемелерді өтеудің белгіленген мерзімдерімен банктерді қорландыру базасының тұрақтылығын, сондай-ақ ағымдағы депозиттердің тұрақтылығын арттыру жұмысын, оның ішінде банктердің борыштық құралдары нарығын дамыту және институционалдық инвесторлардың инвестициялық саясатын қайта қарау түрінде жалғастыратын болады. Бұл банктерге ұзақ мерзімді жоспарлауды жүзеге асыруға және "ұзақ" жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте банктердің қамтамасыз етілген облигацияларының нарығын дамыту үшін шаралар қабылданады, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқаруға жеке басқарушы компанияларды тарту мүмкіндігін көздейтін БЖЗҚ-ның тиімді инвестициялық стратегиясы әзірленеді, бұл қаржы құралдарының көрсетілген түріне институционалдық сұранысты қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

3. Кредиттік ұйымдардың мемлекеттік дерекқорлардағы ақпаратқа қолжетімділігін арттыру

Экономиканың нақты секторына кредит беруді шектейтін факторлардың бірі кредиттік шешімдер қабылдау үшін жеткілікті мәліметтердің болмауы болып қалып отыр. Нәтижесінде банктер өтімді кепілді қамтамасыз етудің болуына қатысты қойылатын талаптарды көтеру есебінен кредиттік тәуекелдерді төмендетеді.

Кредиттік тәуекелдер деңгейін барабар бағалау және төмендету үшін банктердің мемлекеттік дерекқорлардан алынған деректерге қол жеткізуін кеңейту, оның ішінде "бірыңғай терезе" қағидаты бойынша қаржы институттары үшін қолжетімділігі бар цифрлық платформаларды қалыптастыру арқылы кеңейту қажет. Бұл кредиттік тәуекелдерді азайтуға, кредиттік өтінімдерді қарастыру бойынша ішкі рәсімдерді оңтайландыру есебінен қызметтердің жылдамдығы мен сапасын арттыруға, кепіл саясатын жеңілдетуге және қарыз алушылар ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Кредиттік тарихты қалыптастыру жүйесін жетілдіру

Кредиттік тарихты қалыптастыру жүйесінің қолданыстағы моделі жеткізушілердің үш дерекқорына - мемлекеттік кредит бюросына, жеке кредит бюросына және мемлекеттік кредит тіркеліміне кредиттік ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды, бұл оларға айтарлықтай операциялық және транзакциялық шығындарды жүктейді және көрсетілген дерекқорлардың сәйкес келмеуіне әкеледі.

Кредиттік тарихты қалыптастыру жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, Агенттік, ҰБ және қаржы нарығына қатысушылар қаржы нарығына қатысушылардың ең аз шығасылары қағидатын ескере отырып, кредиттік бюро моделін жетілдіру мәселесін қарайтын болады. Модельді іске асыру шеңберінде дербес деректерді қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ете отырып, бәсекелестікті дамыту, деректердің сапасын жетілдіру және қосылған құны бар қызметтерді ұсыну үшін ынталандырулар сақталатын болады.

5. Кредиттік тәуекелді хеджирлеудің нарықтық тетіктерін енгізу

Кредиттеудің тұрақты өсуін қамтамасыз ету шеңберінде кредиттік портфельді секьюритизациялау тетіктерін жетілдіру қажет, бұл банктерге қарыздар пулын арнайы қаржы компаниясы (SPV) арқылы жеке инвесторларға беру арқылы ұзақ мерзімді қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді.

Осы тетікті дамыту нарықта арнайы қаржы компанияларының облигацияларына инвестициялауға дайын, банктердің кредиттерімен қамтамасыз етілген инвесторлардың пайда болуын ынталандыратын реттеуші ортаны қалыптастыруды қажет етеді. Осы

мақсатта Агенттік кредиттер пулын стандарттау, облигациялар бойынша кепіл мүлікті тәуелсіз бағалауды енгізу және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша облигацияларды жіктеу арқылы инвесторлардың мүліктік мүдделерін қорғау бойынша қосымша шаралар қабылдайтын болады.

Секьюритизлендіру тетігін жетілдіру бойынша шаралар кешенін қабылдау банктерге кәсіпкерлік субъектілерін жаңа кредиттеу бойынша тәуекелдерді жабу үшін капиталды босатуға мүмкіндік береді.

6. Экономиканы қаржыландыруға шетелдік банктердің қатысуын кеңейту

ДСҰ-ға қосылу шеңберінде Қазақстанда филиалдар ашу арқылы шетелдік банктердің кіруіне рұқсат берілді. Қазақстан нарығына ірі шетелдік банктердің келуі елге тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға, банк нарығындағы бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді және Қазақстанның қаржы секторы мен экономикасының дамуына оң әсер етеді.

Ғаламдық және өңірлік банктерді тартудағы АХҚО тәжірибесі экономиканы қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Ірі жаһандық банктерді тарту үшін Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген құқықтың қолданылуы бөлігінде АХҚО-ның құқықтық артықшылықтарын белсенді пайдалану және олардың ірі жобаларды қаржыландыруға тартылуын ұлғайту қажет.

7. Ислам банкингін дамыту

Қазақстан өңірдегі ислам банкингін дамыту үшін тартымды платформа болып табылады. Исламдық қаржыландыру үшін толыққанды құқықтық базаның болуына қарамастан, бүгінде ислам банктерінің экономиканы қаржыландыруға қатысу үлесі ас көп емес. Дамушы елдерде ислам қаржысы экономиканы кредиттеуге елеулі үлес қосады.

Ислам құралдарының даму әлеуетін пайдалану үшін исламдық қаржы институттарының қызметі үшін АХҚО юрисдикциясының бірқатар артықшылықтарына байланысты Қазақстанның ислам банкингін, оның ішінде АХҚО арқылы одан әрі дамыту қажет.

2-міндет. Балама қаржы құралдарын дамыту

Кәсіпкерлік субъектілерінің дәстүрлі кредиттеуге қосымша қаржы алуындағы тиімді шешім факторинг, лизинг және синдикатталған кредит беру болып табылады.

Балама құралдарды дамыту нақты сектор кәсіпорындарының компаниялардың негізгі және айналым толықтыруға қажетті қолжетімді қаржыландырудағы, ірі және стартап-жобаларды қорландырудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

1. Факторингтің құжаттамалық операцияларының тартымдылығын арттыру

Факторингті дамыту үшін 2020 жылы банктің факторинг бойынша жинақталған провизиялар бойынша шығыстар сомасын шегерімге жатқызу мүмкіндігі бөлігіндегі

ережелері кеңейтілді. Бұл шара орта мерзімді болашақта кредит беру мен факторинг арасындағы салықтық теңгерімсіздікті жоюға, кәсіпкерлер үшін факторинг құнын азайтуға ықпал етеді. Бұдан әрі факторингтік компаниялардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша салық салу бөлігінде банктерге, лизингтік компанияларға қолданылатын тәсілдерді факторингтік компанияларға қолдану мүмкіндігі қаралатын болады. Бұл факторинг құнын азайтуға ықпал етеді және кәсіпорындарды қаржыландырудың осы түрін пайдалануға ынталандырады.

Факторингтік қызметтің инфрақұрылымын жетілдіру шеңберінде электрондық шот-фактураларды есепке алу бойынша платформа құру жалғастырылады. Кәсіпкерлер шот-фактураларды факторингтік платформа жүйесінде тіркеу арқылы осы жүйеге қосылған қаржы ұйымдарына талап ету құқықтарын автоматты түрде беру мүмкіндігіне ие болады.

Жүйеге қолжетімділік банктерге және факторингтік компанияларға жеткізушілердің, борышкерлердің қаржылық жағдайын бағалауға, шот-фактуралардың жай-күйін мониторингтеуге, қамтамасыз ету ретінде клиент ақнептеген шот-фактуралар әрекет ететін жаңа өнімдерді дамытуға, есепке алуды автоматтандыруға ықпал етуге мүмкіндік береді. Сонымен бір мезгілде ашықтықты арттыру, факторингтік қызмет бойынша жалпы статистикалық ақпаратты қалыптастыру шаралары қабылданатын болады.

2. Лизингтік операцияларды дамытуды ынталандыру

Лизингті әрі қарай дамыту жеке лизингтік компаниялардың айналымын өсіру арқылы мемлекеттің лизинг нарығындағы үлесін кезең-кезеңмен азайтуды талап етеді. Ол үшін жеке және квазимемлекеттік лизингтік компаниялардың кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың бағдарламаларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Лизингті дамытуды ынталандыру үшін салық заңнамасы шеңберінде мүлікті қаржы лизингіне беру мерзімін азайту арқылы (үш жылдан бір жылға дейін) мерзімі бір жылдан жоғары лизингтік шарт бойынша сыйақы сомасына салық салынатын кірісті азайту түрінде салықтық жеңілдіктер беру мүмкіндігін де қарау қажет. Бұдан басқа ислам банктерінің сатып алушыға сататын тауарларына үстеме баға сомасын ҚҚС төлеуден босатуына ұқсас, исламдық лизингтік компанияларды ҚҚС-дан босату мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Салық жеңілдіктерін қолдану мақсаттары үшін мүлікті қаржы лизингіне беру шарттары да қайта қаралатын болады, онда лизинг берушінің талап ету құқығын ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары арасында беру ҚҚС-тан босатылады.

Лизинг нарығының, оның ішінде АХҚО дамуын шектейтін кедергілерді жою жалғастырылады. Атап айтқанда, лизинг алушының лизинг нысанасына ауыртпалық салуына тыйым салу көзделетін болады, тіркелетін мүліктің немесе оның бір бөлігінің

лизинг нысанасы болып табылатындығы жөнінде белгі қоюды көздейтін тетік бекітілетін болады. Бұл лизинг алушылар тарапынан заңсыз іс- әрекеттер жасау мүмкіндігін шектейді.

Лизингті дамыту кәсіпкерлік субъектілерінің ұзақ қаржыландыру көздеріне қол жеткізуін жеңілдетеді, шығындарды қысқартады және қаржылық жүктемені неғұрлым ұзақ мерзімге бөледі.

3. Синдикатталған кредиттеу тетігін енгізу

Бірнеше кредитордың қатысуы есебінен синдикатталған кредиттеуді қолдану жеке алынған банк үшін кредиттік тәуекелдің қолайлы деңгейін және кредиттік портфельдің сапасын сақтауға ықпал ете отырып, ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бейрезидент-банктерге синдикатталған қаржыландыруға қатысуға немесе агент-банктің функцияларын орындауға мүмкіндік беретін құқықтық негіз жасалған.

Банктердің тартымдылығы мен қатысуын арттыру үшін АХҚО қазақстандық банктермен бірлесіп, ел ішіндегі жобаларды синдикатталған қаржыландыруда синдикат қатысушыларының тізбесі кеңейтіледі, пруденциялық талаптар және кредиттер бойынша провизиялар (резервтер) құру бөлігінде реттеушілік ынталандырулар енгізіледі. Әрбір қатысушы банктің кредиттік тәуекелін бағалау кезінде тепе-теңдік қағидаты қолданылады, бұл капиталға қысымды азайтуға мүмкіндік береді.

Банктердің және Қазақстанның Даму Банкінің қатысуымен синдикатталған кредит беру тетіктерін қолдану ірі бизнесті тікелей мемлекеттің қаржыландыруын біртіндеп азайтуға ықпал ететін болады.

4. МЖӘ жобаларын дамыту

МЖӘ инфрақұрылымды және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жеке әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы экономиканы дамыту үшін инвестициялар тартудың маңызды құралы болып табылады.

МЖӘ жобаларының тартымдылығын арттыру мақсатында МЖӘ-нің инфрақұрылымы мен нормативтік базасы жетілдіріледі. Заңнамалық деңгейде кепілдік берілетін төлем туралы Тараптар арасындағы уағдаластық түріндегі келісімшарттардың "take or pay" төлеу тетігін бекіту есебінен қаржыландырушы тараптың тәуекелдерін жабу мүмкіндігін көздеу жоспарлануда. Бұл МЖӘ объектісінің құнын тиімді жоспарлау және қарыз қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету есебінен қаржыландырушы тараптың кредиттік тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бюджеттен қаражат уақытша болмаған жағдайда келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мемлекеттік әріптес тарапынан кепілдік міндеттемелер көзделетін болады.

5. Баламалы қаржыландыру құралдарын дамыту үшін жағдайлар жасау

Капиталды тартудың балама құралдарының нарығы бизнес-жобаларды қаржыландырудың қосымша арнасы болып табылатын краудфандинг, сауда және венчурлік платформалар арқылы ұсынылған.

Инвесторлардың сенімін дамыту және арттыру, баламалы қаржыландыру нарығында инвестициялар тәуекелдерін барынша азайту үшін тиісті құқықтық орта құрылатын болады. Атап айтқанда, краудфандингтік платформаларды, сауда алаңдарын, оның ішінде АХҚО аумағында реттеуді енгізу мәселесі қаралады.

Компаниялардың капиталына салынатын венчурлік инвестициялар кредитке қол жеткізуді қиындатқан капиталдың жетіспеушілігі мәселелерін шеше алады. Қазіргі уақытта мемлекет венчурлік қаржыландыруды дамыту үшін заңнамалық жағдайлар мен қолайлы орта құрған - Astana Hub Qaztech Ventures және АХҚО қызметі.

Венчурлік қаржыландыру белсенділігін дамыту және өсіру үшін стартап-компанияларды тікелей немесе АХҚО-да тіркелген венчурлік қорлар немесе краудфандингтік алаңдар арқылы қаржыландыратын инвесторлар класын дамыту үшін заңнамалық ынталандырушы жағдайлар жасау қажет.

3-міндет. Мемлекеттің экономиканы қаржыландырудағы рөлін өзгерту

Қазіргі уақытта мемлекет экономиканы тікелей қаржыландыруға даму институттары арқылы, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру арқылы бизнесті мемлекеттік қолдаудың әртүрлі бағдарламаларын іске асыру арқылы белсенді түрде қатысады.

Мемлекеттің экономиканы қаржыландыруға қысқа мерзімді кезеңде қатысуы экономикаға оң әсер етеді. Алайда ұзақ мерзімді перспективада нарықтық кредиттеуді арзан мемлекеттік қаржыландырумен алмастыру теріс салдарға әкеп соғады - ақша-кредит саясаты құралдарының тиімділігін, пайыздық және кредиттік арналардың пәрменділігін төмендету, мемлекеттік және нарықтық қаржыландыру көздері арасындағы сыйақы мөлшерлемелеріндегі төреліктің пайда болуы, ақшаның нақты құнын бұрмалау.

1. Мемлекеттік органдардың тиімді макроэкономикалық саясат бойынша шараларын үйлестіру

Макроэкономикалық тұрақтылық қаржы секторын толыққанды дамытуға ықпал етеді. Бұл үшін Агенттіктің қаржы нарығын дамытуға бағытталған іс-қимылдары ҰБ-ның ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру жөніндегі тиісті бастамаларымен, сондай-ақ Үкіметтің макроэкономикалық саясатқа қатысты шараларымен нығайтылуға тиіс. Бұл ұзақ мерзімді болашақта Қазақстан экономикасының орнықты өсуінің негізін құрайды.

Осыған байланысты Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Агенттіктің макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, тәуекелдерді шектеуге,

экономиканы қолдауға және оны сыртқы және ішкі ортаның өзгерген жағдайларына бейімдеуге бағытталған шараларын келісуді және үйлестіруді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

2. Экономикаға мемлекеттік қолдау көрсететін бағдарламаларды біртіндеп қысқарту

Экономиканы қаржыландыру көлемінің бір мезгілде төмендеуіне негізделген нарықтық соққыларды азайту мақсатында Үкімет, ҰБ және Агенттік даму институттары арқылы тікелей мемлекеттік қаржыландыруды және кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды біртіндеп қысқарту бойынша жұмысты жалғастырады.

Аталған іс-шараларды іске асыру банктік кредиттеу, микрокредиттеу және қор нарығындағы құралдар арқылы бизнес субъектілерін қаржыландырудың нарықтық қағидаттарына көшіруге ынталандырады. Бұл мемлекет қаражатын ұтымды пайдалануға, ақша-кредит саясаты құралдарының тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Кейіннен экономиканы мемлекеттік қолдаудың бағдарламаларын біртіндеп қысқарту бәсекелестікті арттыруға, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуге және қор нарығында борыштық қаржыландыруды тарту құралдарын дамытуға алып келеді.

Қарыз алушылар үшін бұл іске асырылатын жобалардың тиімділігін арттыруға, ашықтық пен бәсекеге қабілеттілікке, қаржылық жоспарлау және бюджеттеу жүйесін жақсартуға ынталандырады.

3. Дәрменсіз кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді тоқтату

Жекеше секторды дамыту табиғи түрде сауықтыру процесінсіз жүргізілмейді. Қазіргі уақытта экономикада арзан мемлекеттік қаржыландыруға қол жеткізе алатын тиімсіз кәсіпорындар бар. Мұндай ахуал қаржыландыруды рентабельдік қарыз алушылардан рентабельді емес қарыз алушыларға қайта бөлуге әкеледі және барынша тиімді компанияларды бәсекелес емес жағдайға қалдырады.

Дәрменсіз кәсіпорындардың қарыз алу бағдарламаларына қол жеткізуін шектеу үшін дәрменсіз және жұмыс істеуге қабілетсіз кәсіпорындарға мемлекеттік қолдауды болдырмау қажет.

Мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыру және жұмыс істеуге қабілетсіз қарыз алушыларды қаржыландыруды болдырмау мақсатында Үкімет кәсіпорындардың жұмыс істеуге қабілеттілігін бағалаудың (талдаудың) нақты тетіктерін әзірлеу бойынша шаралар қабылдайтын болады.

4-міндет. Дәрменсіз қарыз алушыларды оңалту және олардың банкроттығы

Банкроттықтың тиімді тетіктерінің болуы борышкерлердің мүлкін экономикалық айналымға қайтара отырып, төлемге қабілетсіз және тиімсіз борышкерлерді экономикалық қызметтен шығару арқылы ел экономикасын тез сауықтыруды қамтамасыз етеді.

1. Оңалту және банкроттық рәсімдерін жетілдіру

Банкроттық институтының жетілдірілмеуі банктердің балансында проблемалық берешектің жинақталу себептерінің бірі болып табылады.

Банкроттық рәсімдерінің тиімділігін арттыру қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Тиімсіз банкроттық институты жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейін төмендетуге мүмкіндік бермей, банктердің кредиттік тәуекелдерін арттырады және экономиканы кредиттеуді шектейді.

Банкроттық институтының проблемалары, оның ішінде құқықтық реттеу кемшіліктері және кепілді кредиторлардың мүдделерін қорғаудың бірдей тетіктерінің болмауы, сондай-ақ сот және құқық қолдану практикасының, әкімшілердің қызметінің проблемалары шешілмеген күйінде қалып отыр және қайта қарауды талап етеді.

Борышты қайтарудың төмен көрсеткіштері, дәрменсіздікті шешу рәсімдері құнының жоғары болуы, кепілді кредиторлардың оңалту және банкроттық рәсімдеріне мүдделілігінің болмауы банкроттық институтының тиімділігін азайтады.

Бұдан басқа, банкроттық процеске қатысушылардың (әкімшілер, судьялар, кредиторлар) қаржылық талдау және корпоративтік құқық саласындағы біліктілігінің жеткіліксіздігі дәрменсіз борышкерлердің жауапкершіліктен жалтаруына және активтерді шығарып кетуіне "жол" ашады.

Банкроттық және оңалту, кредиторлардың құқықтарын қорғау рәсімдерінің ашықтығын және тиімділігін арттыру, сондай-ақ банкроттық рәсімге барлық қатысушылардың біліктілігін жақсарту банктердің кредиттік тәуекелдерін төмендетуге және қарыздарды қайтару бойынша барынша тиімді тетіктер жасауға мүмкіндік береді, бұл кепіл мүлкінің экономикалық айналымға қайтарылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Банкроттық және оңалту рәсімдерінде кепілді кредиторлардың абсолютті басымдығын енгізу мүмкіндігі қосымша қаралады. Бұл кепілді кредиторды қорғауға және басқа кезектердің басымдығын пайдалана отырып, қаражатты заңсыз шығаратын жосықсыз борышкерлердің асыра пайдалануын болдырмауға мүмкіндік береді.

2. Банкроттық және оңалту мерзімдерін оңтайландыру

Стрестік активтермен жұмыс берешекті өндіріп алу туралы сот істерін қараудың, кепіл мүлктен өндіріп алудың, сот шешімдерін орындаудың ұзақ мерзімдерімен ұштасқан. Осы іс-шаралардың шеңберінде көрсетілген берешекті қайтару мерзімдері сотқа жүгінген сәттен бастап кепіл мүлкін өткізу және берешекті өтеу сәтіне дейін созылады.

Стандартты өндіріп алу кезінде бұл мерзім 1 жылды құрайды, бірақ іс жүзінде ол 5 және одан да көп жылға созылуы мүмкін. Осыған байланысты банкроттық және оңалту рәсімдеріне бастама жасау және жүргізу мерзімдерін заңнамалық деңгейде оңтайландыру қажет, бұл банктердің және КАБҰ-ның балансында проблемалық берешектің жинақталуын азайтуға мүмкіндік береді.

5-міндет. Жұмыс істемейтін активтер нарығын дамыту

Нарық жағдайларында стрестік активтерді дамыту және оларды экономикалық айналымға қосу банк секторын сауықтырудың негізгі факторларының бірі болып табылады, олар экономиканы орнықты кредиттеу үшін банктердің капиталы мен операциялық ресурстарын босатуға, сондай-ақ болашақта стрестік активтердің жинақталу тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді. Банк секторы бойынша жұмыс істемейтін кредиттердің деңгейі қаржы секторының тұрақтылығы үшін қатер төндірмейді. Сонымен бірге, банктердің және КАБҰ-ның балансында банктердің капиталына жүктеме салатын және экономиканы кредиттеу мүмкіндіктерін шектейтін стрестік активтердің айтарлықтай көлемі бұрынғыдай сақталады.

1. Стрестік активтер нарығында жеке инвесторлар мен басқарушы компаниялардың пайда болуын ынталандыру

Болашақта стрестік активтердің жаңадан өсу ықтималдығын азайту үшін жеке инвесторларды тарта отырып, стрестік активтерді еркін сатудың нарықтық тетіктерін дамыту қажеттілігі туындайды.

2022 жылы стрестік активтерді сатып алатын субъектілерге заңнамалық шектеулерді алып тастау арқылы стрестік активтер нарығына жаңа инвесторлардың қол жеткізуін кеңейтуді, коллекторлық компаниялардың және КАБҰ-ның базасында сервистік компаниялар институтын құруды, сондай-ақ стрестік активтерді экономикалық айналымға енгізуді ынталандыру үшін банктердің және микроқаржы ұйымдарының балансында өндіріп алынған мүліктің болуының шекті мерзімдерін (3 жыл) белгілеуді көздейтін стрестік активтер нарығын дамыту жөнінде заңнамалық түзетулер қабылданды.

Осыны ескере отырып, қарыздарды қайтару тетіктерінің тиімділігін арттыру, кепіл мүлкін экономикалық айналымға тарту жөнінде шаралар қабылданады, сондай-ақ стрестік активтер нарығында жеке инвесторлар мен басқарушылардың пайда болуы үшін институционалдық және заңнамалық ынталандырулар жасалады.

2. Стрестік активтерді сатып алу-сату үшін бірыңғай алаң әзірлеу

Басқа басым міндет - стрестік активтерді іске асыру үшін толыққанды инфрақұрылым құру және стрестік активтерді сатып алу мен сатудың қайталама нарығын қалыптастыру.

Ол үшін Агенттік ЕҚЦБ-тың техникалық қолдауымен ҰБ-пен және Үкіметпен бірлесіп, барлық мүдделі инвесторлар мен стрестік активтерді ұстаушылар үшін стрестік активтерді сатып алу мен сату бойынша ашық қол жеткізуді қамтамасыз ететін бірыңғай платформаны құру жобасын іске асырады.

2022 жылдың соңына дейін операциялық модель және оператор-ұйым айқындалады, ол бұдан кейін электрондық платформаның жұмыс істеуіне техникалық қолдау көрсетуді жүзеге асырады. Сонымен бірге, электрондық платформаны құру үшін қажетті заңнамалық өзгерістер айқындалады.

Стрестік активтерді сатып алу мен сату бойынша бірыңғай платформа нарықтың айқындылығын ұлғайтуға, стрестік активтерді сатып алуға мүдделі инвесторлардың базасын кеңейтуге, сондай-ақ стрестік активтерді сатып алу мен сатудың қайталама нарығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-міндет. Кредиттік тәуекелдерді бағалау рәсімдерін жетілдіру

Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құруға қойылатын талаптар шеңберінде банктер күтілетін шығынды есептеу үшін кредиттік тәуекелдерді бағалаудың өз модельдерін дамытуы қажет.

1. Банктердің кредиттік тәуекелдерін бағалау модельдерін жетілдіру

Қазіргі уақытта қарыз алушылардың кредитке қабілеттілігін бағалау және күтілетін шығынға провизиялар (резервтер) жасау үшін кредиттік тәуекелді бағалау модельдерін қолдану алдыңғы қатарлы тәжірибе болып табылады. Алаяқтық транзакцияларды анықтау, проблемалық берешекті реттеу, инвестициялық шешімдер қабылдау үшін маркетингте модельдеудің озық әдістері де пайдаланылуы мүмкін.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде Агенттік модельдерді тұрақты валидациялау процесін бақылауды енгізетін болады, бұл пайдаланылатын деректердің сапасын жақсартуға ықпал етеді және тәуекел-менеджментті цифрландыруға қатысты қолайлы реттеу ортасын құрады. Қаржы ұйымдары өз кезегінде модельдеудің озық тәсілдерінде сараптаманы ұлғайтады және пайдаланылатын алгоритмдердің күрделілік деңгейін арттырады.

2. 9 ХҚЕС талаптарын нақтылау

Банктердің актілер және шартты міндеттемелер бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыруы күтілетін шығынды ескеруге мүмкіндік беретін 9 ХҚЕС-ке сәйкес жүзеге асырылады.

Агенттік шоғырландырылған негізде провизиялау, активтерді жіктеу және есепке алу рәсімдері бойынша талаптарды белгілеу, құнсыздану триггерлерін кеңейту, негізгі қызметтен және кепілмен қамтамасыз етуден күтілетін ақша ағындарын есептеуге қойылатын талаптарды белгілеу, күтілетін кредиттік шығындарды есептеу параметрлеріне қатысты резервтеу модельдеріне қойылатын талаптарды қалыптастыру бөлігінде 9 ХҚЕС бойынша провизияларды қалыптастыруға қойылатын реттеушілік талаптарды нақтылауды жоспарлайды.

7-міндет. Банк құпиясын қамтамасыз ету

Банк құпиясын қамтамасыз ету банктік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Осы қағидатқа сәйкес банктер қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін, оның ішінде жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өз клиенттерінің салымдары мен шоттары туралы мәліметтер, шоттар мен мәмілелер бойынша банк операциялары туралы құпияны сақтайды.

1. Банк құпиясын құрайтын мәліметтерді қайта қарау

Соңғы жылдары Қазақстанда банк құпиясының режимі айтарлықтай өзгерді, банк құпиясын құрайтын мәліметтерді ашу үшін негіздер кеңейтілді.

Жалпыға бірдей декларациялауды енгізгеннен бастап банк құпиясы салық органдары үшін қолжетімді болады. Декларациялау шеңберінде қазақстандық және шетелдік банктердегі шоттарда ақша қозғалысы зерделенуі мүмкін. Осыған байланысты банк құпиясының конфиденциалдылық режимі болмауы мүмкін.

Қаржы мекемелерінің құпиясы мәселесін шешу жолдарының бірі - банк құпиясын құрайтын мәліметтер ұғымын қайта қарау. Конфиденциалдылықты қамтамасыз ету үшін Агенттік банк құпиясын құрайтын мәліметтерді өзгерту, сондай-ақ оны заңсыз жария еткені және пайдаланғаны үшін жауапкершілікті бір мезгілде күшейте отырып, осы мәліметтерді алушыларды заңнамалық түрде қысқарту мәселесін қарайтын болады.

Сонымен бірге, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы құпияны құрайтын мәліметтерді өзгерту мүмкіндігі қаралады.

5. "Қаржылық мүдделерді қорғау құралы ретінде сақтандыру нарығын дамыту" даму бағыты

Сақтандыру әлеуметтік бағдарланған сала бола отырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға және оның мүліктік мүдделерін қорғауға қосымша мүмкіндіктер береді. Сақтандыру қызметтерін ұсыну мен оның қолжетімділігін арттыру үшін жағдай жасау қажет. Халықтың, сондай-ақ бизнес-ортаның әл-ауқаты деңгейінің өсуіне қарай мүліктік шығындардың ықтимал тәуекелдерін сақтандыруға сұраныс өседі. Сақтандыру ұйымдары өскелең сұранысты қанағаттандыруға бағытталған өнімдердің кең желісін, оның ішінде өмірді сақтандыру мен аннуитеттік сақтандыру бойынша ұсынуға дайын болуы тиіс. Бұл, өз кезегінде, жеке инвестициялар көлемін ұлғайтуға және мемлекетке түсетін әлеуметтік жүктемені біртіндеп азайтуға ықпал етеді. Бұл ретте сақтандыру ұйымдары арқылы институционалдық инвесторларды дамыту маңызды міндет болып табылады.

1-міндет. Сақтандыру қызметтерінің желісін кеңейту

Халықтың жинақ ақшасының және халықты мүліктік қорғаудың деңгейі төмен күйінде қалуда. Сақтандыру қызметтерімен төмен қамту факторларының бірі сақтандыру түрлерінің шектеулі тізбесі болып табылады. Осыған байланысты жаңа өнімдер мен технологияларды енгізу есебінен сақтандыру қызметтерінің желісін кеңейту қажет.

1. Жалпы сақтандыру саласындағы сақтандыру қызметтерінің желісін кеңейту

Сақтандыру нарығын одан әрі дамыту сақтандыру қызметтерінің бәсекелестікке қабілеттілігін және халық және бизнес үшін тартымдылығын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға, сақтанушылардың (пайда алушыларды) құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларды енгізуге, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге бағдарланады.

Жалпы сақтандыру саласында дамудың негізгі бағыттары жүктелген сақтандыруды енгізу арқылы халықтың және кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қорғауға бағытталады. Кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігінің жүктелген сақтандыруын дамыту халықты кәсіби қателерден, кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын сапасыз қызметтерден мүліктік қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Үкімет Агенттікпен бірлесе отырып, осы бағытта өз қызметін рұқсаттар мен лицензиялар негізінде жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерін кәсіби жауапкершілікті сақтандырумен қамту мәселелерін пысықтайтын болады. Агенттік жүктелген сақтандыруды енгізу шарттарын айқындап, Үкімет кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігі сақтандырылатын экономика салалары бойынша қызмет түрлерін пысықтайды.

Сақтандырудың міндетті түрлерін жүктелген түрлерге біртіндеп көшіру жоспарлануда, бұл актуарлық есептеулер негізінде баға белгілеудің икемді жүйесіне көшуге, сақтандыру объектісінің тәуекелділік дәрежесіне және өнімнің нақты шығындылығына байланысты сақтандыру шарттарын қолдануға мүмкіндік береді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру тарифтерін есептеу моделі нарық бойынша сақтандыру түрлерінің ағымдағы шығындылығын талдау негізінде құрылатын болады, бұл тарифтеудің икемді жүйесіне көшуге мүмкіндік береді.

Бірнеше сақтандырушының сақтандыру пулын құру арқылы бір тәуекелді бірлескен сақтандыруы ұлттық сақтандыру нарығының мүмкіндіктерін кеңейту тетіктерінің бірі болып табылады. Сақтандыру ұйымдарының сақтандырудың жүктелген түрлері бойынша ұлттық сақтандыру пулдарын құру үшін әлеуеті бар, бұл сақтандыру мен тарифтеудің бірыңғай шарттарын қолдануға мүмкіндік береді, сақтандырудың ашық және қолжетімді жүйесін ұйымдастыруды, төлемдерді реттеудің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз етеді және қазақстандық сақтандыру нарығының сыйымдылығын арттырады. Пулинг жүйесін дамыту ірі және апаттық тәуекелдерді сақтандыруға мүмкіндік береді және тәуекелдерді, оның ішінде қайта сақтандыру нарығында қайта бөлудің тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

Қазақстанда өңірлердің едәуір бөлігі сел, су тасқыны, құрғақшылық сияқты табиғи сипаттағы тәуекелдерге бейім. Халықты және азаматтардың мүліктік мүдделерін табиғи апаттардан қорғауда сақтандыру тетіктері іс жүзінде іске қосылмаған. Шығындарды өтеу бойынша шығыстардың ауыртпалығы негізінен мемлекеттік бюджетке түседі. Бұл факторлар ұлттық экономикаға да, қарапайым азаматтарға да айтарлықтай шығын келтіреді. Осыған байланысты әлеуетті ірі шығындарды азайту мақсатында мемлекет пен сақтандыру секторы қатысатын апатты оқиғалардан сақтандыруды енгізудің орындылығына талдау жүргізілетін болады.

Ел экономикасына ажырамас қатысушы ретінде АХҚО-ның болуы қазақстандық сақтандырушылардың қайта сақтандыру қызметінің ашықтығын арттырады. АХҚО

аумағында тіркелген шетелдік қайта сақтандырушылар отандық сақтандырушылардың тәуекелдерін қайта сақтандыруы мүмкін.

2. Өмірді жинақтаушы сақтандыруды ынталандыру

Өмірді сақтандыру саласының өнімдері жинақтаушы функцияға ие бола отырып, сақтандыру қорғауының болуы және инвестициялық кіріс алу мүмкіндігі бойынша артықшылықтары бар банк депозиттеріне балама бола алады.

Азаматтардың жинақтау бастамаларын ынталандыру мақсатында Үкімет Агенттікпен бірлесе отырып, өмірді жинақтаушы сақтандыру өнімдерінің желісін кеңейту және оларды таратуға қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

Бұл шаралар өмірді жинақтаушы сақтандырудың тартымдылығын арттыруға және азаматтардың басқа қаржылық көрсетілетін қызметтерді алу кезінде, мысалы, ипотекалық кредит беру кезінде кепілнысаны ретінде жинақтарды пайдалану мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Білім беру жинақтарына сыйлықақы түріндегі мемлекеттік қолдау және өмірді сақтандыру компаниялары ұсынатын күтпеген оқиғалардан сақтандыру азаматтар үшін білім беру жинақ бағдарламасының тартымдылығын арттырады. Агенттік өмірді сақтандырудың жинақтаушы білім беру өнімінің қолжетімділігі мен сенімділігін арттыру үшін реттеушілік және құқықтық базаны жетілдіретін болады.

Зейнетақы аннуитеттерінің тетігі зейнетақы жүйесін жетілдіруге ықпал ететін ең маңызды құралдардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігіне байланысты зейнетақы аннуитеттері адамдардың көпшілігіне қолжетімді емес. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігін есептеу әдістемесін қайта қарау арқылы осы өнімді жетілдіру, бірлескен (ерлі-зайыптылық) аннуитеттерді енгізу зейнетақы аннуитеттерінің халыққа қолжетімді мен тартымды болуына оң әсер етеді.

Жинақтаушы сақтандыруды дамытуда сақтанушылардың инвестициялық басқаруды өмірді сақтандырумен (unit-linked) үйлестіруіне және сақтандырушының пайдасына қатысуына мүмкіндік беретін жаңа сақтандыру өнімдері ерекше орын алуға тиіс. Жеке тұлғалар үшін инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында unit-linked өмірді сақтандырудың ұзақ мерзімді жинақтаушы инвестициялық өнімдерін жандандыру жөнінде шаралар қабылданады.

Сақтандыру саласын дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдау сақтандыру саласының орнықты өсуін және сақтандыру қызметтерінің халықтың ауқымды тобы мен нақты секторға қолжетімді болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2-міндет. Халықтың әл-ауқатын арттыруға және оның мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталған сақтандыру нарығын тиімді дамыту

Бұл міндет бойынша негізгі бастамалар сақтандыру бизнесін цифрландыру арқылы сақтандыру қызметтерінің халыққа қолжетімді болуын арттыруға, сақтандыру

нарығына қатысушылар үшін кәсіби стандарттарды енгізу арқылы ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуға, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруге және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін дамыту арқылы халықтың сақтандыруға деген сенімін нығайтуға бағытталатын болады.

1. Сақтандыру қызметтерін цифрландыруды дамыту

Сақтандыру секторын дамытудың негізгі үрдістеріне сақтандыру қызметтерінің бизнес-процестерін оңтайландыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану арқылы сақтандыру бизнесін цифрландыру жатады.

Қаржылық технологияларды дамыту және сақтандыру нарығында инклюзивтілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың сақтандыруға қолжеткізуін жеңілдету шеңберінде сақтандыру қызметтерін цифрландыру есебінен, оның ішінде клиенттерді биометриялық сәйкестендіруді пайдалана отырып, алу кезінде сақтандыру ұйымдары, мемлекеттік органдар және тұтынушылар арасында электрондық өзара іс-қимылға көшу жалғасады.

Онлайн сақтандыру тетігін одан әрі жетілдіру мақсатында сақтандырудың бірыңғай дерекқоры арқылы сақтандыру төлемдерін онлайн-реттеу енгізілетін болады, бұл сақтандыру төлемін алу процесін жеңілдетуге және жеделдетуге, келтірілген залалды бағалау процесін бірыңғай стандарттарға сәйкес келтіруге, сақтандыру алаяқтығынан қорғау тетігін енгізуге мүмкіндік береді.

Сақтандыру инновацияларын дамыту және сақтандыру нарығында технологияларды енгізу мақсатында сақтандырудың бірыңғай дерекқорын үнемі жаңғыртып отыру қажет. Келешекте қадағалау және реттеу үшін SupTech, RegTech технологияларын тиімді қолдану мақсатында сақтандыру статистикасының, оның ішінде АХҚО қатысушыларының рұқсат етілген сақтандыру түрлері бойынша статистикасының толыққанды дерекқорын құру, ал сақтандыру нарығы үшін InsurTech технологияларын қолдана отырып сақтандырудың инновациялық өнімдерін дамытуға, икемді тариф белгілеуді енгізуге, клиенттердің толыққанды андеррайтингіне, скорингтік модельдерді құруға жағдайлар жасау жоспарлануда.

Бұл реттеуші алдында есеп беруді қысқарту есебінен қаржы секторы мен оның инфрақұрылымына түсетін жүктеменің азаюын қамтамасыз етеді және сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтығын арттырады. АХҚО қатысушыларының тәжірибесін қолдану арқылы сақтандыру қызметтерін тұтынушылар үшін халықаралық стандарттар деңгейіндегі сервисі бар сақтандырудың жаңа өнімдері пайда болады.

Сақтандыру бизнесін жүргізуде және технологияларды жетілдіруде деректердің рөлінің артуын ескере отырып, СБДҚ-ны мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жалғастырады, бұл халықты сақтандыру қызметтерімен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді және ақпараттың сапасын қамтамасыз етеді.

Сақтандыру ұйымдарының қызметін цифрландыру деңгейін арттыру үшін сақтандыру ұйымдарына IT-технологиялар, мобильдік қосымшаларды әзірлеу және

ендіру саласындағы қызметті жүзеге асыратын компанияларды, төлем ұйымдарын және басқа да заңды тұлғаларды сатып алу (құру) құқығын беру мүмкіндігін қарастырған жөн.

2. Сақтандыру нарығына қатысушылар үшін кәсіби стандарттарды қалыптастыру

Реттеушінің нарықтың жұмыс істеуінің қағидалары мен қағидаттарын әзірлеуі мен енгізуі негізінде ғана сақтандыру секторын дамыту, оның тартымдылығы мен қаржылық тұрақтылығын арттыру мүмкін емес. Сақтандыру нарығына қатысушылардың кәсіби стандарттарын және мінез-құлық кодексін жасау негізінде үздік нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мұндай кәсіби стандарттар нарыққа қатысушылардың бәсекелестік позицияларын назарға ала отырып, нарыққа қатысушылардың бастамасымен ұсынылу және консенсустік негізде қабылдануы қажет.

Сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыру, оның ішінде сақтандырушының атынан сақтанушылармен (сақтандырылушылармен) өзара іс-қимыл жасау кезінде дербес қатысушы ретінде әрекет ететін сақтандыру нарығындағы делдалдардың (сақтандыру агенттері мен аджастерлердің) құзыретінің деңгейіне байланысты. Сақтандыру делдалдары қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында реттеумен қамтылмаған сақтандыру нарығының жекелеген қатысушыларының өзін-өзі реттеу институты енгізілетін болады.

3. Сақтандырудың жекелеген түрлері бөлігінде сақтандыру компанияларына КЖ/ТҚҚ талаптарын жеңілдету мүмкіндігін талдау

ФАТФ-ның ұсынымдарына сәйкес сақтандыру нарығындағы операциялар бөлігінде КЖ/ТҚҚ жүйесі мониторингінің нысанасы тек өмірді сақтандыру шарттары, зейнетақы жүйесі шеңберіндегі шарттар, сондай-ақ инвестициялауға байланысты өмірді сақтандырудың өзге де шарттары болып табылады. ФАТФ-ның ұсынымдары "жалпы сақтандыру" саласындағы сақтандыру ұйымдарының қызметін қамтымайды, ал Қазақстанда сақтандырудың міндетті түрлерін қоса алғанда, сақтандырудың барлық түрлері бойынша мәмілелер мониторингтеуге жатады.

КЖ/ТҚҚ туралы қолданыстағы заңнама сақтандыру қызметтерін қашықтан сату арналарын дамытуды айтарлықтай дәрежеде шектейді, төлемдердің елеулі көлемінің клиенттерді тиісті түрде тексеру рәсімін өткізе отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда өтетініне қарамастан, олардың жеңілдігі мен халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз қамтамасыз етпейді.

КЖ/ТҚҚ талаптарын ФАТФ-ның ұсынымдарына сәйкес келтіру мақсатында ҚМА-мен келісе отырып, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша мәмілелер мен операцияларды КЖ/ТҚҚ қолданыстағы ұлттық режимінен шығару мүмкіндігін қарастыру қажет, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ тәуекелдерін ескере отырып, ерікті сақтандыру түрлері бойынша жекелеген талаптар (болмашы сомалар және тәуекелі төмен операциялар бойынша) жеңілдетілді.

4. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының (СТКҚ) жұмыс істеу тиімділігін арттыру

Сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың СТКҚ жұмысы туралы хабардар болуын арттыру тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын дамыту мен құқықтарын қорғауды арттыруда шешуші фактор болып табылады. Сонымен бірге, сақтанушылардың СТКҚ-мен өзара іс-қимылын жақсарту сақтандыру нарығына қатысушылардың шағымдарына тергеп-тексеру жүргізу және жауап дайындау бөлігінде реттеушіге түсетін жүктемені азайтады.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесі 2003 жылдан бастап енгізілді және ол сақтандырудың әлеуметтік және кең таралған түрлері бойынша төлемдерді жүзеге асыруға кепілдік береді. Сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда, СТКҚ сақтанушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Халықтың сақтандыруға деген сенімін сақтау үшін СТКҚ-ның мәртебесін және оның сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қорғаудағы ролін арттыру қажет. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі дамытудың жүйелі тәсілі сақтандырудың кепілдік берілетін сыныптарын кеңейту, кепілдік төлемдерін жүзеге асыру тетігін қайта қарау, сақтандырудың аннуитетті түрлері бойынша төлемдердің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелерін және СТКҚ-дағы корпоративтік басқару талаптарын қамтитын болады.

5. Университеттерде сақтандыру мамандарын және актуарийлерді оқыту бойынша мамандандырылған бағдарламаларды дамыту

Халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру тұрақты және кешенді жұмысты талап етеді. Халықтың қаржылық сауаттылығының элементтерін енгізе отырып, білім беру жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар біліктілігі жоғары кадрларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мектеп және университет бағдарламалары, сондай-ақ сертификаттық бағдарламалар сақтандыру нарығындағы кәсіпқойлар үшін өсу драйвері болып табылады.

Сақтандыру секторында кәсіби және білікті кадрлардың жетіспеушілігі жоғары оқу орындарында сақтандырудағы тәуекел-менеджерлерді, актуарийлерді мамандандырылған оқытуды енгізуді, халықаралық стандарттарды ескере отырып, мамандарды кәсіби сертификаттау бағдарламаларын дамытуды талап етеді.

6. "Экономиканы қаржыландырудың тиімді құралдарының бірі ретінде бағалы қағаздар нарығын дамыту" даму бағыты

Бағалы қағаздардың тиімді жұмыс істейтін нарығы инвесторлардың капиталын компаниялардың бизнесі өсуі үшін оларға тартуды және қайта бөлуді қамтамасыз етеді. Бағалы қағаздар нарығын дамыту халықтың жинақтау мүмкіндіктерін арттыруға, жаңа қаржы құралдарының пайда болуына және олардың қолжетімділігін арттыруға, нарық инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталуға тиіс.

Қор нарығын дамытудың маңызды жосықсыз практикаларға, оның ішінде бағыты реттеу аясына лицензияланбаған делдалдарды енгізу және құқық бұзушылықтардың жолын кесудің практикасы арқылы жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл есебінен сенім ортасын қалыптастыру болып табылады.

1-міндет. Ұлттық қор нарығының экономиканың өсуін қаржыландырудағы және инвестициялар тартудағы рөлін арттыру

Экономикалық өсудің кредит берумен қатар маңызды құрамдас бөлігі тиімді қор нарығы болып табылады. Ұлттық қор нарығының дамуы жеткіліксіз институционалдық және бөлшек сұраныс мәселелерін шешуге бағытталған кешенді іс-шаралар арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

1. Жеке сектор компаниялары үшін қор нарығының құралдары арқылы қаржыландырудың тартымдылығын арттыру

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және мемлекеттік бағдарламалардың тарапынан қаржыландырудың нарықтық емес жағдайларының болуы қор нарығының құралдарымен төреліктің пайда болуына әкеп соқты, бұл олардың эмитенттер мен инвесторлар үшін тартымдылығын төмендетеді.

Қазақстандық компаниялар арасында орташа мерзімді кезеңде бағалы қағаздар нарығы құралдарының тартымдылығын арттыруға эмитенттерге қолдау көрсету құралдарын қолдану ықпал етеді. Осындай құралдардың бірі кәсіпкерлік субъектілері шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша кепілдіктер беру тетігі болып табылады. Бұл бағалы қағаздарға деген институционалдық сұранысқа оң әсер етеді және инвесторға кепілдіксіз тәуекелді болып көрінетін жобаларға арналған жеке капиталды тартады.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсету бағдарламасын іске асыру кезінде қаржылық дамудың түпкілікті мақсаттарына қолдау көрсету және қол жеткізу шараларының тиімділігіне талдау жүргізіледі.

2. Қор нарығында институционалдық сұранысты ынталандыру

Бүгінгі күні БЖЗҚ қор нарығында негізгі институционалдық инвестор болып табылады. БЖЗҚ портфелінде қазақстандық эмитенттердің айналыстағы бағалы қағаздарының елеулі мөлшерін шоғырландыру сауда-саттық көлемдеріне, қаржы құралдарының өтімділігі мен олардың баға белгілеуіне теріс әсер етті.

Бағалы қағаздар нарығының құралдары арқылы экономиканы қаржыландыру көлемдерінің бұдан әрі өсуін қамтамасыз ету мақсатында қор нарығындағы институционалдық сұранысты ынталандыру бойынша шаралар қабылданады. Зейнетақы активтерін жеке басқарудың тартымдылығын арттыру үшін салымшылардың зейнетке шығуына дейін жеке басқаруға тапсырылған зейнетақы жинақтары бойынша тұрақты түрде инвестициялық кіріс алу мүмкіндігін беру мәселесі пысықталады.

Салымшылардың жинақтарды қалыптастыру бойынша мүдделілігін және жауапкершілігін арттыру мақсатында міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын ең төмен жеткілікті шегін қоспағанда, жеке басқаруға аудару құқықтарын ұсыну мәселелері қаралады.

Оған қоса, мемлекет қатысатын басқа қорлардың активтерін жеке басқарушы компаниялардың басқаруына ішінара беру мәселесі қаралады.

Институционалдық ойыншылардың қызмет ауқымдарын кеңейту және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін кезең-кезеңімен инвестициялық банкинг институты құрылады. Инвестициялық банкинг брокерлік қызметтерді, бағалы қағаздарды және өзге де мүлікті сенімді басқаруды, бағалы қағаздармен операциялар жасау үшін клиенттерге кредит беруді, қаржылық консультация беру және мәмілелерді құрылымдау, кастодиандық қызметтер мен басқаларды қоса алғанда, қызметтердің кең ауқымын ұсынуды қамтиды. Бұл клиенттердің бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асырудағы шығасыларын азайтады және жүргізілетін операциялар көлемін ұлғайтады.

3. Қор нарығында бөлшек сұранысты ынталандыру

Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді халқынан бөлшек инвесторлардың үлесінің төмен болуы қор нарығы өтімділігінің өсуін шектейді. Халық жинақтау және инвестициялау объектілері ретінде банктік депозиттерді, қолма-қол шетел валютасы мен жылжымайтын мүлікті таңдайды.

Қазақстандық бөлшек инвесторлардың қор нарығындағы инвестициялық әлеуетін арттыру үшін "Халықтық IPO" форматында квазимемлекеттік сектордағы компаниялардың бағалы қағаздарын орналастыруды жаңарту талап етіледі. Бұл халыққа қолжетімді болатын инвестициялау құралдарын кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыруға жағдай жасайды.

Халық тарапынан инвестициялық мүдделікті арттыру шеңберінде инвесторлардың бағалы қағаздар нарығына цифрлық қолжетімділігін жақсарту және өтімді шетелдік қағаздарды жергілікті нарыққа жіберу арқылы өнім желісін кеңейту шаралары қабылданады. Бөлшек инвесторлар үшін қор нарығына қолжетімділікті жеңілдету мақсатында брокерлердің өз клиенттеріне қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру және қашықтан сәйкестендіру тетіктерін жақсарту арқылы қызметтер көрсету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қор нарығында бөлшек сұранысты ынталандыру мақсатында қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша табыс салығын анықтау кезінде мәмілені жасауға байланысты шығын мен шығысты есепке алу мүмкіндігі қаралады. Қолданыстағы салық заңнамасы азаматтарға қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша шығын мен шығысты есепке алуға мүмкіндік бермейді, осыған байланысты олар (банк

аударымы үшін алынатын комиссияны, брокердің комиссиясын қоса алғанда) келтірілген шығысты және операциялар бойынша келтірілген шығынды есептемегенде, кез келген кірістен салық төлеуге міндетті.

4. Ірі компаниялардың IPO-сын жүргізу арқылы қор нарығындағы ұсыныстарды ынталандыру

Қазақстанның қор нарығында ірі компаниялардың IPO-ның ұзақ уақыт болмауы халықтың жергілікті қор нарығына деген қызығушылығын төмендетеді. Бұл бөлшек инвесторлар қаражатының шетелдік капитал нарығына әкетілуіне ықпал етеді. Өз кезегінде, бөлшек инвесторлардың ауқымды тобын тарту акцияларға қажетті сұранысты қалыптастырады және қор нарығының өтімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан қор нарығын бұдан әрі дамыту және бөлшек инвесторлардың ауқымды тобын тарту үшін, ірі компанияларды IPO арқылы қор нарығына шығаруды жүзеге асыру қажет.

Агенттік мүдделі тараптармен бірлесіп екі биржа - KASE және АХҚО биржасының әлеуетін пайдалануды көздейтін ұлттық компаниялардың болашақ IPO-сын өткізу тәсілдерін пысықтайды. Сонымен қатар, жергілікті инвесторлардың өтінімдерін толығымен қанағаттандыру бойынша міндетті талаптар, андеррайтерлер мен қаржы консультанттарына қойылатын талаптар, оның ішінде резиденттік белгісі мен клиенттердің ауқымды бөлшек базасының болуына қарай талаптар көзделеді. Барынша қамтуды қамтамасыз ету үшін халық арасында "Халықтық IPO" шеңберінде Қазақстанның барлық өңірінде ауқымды роуд-шоу өткізу жоспарлануда.

2-міндет. Бағалы қағаздар нарығын институционалдық және ақпараттық-технологиялық дамыту

Қазақстанның қор нарығына қосымша инвестицияларды тарту үшін қор нарығын институционалдық дамыту және сыртқы нарықтармен депозитарийаралық байланыстарды нығайту маңызды, бұл инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарын дамыту арқылы қамтамасыз етіледі.

1. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарын одан әрі дамыту

Жаһандық капитал нарықтарының экожүйесіне қор нарығының инфрақұрылымын ықпалдастырудың жоғары дәрежесі елге инвестиция тартудың және қор нарығын одан әрі дамытудың негізгі элементі бола алады.

Институционалдық дамытудың маңызды бағыты БҚОД-ны жергілікті есепке алу орталығынан өңірлік есеп айырысу және есепке алу хабына айналдыру болады, ол арқылы жаһандық ойыншылар жергілікті және өңірлік қаржы құралдарына қашықтан қол жеткізе алады. Қор нарығының барлық есеп айырысу-есептік инфрақұрылымын шоғырландыру, ішкі процестерді оңтайландыру, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сервистер ұсынуға мүмкіндік беретін заманауи технологиялық платформа енгізу арқылы БҚОД функционалын кеңейту қажет.

Сонымен қатар шетелдік инвесторлардың Қазақстан нарығындағы еншілес құрылым ұсынған жаһандық кастодиан-банк арқылы жергілікті қор нарығына қол жеткізу тәжірибесі қалыптасты. БҚОД қызметтерін одан әрі дамыту шетелдік инвесторлардың қор нарығына БҚОД инфрақұрылымы арқылы тікелей қол жеткізу жолымен қызығушылықтарын арттырады.

БҚОД өзінің есепке алу жүйесінде тікелей шоттар ашу арқылы шетелдік депозитарийлермен және жаһандық кастодиандармен депозитарийаралық және корреспонденттік қатынастарды қалыптастыру есебінен ең аз шығынмен шетелдік инвесторлардың жергілікті қор және валюта нарықтарына тікелей қол жеткізуі қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстандық инвесторлардың шетелдік бағалы қағаздарға қол жеткізуін жеңілдету және арзандату үшін KASE-те шетелдік акциялармен сауда жасау тұжырымдамасы жетілдірілетін болады.

Нарыққа қатысушылардың мәмілелер бойынша талаптарының орындалуына және есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді қамтамасыз ету үшін қор нарығындағы орталық контрагент институтының қызметін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет. Орталық контрагент институтының KASE-тен бөлек ұйымға бөліну мүмкіндігі қарастырылады, бұл KASE-те жүйелік тәуекелдердің шоғырлануын болдырмауға және бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымының орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Рейтингтік бағаларды тағайындау қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті рейтингтік агенттіктерді құру үшін тиісті жағдайларды енгізу және оларды ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес реттеу мен қадағалаудың оңтайлы режимін айқындау мәселелері қаралатын болады. Сонымен бірге рейтингтік агенттіктердің өздері берген бағалары үшін жауапкершіліктерін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

2. Инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметін заманауи технологиялық шешімдерге сәйкес жаңғырту

Қазіргі уақытта БҚОД банкаралық ақша аудару жүйесімен, банкаралық клирингпен, мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйелермен және KASE сауда-есеп айырысу жүйесімен тығыз ықпалдасқан кең ақпараттық және аппараттық-техникалық кешенді қолдайды.

БҚОД ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық және халықаралық стандарттарын сақтай отырып, ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. SWIFT хабарларын беру және қабылдау арналары үздіксіз жұмыс істейді, халықаралық есеп ұйымдарымен өзара іс-қимыл ретке келтірілген.

Бизнес-процестерді оңтайландыру мақсатында БҚОД жүйелерін мемлекеттік деректер қорларымен, оның ішінде "Жеке тұлғалар" МДҚ-мен, "Заңды тұлғалар"

МДҚ-мен, "Е-Нотариат" МДҚ-мен, "Е-Лицензиялау" МДҚ-мен ықпалдастыру бойынша жоба жүргізілуде.

Белсенді инвесторлар (шоттар), бағалы қағаздармен мәмілелер мен операциялардың санының артуына байланысты қолданыстағы БҚОД есепке алу жүйелерін кеңінен тарату қажеттілігі туындайды. БҚОД-ны технологиялық жетілдіру шеңберінде жаңа технологиялық және цифрлық шешімдерді сатып алу мәселесі пысықталатын болады. Клиенттермен өзара іс-қимыл жасайтын БҚОД технологиялық платформалары клиенттердің ұсынылатын қызметтердің сапасымен қанағаттану дәрежесін бағалау тетіктерімен жабдықталатын болады.

БҚОД қызметтерінің барлық бағыттары бойынша есепке алу және клиенттік жүйелердің заманауи нұсқаларын енгізу, микросервистік архитектураны пайдалану, бизнес-процестерді автоматтандыру, мемлекеттік дерекқорлармен ықпалдастыру, API және клиенттерді қашықтан сәйкестендіру құралдарын пайдалану жоспарлануда.

KASE-нің сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметі жетілдірілетін болады. Қазіргі уақытта KASE күдікті операцияларды анықтау үшін бэк-офис жүйесіндегі түрлі есептер мен ескертулерді пайдаланады. Осы жүйені пайдалануды жалғастырудағы негізгі тәуекел KASE нарықтарында белсенділіктің артуы жағдайында күдікті мәмілелерді тиімсіз анықтау болып табылады. Осыған байланысты KASE қызметін қадағалау және мәмілелер мониторингі үшін жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу жолымен жаңғырту қамтамасыз етіледі.

3-міндет. Қазақстанның халықаралық индекстердегі орындарын жақсарту

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің индекстеріндегі қор нарығының жоғары орындары жаһандық инвесторлардың экономикаға инвестициялар ағынын ынталандыру үшін негіз болып табылады.

1. Қазақстанның халықаралық индекстердегі орындарын көтеру және шетелдік инвестицияларды тарту

2017 жылдан бастап Қазақстанның қор нарығы MSCI және FTSE халықаралық индекс қызметтерімен "Frontier Markets" санатына (шекаралық нарықтар) қосылды. Қазіргі уақытта көрсетілген елдік позицияны "Emerging Markets" (дамушы нарықтар) деңгейіне көтеру бойынша кезең-кезеңімен жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанды "Emerging Markets" санатына қосудың негізгі шарты қажетті жиынтық нарықтық капиталдандыруды қамтамасыз етуге қабілетті квазимемлекеттік және жеке секторлардағы ірі компаниялардың IPO өткізу арқылы қол жеткізуге болатын осы индекстердің сандық параметрлеріне қол жеткізу және қазақстандық бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштері болып қала береді.

Бұдан басқа, "қысқа сату", бағалы қағаздармен кредит беру тетіктерін көздеу талап етіледі.

ТҚҚ нарығын жандандыру үшін "тарату неттингі" ұғымы және бас келісімдер негізінде, оның ішінде ISDA халықаралық стандарттарын ескере отырып, ТҚҚ және

репо-мен мәмілелер жасасу мүмкіндігі заңды түрде енгізілді. Агенттік ҰБ-мен бірлесіп, ТҚҚ нарығын дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыруды жалғастыратын болады.

Шетелдік инвесторлар арасында қазақстандық қор нарығының тартымдылығын арттыру үшін МБҚ кірістілігінің барабар қисығын қалыптастыру және оларды "JPMorgan Government Bond Index - Emerging" халықаралық индексіне енгізу жөніндегі шаралар көзделетін болады. Бұл дамушы нарықтардың облигациялар портфелін индекстік немесе пассивтік басқаруды жүзеге асыратын инвесторлар тарапынан сұранысты және индекске қатысушы елдерге портфелдік инвестициялардың ағынын қамтамасыз етеді.

Орталық контрагенттердің ұлттық реттелуін ESMA реттеуге баламалы деп тануға қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу жөніндегі мәселелерді қосымша пысықтау қажет.

4-міндет. Корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларын енгізу

Инвесторлар тарапынан сенімді қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау және оларды компаниялардың күнделікті қызметіне ықпалдастыру қажет.

1. Қазақстандық компанияларды корпоративтік басқарудың сапасын және ашықтығын арттыру

Халықаралық стандарттар мен қағидаттарға сәйкес қазақстандық компанияларды корпоративтік басқаруының сапасы мен ашықтығын арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Осы мақсатта Агенттік "Атамекен" ҰКП-мен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп корпоративтік басқарудың ұлттық кодексін енгізу бойынша шаралар қабылдауда.

Қазақстанның корпоративтік басқару (елдік) жаңа кодексінің мақсаты қазақстандық компаниялардағы корпоративтік басқаруды жетілдіру және олардың ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстандық эмитенттердің осы Кодексті сақтауы компаниялардың қызметінің қаржылық нәтижелері мен басқару процестері туралы ақпараттың барынша кең қолжетімділігін, акционерлердің, әсіресе миноритарлық акционерлердің құқықтарын тиімді қорғауды және шетелдік инвесторлар тарапынан сенімді қамтамасыз ететін болады.

5-міндет. Қаржы делдалдарының сапасын арттыру және қаржы құралдарын дамыту

Цифрлық технологиялар қаржы делдалдарының клиенттермен өзара іс-қимыл жасауын оңтайландыру үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді, бұл олардың қызметінің тиімділігінің артуына, шығасылардың және реттеушілік жүктеменің азаюына ықпал етуге тиіс. Қаржыландыру көздерін әртараптандыру құралдарын кеңейту және қарыз капиталын икемді басқару мақсатында қаржы құралдарының жаңа түрлерін енгізу қажет.

1. Клиенттерді қашықтан сәйкестендіру жүйесін дамыту

Клиенттерді қашықтан сәйкестендіру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін әсіресе биометриялық деректерді пайдалану бағытында оны бұдан әрі дамытуды жүзеге асыру қажет.

Іскерлік қатынастарды орнату кезінде брокерлердің клиенттерін қашықтан сәйкестендіру тетіктерін жетілдіру жоспарлануда. Бұл бастама сәйкестендіруге кететін еңбек шығындары мен уақытты азайтуға, сондай-ақ клиенттерді қашықтан сәйкестендіру жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Кастодиандық қызметтер нарығын кеңейту

Бүгінгі таңда лицензия негізінде кастодиандық қызметті 9 банк жүзеге асыруда. Клиенттердің негізгі көлемі (80%-дан аса) үш ірі кастодианда шоғырланған.

Бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға ықтимал жүктемені азайту мақсатында клиенттік операцияларды тек қана үлестес емес кастодиан банктер арқылы жүргізу туралы талаптарды қайта қарау ұсынылады. Агенттік халықаралық стандарттарды сақтау және бағалы қағаздардың сақталуының ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттігі қағидатын ұстанады.

Бұдан басқа, кастодиан-банктер өздеріне жүктелген қызметтерді тиімді орындауы және қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысулардың жеделдігін арттыру үшін кастодиандық қызметті жүзеге асыру процесінде қолданылатын IT-инфрақұрылымын және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуді жаңғырту қажет.

3. Жаңа қаржы құралдарын енгізу

Сапалы құралдардың және эмитенттердің жетіспеушілігі қор нарығының бұдан әрі дамуын тежейтін проблемалардың бірі болып табылады.

Бағалы қағаздардың өтімділігін арттыру мақсатында "клирингтік қатысу сертификаттары бар репо" операциялары арқылы ақша нарығының қаржы құралдарының тізбесі кеңейтіледі.

Шетелдік эмитенттердің қаржы құралдарын ұсынуды кеңейту мақсатында қазақстандық нарықта back-to-back мәмілелер тетігін енгізу жоспарлануда. Бұл тетік KASE жүйесінде шетелдік алаңшалардан шетелдік бағалы қағаздар бойынша баға белгілеуді орналастыруды көздейді. Бұл жаңашылдықты жүзеге асыру әртүрлі тәсілдермен көзделеді, олардың ішіндегі ең оңтайлысы KASE және шетел биржалары арасында сауда-саттық байланыстарын (trade links) орнату болып табылады.

Бұдан басқа, бүгінгі таңда пассивті инвестициялардың қорларына көшу үрдісі байқалады, соның нәтижесінде басқарудағы қорлардың әлемдік құрылымында пассивті инвестициялар үлесінің ұлғаюы байқалады. Осыған байланысты, жаңа қаржы құралдарын - ETF деңгейде енгізу мәселелері пысықталады.

6-міндет. Бәсекелестікті және инвесторлардың құқықтарын қорғауды арттыру

Қор нарығы БҚНҚ арасында бәсекелестіктің төмен болуымен сипатталады, бұл ірі қатысушылардың басым болуына және оларда активтер мен клиенттік базаның аса шоғырлануына әкеледі.

Реттеушінің институционалдық және бөлшек инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі іс-қимылы ақпараттық ашықтықты, қаржы өнімін немесе көрсетілетін қызметті неғұрлым саналы таңдауды іске асыру үшін ақпаратты қабылдаудың қолжетімділігін, қаржы делдалдары клиенттерінің бейілділігін арттыру, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз әрекетті ынталандырмау арқылы сенімгерлік ортаны нығайтуға бағытталуы тиіс.

1. Брокерлік ұйымдардағы тәуекелдердің шоғырлануын төмендету

Бүгінгі күнде қазақстандық нарықта көрсетілетін брокерлік қызметтер нарығындағы бәсекелестіктің салыстырмалы түрде төмен деңгейі байқалады, бұл белгілі бір брокерлерде тәуекелдердің шоғырлануының жоғарылауына алып келеді. Бес брокердің үлесіне клиенттердің 95%-ға жуығы тиесілі.

Бәсекелестікті арттыру үшін брокерлер тарапынан жеке мобильді платформалар мен қосымшаларды ілгерілету мүмкіндігін беруді қоса алғанда, цифрлық қаржылық инфрақұрылымды жаңғырту қажет.

2. Инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету

Бөлшек инвесторлар санының және олардың баға белгілеуге ықпалының өсуіне байланысты біліксіз инвесторлардың инвестицияларын қорғау және жоғалту тәуекелдерін азайту шаралары күшейтілетін болады. Ол үшін БҚНҚ-ның бөлшек инвесторлармен жұмыс істеуінің халықаралық стандарттары енгізілетін болады.

Біліксіз инвесторларға қызметтер көрсету үшін ұсынылатын қаржы құралдарының кірістілік, ықтимал шығындар тәуекелі, әрбір клиент үшін инвестициялық шегі тұрғысынан жарамдылығын айқындау мақсатында брокерлердің клиенттің инвестициялық профилін бағалау қажеттілігі туралы талап енгізілетін болады.

Инвесторларды ықтимал тәуекелдерден қорғау үшін реттеу аясына ақпараттық және консультациялық қызмет, оның ішінде FOREX нарығында қызмет көрсететін делдалдар қосылған, сондай-ақ инвестициялық ұсынымдар беру үшін инвестициялық консультанттардың біліктілік талаптары мен жауапкершілігі енгізілген. Бұл қызметтерді Агенттіктің лицензиаттары - брокерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар көрсете алады.

Нарыққа қатысушылардың іс-әрекет модельдерін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде іс-әрекетті реттеу мен қадағалауды дамыту жалғастырылатын болады. Бұдан басқа, қор нарығындағы жосықсыз әрекет белгілері, оның ішінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді бағалармен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танудың өлшемшарттары пысықталады. Бұл бағамен айла-шарғы жасау жағдайлары ретінде

жасалған мәмілелерді ғана емес, сондай-ақ мәмілелерді жасауға берілген өтінімдер мен инвесторлардың іс-әрекеттеріне әсер етуі мүмкін жалған ақпараттың таратылуын қарастыруды талап етеді.

7-міндет. АХҚО-ны дамыту

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын біртіндеп дамыту мақсатында ішкі қор нарығының және АХҚО-ның бұдан әрі ықпалдасуын жалғастыру қажет. Бұл инвестицияларды тарту үшін мүмкіндіктерді және жергілікті инвесторлардың қаржы құралдары мен нарықтарға қолжетімділігін кеңейтеді.

1. АХҚО-мен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі бағыттары

Ұлттық қор нарығы мен АХҚО инфрақұрылымының интеграциясы шоғырландырылған есеп айырысу-клиринг инфрақұрылымын құру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Нарықтың тереңдігін арттыру мен қор нарығының өтімділігін шоғырландыру үшін екі биржада (KASE және AIX) Қытай, АҚШ және Еуроодақ қор биржаларының тәжірибесі бойынша өтімділіктің бірыңғай пулы құрылады. Нарыққа қатысушыларға өтінімдердің "бірыңғай терезесі" арқылы сауда жасау және биржа алаңдарының бірінде бағалы қағаздармен операциялар жасау мүмкіндігі беріледі. Эмитенттер мен инвесторларға Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе АХҚО құқығына сәйкес бағалы қағаздарды орналастыру және айналымға енгізу қолжетімді болады.

Елдің қаржы нарығын дамыту шеңберінде АХҚО қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденттеріне көрсете алатын қаржылық және кәсіби қызметтердің тізімін кеңейту, сондай-ақ АХҚО қатысушыларына ұлттық инфрақұрылымға қолжетімділік беру мүмкіндігі қаралатын болады.

АХҚО-ны ортақ қаржы нарығына интеграциялау мақсатында реттеушілік стандарттар үйлестірілетін, қаржы нарығын реттеудің реттілігі мен жаңа реттеушілік бастамаларды үйлестіру қамтамасыз етілетін болады.

Өзінің құрылымына байланысты рейтингтік агенттіктердің нарығы жеткілікті бәсекеге қабілетті емес. Осыған байланысты, "үлкен үштіктен" (Standard&Poors, Moody's Investors Service, Fitch) әртараптандыру және қарыз алу құнын төмендету мақсатында АХҚО-да жергілікті рейтингтік агенттіктерді құру ұсынылады.

Бұдан басқа, Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығының (ISDA) өзара есептері бойынша АХҚО режимін тану жөніндегі шаралар іске асырылатын болады, сондай-ақ қаржылық технологиялар, жаңа құралдар мен қызметтер саласындағы инновациялық идеяларды сынақтан өткізу үшін АХҚО-ның реттеуші орта ретіндегі әлеуеті жандандырылады.

7. "Банктік емес секторды және микроқаржыландыруды дамыту" даму бағыты

Микроқаржыландыру нарығының халық пен бизнестің қарыз қаражатына қажеттілігін қамтамасыз етудегі рөлінің артуы байқалады. Қаржылық көрсетілетін қызметтердің, әсіресе микрокредит алу бизнесті бастау мен кеңейту үшін алғашқы

қадам болып табылатын шағын және микробизнес субъектілері үшін қолжетімділігін арттыру мақсатында микроқаржыландыру жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің маңызы зор.

1-міндет. Микроқаржыландыру қызметтерінің аясын кеңейту

Микроқаржыландыру секторындағы тәуекелдерді төмендету, оның ашықтығын арттыру мен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін 2020 жылдан бастап Агенттіктің реттеу периметріне онлайн-кредит беру компаниялары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар енгізілді. 2021 жылдан бастап микроқаржылық қызметті лицензиялау енгізілді.

Осылайша, бүгінгі күні экономиканы қарыз қаражатымен қамтамасыз етуде микрокредит беру нарығы субъектілерінің әлеуетін одан әрі кеңейту үшін құқықтық негіз жасалды.

1. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін микроқаржыландыру нарығының рөлін күшейту

Микроқаржыландыру нарығы субъектілерінің әлеуетін кеңейту қажеттілігі түрлі себептерге байланысты (аумақтық қашықтығы, есептіліктің болмауы, шағын айналымдар, кепілдің болмауы) банк қызметтері әрдайым қолжетімді бола бермейтін микробизнес тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың артуына негізделген. Мұндай жағдайларда микроқаржы секторы дамыған филиалдық желінің, жергілікті жерлерде бизнес жүргізу ерекшелігін білудің арқасында қаржы ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуде және кәсіпкерлік белсенділікті, жұмыспен қамтылған халықтың өсуін және АӨК-ті дамытуды ынталандыруда маңызды рөл атқарады.

Өңірлік әсіресе ауылдық жердегі кәсіпкерлердің қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында кредиттік серіктестіктер институтын дамытуды ынталандыру, сондай-ақ бизнесті дамытудың бағдарламаларына микроқаржы ұйымдары жүйесінің қатысуын кеңейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2. Ұсынылатын қаржылық қызметтердің тізбесін кеңейту

Онлайн-қызмет көрсетуді дамыту үшін жаңа технологиялық шешімдердің, интернет желісі мен мобильдік қосымшалардың көмегімен қызметтер ұсыну тәсілдері жетілдірілетін болады. Алаяқтық фактілерін болдырмау және үшінші тұлғаларға микрокредиттер ресімдеу үшін клиенттерді қашықтан идентификаттауға қойылатын талаптар күшейтілетін болады.

Төлемдер және төлем жүйелері туралы қолданыстағы заңнама МҚҰ-ға төлем агенттері ретінде әрекет ету мүмкіндігін көздейді. Микроқаржы нарығының субъектілерін банктік шот ашпай төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша қызметтер, электрондық ақшаны және төлем карточкаларын өткізу (тарату) бойынша қызметтер көрсетуге ынталандыру жөніндегі мәселе пысықталатын болады.

2-міндет. Орнықты қорландыруды қамтамасыз ету

Микроқаржыландыру нарығының дамуын тежейтін факторлардың бірі қорландыру көздерінің шектеулілігі болып табылады. Қаржыландыру негізінен құрылтайшылардың (қатысушылардың) шектеулі тобының инвестициялары, нарық субъектілерінің меншікті капиталы, сондай-ақ қымбат бағалы банктік қарыздарды тарту есебінен жүзеге асырылады. Ірі микроқаржы ұйымдары бағалы қағаздар нарығында қорландыруды тартады.

1. Микроқаржыландыру секторында апекс ұйымын құру

Микроқаржыландыру нарығында тұрақты және тәуекелі аз қорландыруды қамтамасыз ету мақсатында қызметі көтерме қаржыландыруды тартуға бағытталатын апекс ұйымдар институтын құру мәселесі пысықталатын болады. Бұл микроқаржы секторының субъектілеріне борыштық бағалы қағаздарды орналастыру арқылы халықаралық қаржы ұйымдарының, банктердің, сақтандыру ұйымдарының және басқа да институционалдық инвесторлардың қаражатын тартуға мүмкіндік береді.

2. Микроқаржы ұйымын екінші деңгейдегі банкке айналдыру тетігін әзірлеу

Өңірлерде шағын және микробизнес субъектілері үшін банк қызметтерінің қолжетімділігін арттыру үшін заңнамалық деңгейде ірі МҚҰ-ны банктерге айналдырудың оңайлатылған тетігі енгізілді. Бұл тетік МҚҰ-ның банктік лицензия алған сәтке дейін бұрын берілген микрокредиттер бойынша қарыз алушыларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтатпай, микроқаржыландыру тәжірибесі сабақтастығын сақтай отырып, өз қызметін банктік қызметке айналдыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ауылдық өңірлерде кең филиалдық желісі мен жолға қойылған клиенттік базасы бар ірі МҚҰ-ны банкке айналдыру мүмкіндігі ШОБ субъектілеріне кредит беру нарығында бәсекелестіктің өсуіне ықпал ететін болады, сондай-ақ өңірлердегі клиенттердің қаржылық қызметтерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

3-міндет. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру

Жекелеген қатысушылардың заңнама талаптарын, кредит беру жауаптылығы қағидаттарын сақтамауы мен олардың қызметінің ашық еместігі микроқаржы секторының негізгі проблемалары болып табылады.

Жылжымалы мүлік кепілімен халыққа қысқа мерзімді қарыз беретін ломбардтардың саны артты. Ауылдық өңірлерде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мен ауыл шаруашылығын дамытуда маңызды рөл атқаратын кредиттік серіктестіктердің қызметі белсенді түрде дамыды. Бұл ретте микроқаржыландыру субъектілеріне қойылатын реттеуші талаптар олардың қызметінің ерекшелігін ескермейді әрі рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі шектелген.

Аталған проблемаларды шешу үшін микроқаржыландыру нарығының транспаренттілігін арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және микроқаржы секторын реттеу мен дамытудың оңтайлы моделін әзірлеуге бағытталған бірқатар бастамаларды іске асыру ұсынылады.

1. Орнықтылық пен ашықтықты арттыруға бағытталған реттеушілік шараларды іске асыру

Микроқаржы нарығы субъектілері қызметінің орнықтылығы мен ашықтығын одан әрі арттыру үшін Агенттік олардың қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Тәуекелдің әртүрлі бейініне байланысты кредиттік серіктестіктердің, ломбардтар мен микроқаржы ұйымдарының, оның ішінде онлайн-кредиттеу компанияларының қызметін заңнамалық деңгейде шектеу жоспарлануда. Микроқаржыландыру нарығы субъектілерінің реттеуші жүктемесін, оның ішінде жүзеге асырылатын қызметке байланысты пруденциялық нормативтерді саралау есебінен оңтайландыру мүмкіндігі қарастырылады.

Теріс кредиттік тарихы мен қарыз алушының кредиттік жүктемесі деңгейін есепке алмай қарыз бергені үшін нарық субъектілерінің жауапкершілігін күшейтуге, сондай-ақ қарыз алушының анық емес ақпарат бергені үшін жауапкершілігін күшейтуге бағытталған микроқаржыландыру нарығында кредит беру жауаптылығы қағидаттары енгізілетін болады.

Бизнесті жүргізу стандарттарын және микроқаржы нарығы субъектілерінің тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарды (кредиттік тәуекелдерді басқару, мерзімі өткен берешектермен жұмыс істеу және проблемалы қарыз алушыларды оңалту, операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі стандарттар) енгізу жоспарлануда.

Нарыққа қатысушыларға өз қызметін нормативтер мен талаптарға сәйкес келтіруге жеткілікті уақыт беру мақсатында барлық жоспарланған реттеушілік өзгерістер кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

2. Есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандарын жетілдіру

Микроқаржыландыру нарығының субъектілерін бақылау және қадағалау тиімділігін арттыру шеңберінде жаңа реттеуші есептілікті енгізу жоспарлануда. Атап айтқанда, кредиттік портфельдің құрылымы, сыйақы мөлшерлемелері, мерзімі өткен берешек, қорландыру құны мен құрылымы, пруденциялық нормативтер мен клиенттік база бойынша мәліметтер нысандары айқындалатын болады. Бұдан басқа, субъектінің түрі бойынша емес, микрокредиттің нысаналы мақсаты бойынша жіктелетін тұтынушылық және кәсіпкерлік микрокредиттерге бөле отырып, жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер құрылымына ұстаным қайта қаралатын болады.

Жүзеге асырылатын қызметтің (микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестер, ломбардтар) ерекшелігіне қарай ұсынылатын есептілікке сараландыру талаптары енгізіледі.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

1. Нысаналы индикаторлар

Қаржы секторының даму пайымын іске асырудағы прогресті мониторингтеу үшін және Қазақстан Республикасының белсенді экономикалық дамуына, сондай-ақ халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал ету үшін қаржы секторының ТНК-сы мен олардың нысаналы мәндерінің тізбесі әзірленді.

Осы көрсеткіштердің нысаналы мәндеріне қол жеткізу тұтастай алғанда барлық сектордың (кросс-функционалдық ТНК) және қаржы секторының негізгі сегменттері бойынша негізгі стратегиялық мақсаттарының нақты іске асырылуын индикативті көрсетеді (банк сегментінің ГЖ-сы сыртқы тәуелсіз бағалау және көрсетілетін банк қызметтері нарығының ішкі даму индикаторларын, сақтандыру және банктік емес сегменттің, микроқаржыландыру сегменті мен бағалы қағаздар нарығының ТНК-сы осы сегменттердің тұрақтылығы мен даму индикаторларын қамтиды).

№	Метрикалар	Сипаттама	Ағымдағы мәндер	Нысаналы мәндер	
			2021	2025	2030
1	Қаржы нарығының ЖІӨ-ге қатысты активтері, %	Қаржы нарығының экономикадағы салыстырмалы мөлшері мен рөлін көрсетеді	52,8%	59%	70%
2	Қаржы өнімдері мен сервистері үшін Open API пайдаланатын екінші деңгейдегі банктердің үлесі, %	Банктердің қаржы технологияларының дамуына және платформалық шешімдер мен экожүйелерді іске асыруға өтуге дайындығын көрсетеді	27%	100%	100%
3	Қаржылық сауаттылық индексі, %	Халықтың қаржылық сауаттылығының деңгейін көрсетеді	39,5%	41,5%	45%
Банк секторы					
4.1.	2021 жылғы несие портфелінің көрсеткішіне қарағанда несие портфелінің өсімі, %	Көрсеткіш 2021 жылғы несие портфелінің мөлшеріне	0%	39%	80%
4.2.	ЖІӨ-ге қатысты несие портфелі		24,1%	33,4%	43,3%

4.3.	2021 жылғы деңгейден заңды тұлғалар кредиттерінің өсімі, %	қатысты өзгерісті көрсетеді	0%	23%	55,5%
Сақтандыру секторы					
5	Сақтандыру ұйымдары активтерінің ЖІӨ-ге үлесі	Е л экономикасында ғы сақтандыру секторының мөлшерін көрсетеді	2,2%	3%	5%
Бағалы қағаздар нарығы					
6	Бағалы қағаздар нарығын капиталдандырудың 2021 жылғы бағалы қағаздар нарығын капиталдандырудың көрсеткішіне өсімі, %	2021 жылғы бағалы қағаздар нарығын капиталдандыруға қатысты өзгерісті көрсетеді		0%	10%
Банктік емес сектор және микроқаржыландыру компаниялары секторы					
7	Н е с и е портфелінің 2021 жылғы МҚҰ несиелік портфелінің көрсеткішіне өсімі, %	2021 жылғы несиелік портфелінің мөлшеріне қатысты өзгерісті көрсетеді		0%	62,9%

**Бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру бойынша нысаналы бағдарларға Бағалы қағаздар нарығын дамыту жөніндегі тұжырымдамада көзделген іс-шаралар толық іске асырылған жағдайда, сондай-ақ мынадай факторлар:*

- Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде көбіне қор нарығында бөлшек инвесторлардың кең ауқымының қатысуымен ұлттық компаниялардың IPO-сын өткізу;

- инфляция деңгейін берілген дәлізде сақтау;

- теңге бағамының шетел валюталарына салыстырмалы тұрақтылығы;

- халықтың нақты кірістерінің оң динамикасы бір мезгілде іске асырылған кезде қол жеткізіледі.

2. Күтілетін нәтижелер

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының стратегиялық бастамаларын іске асыру қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер күту көзделеді:

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингіндегі позициясы 60-орыннан төмен емес;

2021 жылғы ЖІӨ-ге қарағанда банк секторының несиелік портфелінің өсуі - 40,4%-ға дейін;

екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың несиелік портфелінің жоғары сапасы: жиынтық несиелік портфелінің 5%-нан аспайтын мерзімі өткен кредиттер мен микроқарыздар (HPL);

халықтың әл-ауқатын арттырудағы және оның мүлдіктік мүдделерін қорғаудағы сақтандыру секторының белсенді рөлі: ЖІӨ-нің кемінде 4%-ын құрайтын сақтандыру ұйымдарының сыйлықақылары, жинақтау сақтандыруды қоспағанда, сыйлықақыларға жалпы төлемдер - 60%-дан кем емес;

бағалы қағаздар нарығында халықтың белсенділігінің өсуі: брокерлік шоты бар (БҚОД номиналды ұстау жүйесінде) азаматтар жұмыспен қамтылған халық санының кемінде 8%-ын құрайды.

Қаржы секторын дамытудың
2030 жылға дейінгі
тұжырымдамасына
ҚОСЫМША

Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

№	Реформалардың/ негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Аяқтау мерзімі	Ж а у а п т ы орындаушылар
1	2	3	4	5
1. "Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы секторына деген сенімді қолдау" даму бағыты				
